- кәсіби желілік қоғамдастықтарды құру арқылы мұғалімдер мен басқа да педагог қызметкерлерді кәсіби тұрғыдан дамытуды қолдау;
- мектеп қызметіне ата-аналар жұртшылығын, үкіметтік емес ұйымдарды, жергілікті атқарушы органдар мен басқа да мүдделі тараптарды тарту;
- мұғалімдердің сыныпты басқару құзыреттілігін жетілдіру арқылы барлық пәндердің берілу сапасын арттыру мен мемлекеттік стандарттың орындалуын қамтамасыз ету.
- өзін-өзі дамытуға негізделген мұғалімнің рефлексивтік қызметін ұйымдастыру;
- педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасау.
- оқу-тәрбие үдерісіне өзгерістер енгізу арқылы білім сапасын арттыруға жағдай жасау.
- сындарлы оқыту арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту;
- оқушылардың өзін-өзі басқару жұмыстарын жетілдіру;
- деңгейлік курс бітірген мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмысын жандандырып, озат тәжірибелерді ақпараттандыру, насихаттау;
- «Дарын» оқушылардың шығармашылық тобының жұмысын жетілдіру;

Күтілетін нәтиже:

Заманауи білім ресурстары мен технологияларды қолдану арқылы оқу мен оқыту сапасы жақсарып, оқушылардың функционалды сауаттылығы арттырылады, мектептегі озық тәжірибелер жинақталып таратылады.

Жұмыс оқу жоспары мен осы жоспар негізінде жасалған сабақ кестелерінің негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі аталған құжаттарды зерделеу арқылы анықталды.

Оқу жоспары.

<https://drive.google.com/drive/folders/1VD1iCfOlfzhEWDDWt-Vde7O8Zoagvhl?usp=sharing>

Мектеп- интернатының жұмыс оқу жоспары, «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығы басшысымен және Ұлытау облысы білім басқармасымен келісілді. Оқу жоспары 5-9-сыныптардан құралған негізгі және 10-11-сыныптардан құралған жоғарғы сатыны қамтиды. Оқу жоспарының құрылымы инварианттық компоненттен және мамандандырылған білім беру ұйымдарына саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту үшін берілген вариативтік компоненттен тұрады.

Бағаланатын кезеңде мектеп-интернатында оқу үрдісін ұйымдастыру 5-11 сыныптарда келесі нормативтік құжаттардың негізінде жүргізілді:

- * «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- * «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
- * Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;
- * Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;
- * «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен 05.03.2024жыл №54 бұйрығы;
- * «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы», ҚР Оқу ағарту министрінің 22.05.2020ж. №216 бұйрығы;
- * «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы.

2024-2025, 2023-2024 оқу жылдарында әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары бойынша:

Мектеп- интернатының жұмыс оқу жоспары, «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығы басшысымен және Ұлытау облысы білім басқармасымен келісіліп бекітілді.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының «Абай мектептері» желісіне арналған №95, №96 қосымшалары негізінде 5-11 сыныптарында Жұмыс оқу жоспары әзірленді.

Жұмыс оқу жоспарының құрылымында мектептегі білім берудің негізгі өзегін көрсететін инвариантты оқу бөлімі және оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес жеке тұлғаны дамытуға бағытталған вариативтік компоненттегі таңдау бойынша пәндер, элективті курстар, жаһандық құзыреттілік курсын, жеке және топтық курстарды мектеп бағдарламасының бөлігі ретінде пайдалануға баса назар аударылды.

2024-2025, 2023-2024 оқу жылдарында Жарғыға сәйкес «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ 5-11 сыныптарда қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқыту жұмысын қамтамасыз етеді. Жұмыс оқу жоспарында оқушылардың сұранысына қарай 10-11 сыныптарда инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент есебінен келесі пәндер оқытуға енгізілді:

- 10-сыныптарда: геометрия – 1 сағат, информатика – 1 сағат;
- 11-сыныптарда: геометрия – 1 сағат, информатика – 1 сағат.

2022-2023 оқу жылдарында әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспары бойынша: мектеп- интернатының жұмыс оқу жоспары, «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығы басшысымен және Ұлытау облысы білім басқармасымен келісіліп бекітілді.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрығының негізгі орта білім беру бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мамандандырылған «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» оқу пәндерін тереңдете оқытатын қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша № 95, №96 қосымшалар негізінде 5-10 сыныптарға және 11-сыныпта мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған №68-қосымшаға негізінде әзірленді. Оқу жоспарын құруда мектептегі білім берудің негізгі өзегін көрсететін инвариантты оқу бөлімі және оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес жеке тұлғаны дамытуға бағытталған вариативтік компоненттегі таңдау бойынша пәндер,элективті курстар, жаһандық құзыреттілік курсын, жеке және топтық курстарды мектеп бағдарламасының бөлігі ретінде пайдалануға база назар аударылды.

Жарғыға сәйкес «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ 5-10 сыныптарда қоғамдық-гуманитарлық бағытта және 11-сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытта оқыту жұмысын қамтамасыз етті. Жұмыс оқу жоспарында оқушылардың сұранысына қарай 10-11 сыныптарда инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент есебінен келесі пәндер оқытуға енгізілді:

- 10-сыныптарда: биология – 1 сағат, информатика – 1 сағат;
- 11-сыныптарда: қазақ тілі – 1 сағат, химия – 1 сағат, биология – 1 сағат, география – 1 сағат.

Оқушылардың апталық жүктемесінің максималды көлемі білім беру объектісінің санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары базалық пәндер бойынша орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын орындайды, мектеп жұмысының басым бағыттары пәндері бойынша білім беру стандарттарының мазмұнын кеңейтеді және толықтырады, функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылар мен негізгі және пәндік құзыреттіліктерге қол жеткізуді, оқушылардың өзін-өзі анықтауын қамтиды.

Оқу жүктемесінің нормалары санитариялық-гигиеналық талаптардан аспайды және "Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар" қағидаларына сәйкес келеді.

Білім беру бағдарламаларының орындалуын бақылауды мектеп әкімшілігі МІБ арқылы тоқсан сайын жүзеге асырады. Тексеру нәтижелері бағдарламалық материалдың барлық пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспарлау бойынша жүргізілгенін көрсетті. Оқу жоспарларының орындалуы тиісті даярлығы мен біліктілігі бар педагог кадрлардың қажетті санымен, бағдарламалық әдістемелік материалдардың және оқу әдебиетінің қажетті санымен қамтамасыз етіледі. Оқу жоспарын жүзеге асыру кезінде мереке күндеріне түсетін сабақтар есепке алынды, қайталауға бөлінген сағаттар арқылы оқу бағдарламасының мазмұнын кіріктіру ескеріліп, келесі күндерге ауыстырылды. Мұғалімдердің оқу бағдарламасының теориялық және практикалық бөліктерін орындауы электронды журналда жинақталады. Оқу бағдарламаларының орындалуын талдау оқу сағаттарының жоспарланған және нақты көлемі туралы толық және объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Осылайша, негізгі және жапы орта білім берудің жұмыс оқу жоспарының білім беру бағдарламаларын іске асыру толық көлемде жүзеге асырылады. Инварианттық компоненттің жалпы білім беретін пәндердің

базалық мазмұнын меңгеру жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Сабақ кестесі

Мектептің жұмыс тәртібі 5-күндік жұмыс аптасы (2022-2023 оқу жылы, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары 5-күндік).

Оқу 1 ауысымда өткізіледі.

Сабақ кестесін жасауда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" қағидасында көрсетілген «Оқыту және өндірістік практика жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (5-тарау) басшылыққа алынады. Осы қағидаға сай сабақтың ұзақтығы 45 минут. Сабақ кестесін жасаған кезде бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушының ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескеріледі және осы санитариялық қағидада берілген 4-қосымшаға сәйкес қиындығы бойынша пәндерді саралау кестесі пайдаланылады. Сабақ кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілісті көздейді.

Сабақ кестелері 2022-2023 оқу жылында «Bilimal» электронды журналына орналастырылды, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында «BilimClass» электронды журналына енгізілді.

<https://drive.google.com/drive/folders/1p8Aso-HCVIVhtyqmIyJWscJpN8h7V1Xx?usp=sharing>

2024-2025 оқу жылы бойынша:

Сабақ кестесі мектеп- интернаты директоры Д.О. Капаровамен бекітіліп, ата-аналар комитетінің төрағасы С.Тембаевпен келісілген. Кестеге сәйкес негізгі оқу пәндерін оқыту 8.00-де басталады. Негізгі оқу пәндерін түске дейінгі уақытта қамту мақсатымен сабақтар арасындағы үзіліс 5 минуттан, 2 және 4 сабақтан кейін жеңіл ас үшін 15 минуттық үзіліс және 6-сабақтан кейін түскі ас үшін 25 минуттық үзіліс қарастырылған. Негізгі оқу пәндерінің басым бөлігі 6 сабақ көлемінде өткізіледі, түстен кейін қиындығы бойынша саралау кестесінде қарастырылған пәндер (жеңіліне қарай), сонымен бірге вариативтік компонентте берілген оқу сабақтары қойылған. Вариативті бөліктегі оқу пәндеріне бөлек сабақ кестесі жасалынған.

2023-2024 оқу жылы бойынша:

2023-2024 оқу жылының сабақ кестесі мектеп – интернаты директоры А.Бажибаевамен бекітілген, ата-аналар комитетінің төрағасы С.Тембаевпен келісілген. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетілген, оқу сабақтары 5 күнге жоспарланған. Сабақтардың ұзақтығы 45 минут, әр сабақ арасындағы үзілістер 5 минут, екінші және төртінші сабақтан кейінгі үзіліс 15 минуттан тұрады. Түскі үзіліс уақыты 25 минут, оқушыларға осы мезгілде түскі ас беріледі. Негізгі сабақ кестесі оқу жоспарының инвариантты бөлігіндегі оқу пәндерінің апталық сағатын қамтиды. Сабақтар 08.00-де басталады. Вариативті бөліктегі оқу пәндеріне бөлек сабақ кестесі жасалған. Мереке күндеріне келген сабақтар (Б № 93, 31.08.2022ж.) оқу мақсаттарына қарай біріктірілді.

2022-2023 оқу жылы бойынша:

2022-2023 оқу жылының сабақ кестесі мектеп – интернаты директоры А.Бажибаевамен бекітілген, ата-аналар комитетінің төрағасы Г.Перикеновамен келісілген. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетілген, оқу сабақтары 5 күнге жоспарланған. Сабақтардың ұзақтығы 45 минут, әр сабақ арасындағы үзілістер 5 минут, екінші және төртінші сабақтан кейінгі үзіліс 15 минуттан тұрады. Түскі үзіліс уақыты 25 минут, оқушыларға осы мезгілде түскі ас беріледі. Негізгі сабақ кестесі оқу жоспарының инвариантты бөлігіндегі оқу пәндерінің апталық сағатын қамтиды. Сабақтар 08.00-де басталады. Вариативті бөліктегі оқу пәндеріне бөлек сабақ кестесі жасалған.

https://drive.google.com/drive/folders/1DMd0aX37QZu3To3W_tQI2RfqCXjXAf97?usp=sharing

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

<https://drive.google.com/drive/folders/1TYKFHSPoKhDFgQ9E-WaxBrDSv-skvFoV?usp=sharing>

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламасындағы инвариантты компоненттегі оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру мәліметін айқындау үшін bilimal.kz, bilimclass.kz жүйесінен жүктеліп, оқу пәндерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары және сынып журналдары зерделенді.

Барлық инварианттық пәндер бойынша оқу бағдарламалары игерілген. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылған. Білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті бастауыш білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі негізіндегі оқу бағдарламаларының көлемі әр пән бойынша bilimal.kz, bilimclass.kz электронды журналдарында қамтылған. Негізгі орта білім берудің әр білім беру саласы бойынша базалық мазмұны білім алушылардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз ететін, жеке тұлға ретінде өзін-өзі танытуына және кәсіптік бағдарлануына, сондай-ақ білім алушылардың бейіналды даярлығына бағытталған оқу бағдарламаларын қамтыған. Жалпы орта білім берудің базалық мазмұны қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттарында бейінді оқытудың міндетті оқу пәндерімен бейіндік оқу пәндері бойынша анықталған.

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге арналған тәрбие жұмысы жоспарларының көшірмелері қоса беріледі)

Тәрбие жұмысын талдау 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылына

Бүгінгі таңда мектебімізде оқушының алаңсыз білім алуы үшін дене тәрбиесімен айналысуына, салауатты өмір салтын ұстануына бағытталған іс-шаралар жоспары құрылған. Сынып жетекшілердің әр оқушыны зерттеп, ата-анамен, қоғамдық ұйымдармен жұмыс істеу сапасын жақсарту жұмыстары алға қойылды. Оқу жылының басында Тәрбие жұмысы әртүрлі мазмұнды, түрлі формада ұйымдастырылып, оқушы бойына ұлттық салтымызды дарыта отырып, жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы жүзеге асуда. Әрбір жеке тұлғаға кешенді тәрбие беру үшін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Мектеп психологімен бірлесе отырып, әрбір сынып жетекшіге өз сыныбындағы оқушылардың педагогикалық – психологиялық даму жұмысын жасауға ұсыныс парақтарын берген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ереже» басшылыққа алына отырып, барлық сынып жетекшілердің ережесі таныстырылып, сынып жетекшілер тағайындалады.

Сынып жетекшілері жыл басында бекітілген тәрбие жоспарымен жұмыс жүргізді. Жыл басында сынып жетекшілеріне лауазымдық нұсқаулық таныстырылады. Сынып жетекшілерінің күнделікті, апталық, айлық, тоқсандық жұмыс циклограммасымен жұмыс жүргізді.

Сынып жетекшілер құрамы:

Оқу жылы	Сынып жетекшілер құрамы		
	5-7 сыныптар	8-11 сыныптар	Жалпы саны
2022-2023	12	14	26
2023-2024	11	16	27
2024-2025	10	16	26

Үйірме жұмысы


https://drive.google.com/drive/folders/1tCWRDX1ASPswLZqkKe_JpM8J8NV-SN-I?usp=sharing

Сонымен қатар ҚРБҒМ 2015 жылғы 18маусымдағы №393 үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы ережеге сай үйірме жетекшілері, клуб жетекшілері тағайындалып келеді. Балаларға қосымша білім беру жүйесі салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл, дарынды балаларды анықтау, оларға қолдау көрсету және қабілеттіліктерін дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағытталған.

Мектеп оқушыларының 2022-2025 оқу жылында үйірмемен қамтылу көрсеткіші төмендегідей: Үйірме жұмысы мектептің оқу жоспарына сәйкес және мектептен тыс үйірмелерге сонымен қатар қосымша білім беру ұйымы жанынан жүзеге асуда, мектепте тоғыз құмалақ, Шахмат, «Hi-tech» шеберлер үйірмесі, English for communication, «Ділмар» дебат клубы, Cooking club, «Әсем әуен» ән-хор үйірмесі, домбыра дастан, қазақша күрес, «Green Lab», волейбол, футбол, «Математика әлемі», «Далалық оқу жиынтығы», робототехника «Robotiks fyl programming», «Мәдени мұра және тарих» үйірмелері өткізілуде. Осы үйірмелер арқылы, оқушыларды өнерге баулып, эстетикалық талғамын дамытып, қабілеттерін арттырып, іскерлік дағдыларын қалыптастыру жолында жұмыс жүргізіп жатыр.

№	Оқу жылдар	үйірмелер саны	Мектепішілік үйірмеге оқушылардың қатысу саны	Мектептен тыс үйірмелерге оқушылардың қатысу саны
1	2022-2023	13	75%	15%
2	2023-2024	15	77%	17%
3	2024-2025	16	79%	20%

Мектепте жұмыс жасайтын клубтар мен қоғамдық ұйымдар:



**Кәмелетке жасқа толмағандар арасындағы
Құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын - алу барысында жасалған жұмыстар**

Өткен шаралар	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы (1тоқсан)	Сілтемелер
	Шара саны	Шара саны	Шара саны	
«Қауіпсіз мектеп» республикалық акциясы	3	5	1	https://www.facebook.com/share/v/Yq9hwJELu9dU6ovb/ https://www.facebook.com/photo/?fbid=1862166904202062&set=pcb . https://www.facebook.com/photo/?fbid=1862165564202196&set=pcb . https://www.facebook.com/photo/?fbid=1911787002573385&set=pcb . https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1313629582645493/ https://www.facebook.com/photo/?fbid=1898458917239527&set=pcb . https://www.facebook.com/100012263109782/videos/2464359627085608/ https://www.facebook.com/photo/?fbid=2054658184952932&set=pcb . https://www.facebook.com/photo/?fbid=2054621684956582&set=pcb.2
Мектеп жасындағы балалар мен жастар арасындағы жол – көлік және тұрмыстық жарақаттанудың алдын алу бойынша шаралар саны	26	27	26	https://www.facebook.com/photo/?fbid=1851153995303353&set=pcb . https://www.facebook.com/photo/?fbid=2036653596753391&set=pcb . https://www.facebook.com/photo/?fbid=2034334793651938&set=pcb
«Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» апталығы	29	32	3	https://www.facebook.com/photo/?fbid=1623908714694550&set=pcb https://www.facebook.com/photo/?fbid=1610138929 https://www.facebook.com/photo/?fbid=1691878781230876&set https://www.facebook.com/photo/?fbid=1687403008345120&set https://www.facebook.com/photo/?fbid=1728638184221602&set

				https://www.facebook.com/photo/?fbid=1728638184221602&set=pcb.K0HUdMJpEkFICBUox0XGUA5i9H8HGBw&tn=*bH-R https://www.facebook.com/share/v/TBm8zrF5fZk4zUeB/ https://www.facebook.com/photo/?fbid=1857629057989180&set=pcb https://www.facebook.com/photo/?fbid=1851148735303879&set=pcb
Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу	2	2	1	https://www.facebook.com/photo/?fbid=1847897855628967&set=pcb
Терроризм және діни экстремизмнің алдын алу	1	1	-	https://www.facebook.com/photo/?fbid=1823818664703553&set=pcb https://www.facebook.com/photo/?fbid=1901882250230527&set=pcb
Нашақорлықтың алдын алу	2	2	1	https://www.facebook.com/photo/?fbid=1598541293897959&set=pcb.1V9ef3xgGy3SRILfys&tn=*bH- https://www.facebook.com/photo/?fbid=1625460117872743&set=pcb https://www.facebook.com/photo/?fbid=1858793411206078&set=pcb https://www.facebook.com/photo/?fbid=1864670730618346&set=pcb https://www.facebook.com/photo/?fbid=2042239946194756&set=pcb
Сыбайлас-жемқорлықтың алдын алу	15	26	1	https://www.facebook.com/share/v/TBm8zrF5fZk4zUeB/ https://www.facebook.com/photo/?fbid=1853955928356493&set=pcb https://www.facebook.com/photo/?fbid=1892147977870621&set=a https://www.facebook.com/photo/?fbid=1889127638172655&set=pcb https://www.facebook.com/photo/?fbid=1889111714840914&set=pcb https://www.facebook.com/photo/?fbid=1901108983641187&set=pcb

				https://www.facebook.com/photo/?fbid=2041884286230322&set=pcb
--	--	--	--	---

Мектепшілік есебінде тұрған оқушы туралы мәлімет

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулықты басшылыққа ала отырып Профилактика Кеңесінің отырысына білім алушының ата-аналары шақырылды. Профилактика Кеңесі отырысының қорытындысы бойынша білім алушымен, оның ата – анасымен профилактикалық жұмыстар жеке жүргізілді.

№	Оқушының аты-жөні	Мектебі сыныбы	Әлеуметтік жағдайы	Есепке алынған себебі	Қандай жұмыс жүргізілуде	қосымша
2022-2023 оқу жылы	-	-	-	-	-	-
2023-2024 оқу жылы	1.Тлеужанова Аяна 2.Тортаева Малика 3.Алмасхан Айдана	9А 9А 9А	Толық отбасы Толық отбасы Толық отбасы	Құқықбұзушылықтың алдын алу отырысы 1.02.2024 № 6 хаттамасы. Вейп темекісін мектеп қабырғасында қолданғаны үшін	Ата-аналары шақырылып оқушылармен жұмыс жүргізілді. Мектепшілік іс-шараларға барлығы қатыстырылды.	Оқу жылының соңында білім алушылар басқа мектепке ауысып кетті
2024-2025 оқу жылы	-	-	-	-	-	

Ата-аналардың тәрбие ісі мәселелері бойынша мектеппен бірлесіп жұмыс істеуі

Қайырымдылық шараларына қатысуы	Мәдени іс-шараларға қатысуы	Спорттық іс-шараларға қатысуы	Шеберлік сағаттар өткізуі	Ата-аналар жиналысына қатысуы
---------------------------------	-----------------------------	-------------------------------	---------------------------	-------------------------------

Мектепте қауіпсіз ортаны қалыптастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, балалардың құқықтарын қорғау бойынша:

Сенім телефондарының тізбесі, ақпараттық стенд және сенім жәшігі бар. Байланыс нөмері: 87052550161 мектеп директоры. Сенім жәшіктерінің ашу туралы комиссия құрамы, бұйрығы бар. Тіркеу журналы мектеп директоры қолымен шнурланып, бекітілді. Сондай-ақ, техникалық бақылау құралдары, дабыл түймесі, турникеттер, бейнебақылау камералары бар, видеокамерамен жабдықталды.

Бейнекамералар - 66, сыртқы -16; ішкі -50; ЦОУға қосылғаны – 24. Балалардың қауіпсіздігі мен қорғанысы тек бақылау камерасы, өткізу режимі, дабыл түймелері ғана емес, төтенше жағдай кезіндегі оқушылардың өзін –өзі ұстауы, қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1645214646218515/>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1823818664703553&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1313629582645493/>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1911787002573385&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2054621684956582&set=pcb>.

Төтенше жағдайлардың алдын-алу бағытындағы іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру мақсатында оқушылармен жүйелі түрде түсіндіру – ескерту жұмыстары ұйымдастырылды.

«Қауіпсіз мектеп» жобасы аясында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оқушылармен, ата-аналар және педагогтар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстары мүдделі мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қатысуымен өткен іс-шаралар:

-Төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау мен қауіпсіздікті сақтау бойынша оқу-жаттығулары- 2, қамтылған оқушы -585, мұғалім -55

-Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірлескен шаралар - 3/35 оқушы, 27 сынып жетекші.

-Ішкі саясат қызметкерлерімен бірлескен шаралар –2/345 оқушы.

-Сыбайлас жемқорлық агенттігі қызметкерлерімен бірлескен шаралар-2/150 оқушы

-30 қараша күні Алғашқы әскери пәнінің мұғалімі Өмірзақов Е.Ж және МЧС фракциясының мүшесі Аманкелді Жанболатпен бірлесіп діни экстремизм алдын алу, антитеррорлық іс – қимылды пысықтау, және төтенше жағдайға қарсы, өрт қауіпі мен радиациялық уланудың алдын алу мақсатында 30.11.2023 күні мектебімізде 5-6-7-8 сынып оқушыларына террористік акт кезіндегі іс-әрекет «Жарылғыш қондырғысына ұқсас зат табылған кезде қорғану іс-әрекеттерімен таныстыру» тақырыбында ақпарат беру сағаты түсіндірме жұмыстарын жүргізілді. Жат террорлық іс-әрекеттерден сақтану, білім ордаларына қарумен шабуылдау және оның алдын алу, күресу, қауіпсіздікті күшейту жайлы айтып өтті. Оқу ғимаратын террорлық іс - әрекеттен сақтау үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары айтылды. Сонымен қатар телефон, хат арқылы террорлық қауіп хабарламасы түскен кезде, қызметкерлердің террористерге кепілдікке алынған кезде балалар не істеу керектігі бойынша тоқталып өтті.

-05.12.2023 күні Алғашқы әскери пәнінің мұғалімі Өмірзақов Е.Ж және Төтенше жағдайдың алдын алу фракциясының мүшесі Аманкелді Жанболат, Сатыбалды Оразәлімен бірлесіп діни экстремизм алдын алу, антитеррорлық іс – қимылды пысықтау, және төтенше жағдайға қарсы, өрт қауіпі мен радиациялық уланудың алдын алу мақсатында мектебімізде 9-10 сынып оқушыларына террористік акт кезіндегі іс-әрекет «Жарылғыш қондырғысына ұқсас зат табылған кезде қорғану іс-әрекеттерімен таныстыру» тақырыбында ақпарат беру сағаты түсіндірме жұмыстарын жүргізілді.

-2.02.2024 Ұлытау облысының жалпы білім беретін мектептерінің мектеп парламентінің Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлері облысымыздың ТЖД қызметкерлерімен офлайн және онлайн форматта кездесіп, қауіпсіздікті сақтау мен мамандық таңдауға байланысты, төтенше жағдайлардың алдын алу, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету, суда зардап шеккендерге көмек, т.б апаттарда көмек түрлері туралы мағлұмат алды.

-22 ақпан күні Ұлытау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері облыстың волонтерлік ұйымдарының басшыларымен және үйлестірушілерімен оқу-әдістемелік жиындар өткізді.

Оқу-әдістемелік жиындар барысында ТЖД қызметкерлері азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеу тәртібін, авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарға қызметтер мен құралымдарды тартуды, сондай-ақ ТЖ кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету тәсілдері мен әдістерін түсіндірді.

Сонымен қатар, Апаттар медицинасы орталығының мамандары жіті стресстік жағдайларда халыққа психологиялық көмек көрсетудің негізгі қағидаларын жеткізді және құтқарушылардың авариялық-құтқару жабдықтары мен өрт сөндіру құралдарын көрнекі түрде көрсетті.

Оқу-әдістемелік жиындарына қатысқан волонтерлермен білімді бекіту үшін өткен тақырыптар бойынша мәселелер талқыланып, қорытынды тестілеу өткізілді. Оның қорытындысы бойынша волонтерлерге азаматтық қорғау саласында оқығандығын растайтын сертификаттар табысталды.

Оқу-әдістемелік жиындарға Облыстың волонтерлік ұйымдарының басшылары мен үйлестірушілері 33 тыңдаушы қатысты.

17.05.24 күні 5-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті.

Жаз-балалар үшін сауық-сайран мен жайбарақаттық кезең. Ата-аналар өте мұқият болу керек, себебі демалыс орындарында түрлі қауіптер болуы мүмкін. Сондықтан әр ата-ана жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерімен таныс болған жөн.

Мектеп оқушыларына бүгін "ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗ ЕРЕЖЕЛЕР" тақырыбында жадынама ұсынылды:

- 1) Жол қауіпсіздігі;
- 2) Өрт қауіпсіздігі;
- 3) Судағы қауіпсіздік ережелері;
- 4) Табиғаттағы қауіпсіздік т.б.

Балаларға жаз мезгілінде ата-аналармен, туыскандарымен, достарымен демалысты ұйымдастыру кезінде бірқатар ережелер мен талаптарды есте сақтау керек екені туралы айтылып ескертулер жүргізілді.

Балалар бойына жеке қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастыру үшін балалармен жеке әңгіме жүргізілді, маңызды ережелер түсіндірілді.

2024-2025 оқу жылынан бастап балалардың күнделікті өмірінде қауіпсіздікке ықпал ететін дағдыларға үйрену және жеке қорғанысқа саналы, жауапты қозғарасты қалыптастыру мақсатында апта сайын сынып сағаттарында 10 минуттық жеке қауіпсіздік сағаттары жоспарланды.

Мектепте құқықбұзушылық, суицид, деструктивті діни ағымдардың алдын- алу, зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 8-11 сынып оқушыларымен ақпараттық түсіндіру жұмыстары үнемі жүргізіледі.

Жиналыс барысында үнемі көшеде кешкі мезгілде сағат 22.00 – ден кейін жалғыз жүруге болмайтындығы, жүрген жағдайда ҚР Әкімшілік кодексінің 336/46бабына сәйкес әкімшілік айыппұл салынатындығы, қоғамдық орындарда, көшеде, мектеп ішінде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтамаған жағдайда, қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда (шемешке шағу, шылым шегу, алкогольдік ішімдіктерді пайдалану т.б) Әкімшілік кодексінің 336. 1, 330. баптарына сәйкес ата-анасына айыппұл салынатындығы ескертіп отырады.

Құқықтану негіздері пән мұғалімі оқушылардың арасында кездесетін қылмыстық оқиғалардың алдын-алу мақсатында мектепшілік линейкада «Жасөспірім және заң» тақырыбында хабарлама жасалынды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1598541293897959&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1625460117872743&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1819907005094719&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1819899645095455&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1855120008240085&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1847897855628967&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2036653596753391&set=pcb>.

<https://drive.google.com/drive/folders/1AUFERF9bW6TOof9NVI0B01OVK3iKzWVs?usp=sharing>

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысы

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылды.

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар басшылыққа алынды:

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»; «Оқырман отбасы»;
- ✓ «Отбасы –мектеп»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- ✓ «Өнегелі өмір»;
- ✓ «Мен Қазақстан Республикасының азаматымын»;

- ✓ «Дарынды балалармен жұмыс»,
- ✓ «Театр», «Туған өлкеге тағзым»,
- ✓ «Қоғамға қызмет»,
- ✓ «Эколайф»,
- ✓ “Ата-ана жұмыс орнына бір күн”,
- ✓ «Флешбом» жобасы.

Оқу жылы барысында 5 кезектен тыс, 4 жоспарлы ата-аналар және сынып жиналыстары ұйымдастырылды. Өткізілген ата-аналар жиналысында әр түрлі сұрақтар қозғалды. Сонымен бірге арнайы видео түсіріліммен түсірілген сабақтар ата-аналар чаттарына әдістемелік жадынамалар жолданды. Жиналысқа 593 оқушы және 5-11 сыныптың 539 ата –аналар қатысты. Жылдың соңында ата –аналармен онлайн жиналыс өткізілді. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша демалыс кездерінде ата-аналардан нұсқаулықтар мен қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы мәліметтер берілді.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының келесі бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық.
2. Рухани-адамгершілік мәдениет
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық, экологиялық тәрбие
6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты .

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұрудаярлығын қалыптастыру.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

Патриоттық тәрбие беруде оқу жылының басында Білім күніне арналған салтанатты жиын мен алғашқы сабақ «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық тақырыбында өтті. Республикалық онлайн- акциясы ұйымдастырылып «Менің мектебім-ең керемет мектеп!», «Сәлем, жаңа оқу жылы», «Маған мектеп формасы ұнайды!»;

5-8 сынып оқушылары үшін – «Менің саяхатым»;

9-11 сынып оқушылары үшін – «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім»;

Ата-аналар, 1 сынып оқушылары үшін – «Біздің мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып-өмірдің жаңа кезеңі»;

Сынып жетекшілері үшін – «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!» атты бейнероликтер әлеуметтік желісінде жарияланды.

20 қараша – Бүкіләлемдік балалар күні-мерекесі аясында «Барлық әлем мен үшін!» атты акция ұйымдастырылды. Жоспарлы жұмыстар жүргізілді. «Тәуелсіз Қазақстан Республикасы», «Менің Отаным Қазақстан!», «Қазақстан Әнұранымен айбатты, Ел таңбасымен еңселі, туымен тұғырлы», «Желтоқсан – тәуелсіздік бастауы», «Ерлігін ел ұмытпайды» тақырыптарында тәрбие сағаттары, «тәуелсіздік тірегім –Отан деп соққан жүрегім» атты тақырыбындағы кездесулер іс –шаралар жоғары деңгейде өтсе, «Менің Қазақстаным!» ән, өлең шығару, шығарма, эссе байқаулары, «Қыран елім – Қазақстаным!» қол өнер, суреттер көрмелері ұйымдастырылды. «Жас Ұлан» ұйымдарына 5 сынып оқушылары қабылданды.

«Жас Ұлан» ұйымы жыл бойы өткізген іс-шаралардың белсенді қатысушылары .21 қазан күні Республика күніне арналған салтанатты жиын өтеді. Мектепшілік жиында оқушылар әнұранды орындады. Республика күні – мемлекеттің символын айқындайтын маңызды мереке. Бала кезінен бастап балаларды Отанға деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерге, ұлттық және мемлекеттік мерекелерге құрметпен қарауға баулу маңызды. Іс- шарада ән ұран орындалып жиынға 5-11 сыныптардың 631 оқушысы қатысты.

22.10.22 ж. Республика күніне орай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанаты өткізілді. Жиында "Жас Ұлан" ұйымының ҰЛАНБАСЫ 8"А" сынып оқушысы Жолтай Назым сайланды. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының негізгі мақсаттары мен міндеттері, оларды жүзеге асыру әрбір өз елінің азаматы парыз деп есептеп, өнегелі қасиеттерді дәріптеу болса, "Жас Ұлан" ұйымының мүшесі –Отанына адал, еңбекқор, Отанының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресуші еркін айтып, "Жас Ұлан" ұйымының Қазақстан Республикасының туының түсіндей галстук және төсбелгілері туралы насихаттап «Жас Ұлан» ұйымына 5 сыныптың 100 оқушысы салтанатты түрде қабылданды. Қабылданған оқушыға көгілдір галстуктерін табыстау рәсімі мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілеріне және мектеп парламентіне табысталды.

22.10.22 ж. мектебіміздің жас мамандардың ұйымдастыруымен өткізген шара қала тұрғындарына керемет әсер сыйлады. Елін, туған жерін сүйетін, елінің өткені мен бүгінін, тарихын тебірене де тереңдей оқып, тарихтың зерделі де шежірелі беттеріне үңілген патриот ұстаздар өздерінің жүректерінен шыққан ойларын ақ қағаз бетіне түсірген екен.

25 қазан Республика күні қарсаңында «Қыран елім – Қазақстаным!» патриоттық акциясының аясында 5-6 сынып оқушыларының арасында «Жүрегімдесің, Қазақстан!» тақырыбында көркемсурет конкурсы өткізілді. Конкурстың мақсаты: Оқушылардың шығармашылығын дамыту. Конкурсқа 16 оқушы қатысты. Үздік деп танылған 3 жұмыс облыстық кезеңге өткен. 25 қазан Республика күні мерекесіне орай 19.10.2022 ж. 5-6-7 сыныптар арасында "Қыран елім Қазақстаным" тақырыбында жалпыреспубликалық ДИКАНТ өткізіледі. Дикантты 320 оқушы жазды

"ОҚҰ алаңы" жобасы аясында 25 - қазан Республика күніне орай мектеп кітапханасында "Менің отаным-Қазақстан!" тақырыбымен кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме екі бөлімді қамтыды. Алғашқы I бөлім "Тарихы құнды, болашағы жарқын Қазақстан!" деп аталады.

Көрменің II бөлімі "Ұлт ұясы-Ұлытау!" деп аталып отыр. Ұлытау облысымыздың тарихын, облысымыздың танымал тұлғаларының әдебиеттері мен шығармалары қойылған. Көрменің мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі-туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру.

25 -қазан Республика күніне орай ұйымдастырылған қалалық асық ату жарысында мектеп лигасы арасында оқушыларымыз 3-орын жеңіп алды.

"Тәуелсіздік-тірегім, елім деп соққан жүрегім" атты Тәуелсіздік күніне арналған онкүндік іс-шаралар жоспарына сәйкес "Алаш мұраты-тәуелсіздік" тақырыбында желтоқсан көтерілісінің куәгерлерімен рухты кездесу өтті. Кездесуге Ұлытау облысының мәдениет басқармасына қарасты Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің басшысы, Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты Қапарова Раушан Оңқонысқызы, Жезқазған музыкалық колледжі директорының орынбасары, желтоқсан көтерілісінің куәгері Шәкенова Қасиет Сұлтанғазықызы, "Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты" директорының орынбасары Сейтмағамбетова Ғалия Омарғалиқызы, мектеп ұстазы Жантенова Ақмарал Алимсеитовна қонақ болды. Кездесу барысында қонақтар өз естеліктерімен, Алаш зиялыларының еңбектерімен, ұлттық патриотизмнің маңызы туралы оқушылармен ой бөлісті. Кеш соңында оқушылар ерекше сезімге бөленді, оқушылар бойында тәуелсіз Қазақстанның тарихын дәріптеу, патриоттық рух қалыптастыру мақсатында "Алаш аманаты" атты онкүндік іс-шара жоспары аясында "Алаш тарихы" жайлы киносағат ұйымдастырылып, Әлихан Бөкейханов, Жүсіпбек Аймауытов және Жұмабек Тәшенов сынды "Алаш" қайраткерлерінің "Тағдыр жолы" атты деректі фильмдері көрсетілді. Киносағат соңында оқушылар қоғам қайраткерлерінің өмірі мен елі үшін жасаған еңбектері жайлы ой бөлісіп, пікір алмасты.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесіне орай және "Тәуелсіздік-тірегім, елім деп соққан жүрегім" атты Тәуелсіздік күніне арналған онкүндік іс-шаралар жоспарына сәйкес "Менің кіші отаным" тақырыбында туған өлкенің ескерткіштерін, киелі жерлерін насихаттау мақсатында мектеп оқушылары арасында жоба қорғау сайысы өтті. Сайыстың төрешілері Ахмет Өтеген Ахметұлы мұражайдың экспозиция бөлімінің басшысы, Байдильдинов Кешубай Хамитұлы суретші, экспозиция бөлімінің ғылыми қызметкері, Курманалиев Сабит Айнурович 8 қазақ гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі. Қорытынды бойынша: Бас жүлде

8 В сыныбы, 1 орын 5 ә сыныбы, 2 орын 5а сыныбы 2 орын 7А сыныбы, 3 орын 8ә сыныбы, 3 орын 5 б сыныбы, 3 орын 6 В сыныбы марапатталды.

*7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған іс-шаралар жоспарға сай өткізілді. Іс-шараларға 5-11 сынып оқушылары қатыстырылды.

Мақсаты: Балаларға адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой - өрісін дамыту. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.

9-10-11 сынып оқушылары арасында «Ерлік сабақтары» және 5-6-7-8 сынып оқушылары арасында «Ұрпаққа ұран болған ұлы Жеңіс» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Барлық сынып сағаттары өз деңгейінде ұйымдастырылды. Оқушылар Ұлы Отан соғысының ауыр зардаптары туралы өз білімдерін шыңдай түсті. Қазақстан Республикасы Қарулы күштері тақырыбы аясында өз ойларын ортаға салып, қазіргі таңда Қазақстанның жеткен жетістіктері жайлы жарыса айтып, ой бөлісті. Оқушылар тағы да бір мәрте Отан ұғымының мәні зор екендігін түсінді. Сынып сағаттарына 544 оқушы қамтылды.

*Отан қорғаушылар және Жеңіс күніне орай Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімдері арасында пневматикалық винтовкадан ату және автоматты жартылай бөлшектеп жинаудан Шымкент қаласында өткен республикалық турнирден Абай мектебінің жас маманы Өмірзақов Ерлан Жаныбекұлы 2 орын жеңіп алып

"Үздік алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі" төс белгісімен марапатталды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1602815510137204&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/855357545842264/>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1600902810328474&set=pcb>.

Құқықтық бағыт

"Буллинг және оған қарсы тұру" тақырыбында 7-9 сынып оқушылармен мектеп психологы психологиялық сағат өткізді

25.04.2023ж. 8-9-10 сыныптармен "Күш көрсетпеңіз, сіз зорлық- зомбылықтан күштісіз!" тақырыбында сынып жетекшілер буллинг және кибербуллинг жайлы айтып түсіндіру, мектептегі әлімжеттіктің (буллинг) жағдайының алдын алу бойынша оқушыларға кеңес берді. Кеңес беру барысында Буллинг және кибербуллинг жайында қысқаша түсіндірілу жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың буллингке ұшырамауының алдын алу барысында ескертпелер, жадынамалар берілді. Сынып сағаттарына 293 оқушы қамтылды.

*Жоспарға сай "Сыныпта буллинг пен кибербуллингті болдырмау мен алдын алуда сынып жетекшінің рөлі" атты педагогтерді сыныпта және мектепте буллингтің алдын алуға байланысты іс-шараларды жоспарлауға үйрету мақсатындағы психологиялық сағат өтті. Сынып жетекшілер психологиялық сағатта оқушылар агрессиясының пайда болу себептері мен оны шешу жолдарына байланысты өз пікірлерімен бөлісіп, тәжірибе алмасты.

*Осы орайда 20- қараша Дүниежүзілік балалар құқығын қорғау күніне арналған тәрбие сағаттары өтті. Мақсаты: -оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық білім әр адамның ісі екенін ұғындыру;

-ой-өрісін дамыту, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасауға үйрету, есте сақтау қабілетін жетілдіріп, сөздік қорын молайту;

-оқушылардың бойына құқықтық, патриоттық, адамгершілік тәрбиені сіңіру.

*5-10 сынып жетекшілерімен "Жасөспірімдік қатыгездік пен агрессия: топ пен тұлға арасындағы қақтығыстар" тақырыбында мектеп психологы А.А.Жетибаева семинар-практикум өткізді. Мақсаты: Жасөспірімдердің агрессивті, жанжалды мінез-құлқын алдын алу және жеңу; Адамгершілік жеке қасиеттерді тәрбиелеу: мейірімділік, көмек көрсету, көңіл бөлу. *"Мектеп оқушылары арасындағы агрессия мен қатыгездіктің себептері қандай?" тақырыбында топта жұмыс жасап, өз пікірлерін ортаға салды.

17.04.-19.04.23 аралығында 5-6-7 сыныптар аралығында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар» жоспары жасалып, бекітіліп жұмыс түрлері жүргізілуде. Жемқорлықты болдырмау мен алдын алуға арналған әрбір іс-шара мақсатты болып келеді. «Сыбайлас жемқорлықпен күрес» бағытында тәрбие беру жұмысы маңызды орын алып отыр және

оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың жалпы мемлекетке қауіп төндіретіні, адамдардың әлауатының жақсаруына кедергі келтіретіні, экономиканың құлдырауына әкеліп соғатыны, ұйымдасқан қылмысқа жол берілетіні туралы түсінді.

Оқушылар «Адалдық сағаттары» шеңберінде көрсетілетін бейнефильмдерді жоғары қызығушылықпен көріп, өз әсерлерімен жарыса бөліседі. «Адалдық сағаттың» негізгі мақсаты – өскелең ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және адалдық, әділдік, инабаттылық және сенім сияқты ең маңызды адамгершілік құндылықтарды дарыту. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, оның алдын алу, болдырмау туралы балалармен әңгімелесу өткізілді. «Жемқорлық – қоғам дерті», «Жемқорлықсыз Қазақстан», «Мен адал ұрпақпын» тақырыптары бойынша сынып сағаттары, әңгімелесулер, дәрістер жүргізілді.

Қатысқан бала саны – 300 оқушы.

«Ділмар» дебат клуб мүшелерінің атақарылған жұмыстары.

2022-2023 оқу жылында мектеп бойынша 9-10 сынып оқушылардың арасында «Ділмар» дебат клубы құрылып, жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Мизамбаева А., Балтабаева А. Және тарих пәнінің мұғалімі Жантасова А.У. тағайындалып, жылдық жоспары бекітілді. Мақсаты: Заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

Жоспар бойынша клуб мүшелерімен бірнеше пікір сайыстар өткізілді.

17.11.2022 ж. Ұлытау облысы білім басқармасының жоспарына сәйкес, Мектеп Парламентінің "Дебат қозғалысы" фракциясының ұйымдастырумен 25-қазан Республикасы күні аясында "Жастар жарқын болашаққа" СҰР I облыстық пікірсайыстың мектепшілік іріктеу турниріне 9-11 сынып оқушыларының 7 тобы қатысты. Турнирдің мақсаты жас ұрпақтың бойына азаматтық позиция мен еркін ойлау, көпшіліктің алдында еркін сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру. Пікірсайыс қозғалысын дамытуға ат салысу.

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің бастамасымен Алғыс айту күніне арналған «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында бүгін, Жезқазған қаласының №10 жалпы білім беретін мектебінде Ұлттық пікірсайыс турнирінің облыстық кезеңі өтті. Пікірсайыс турнирінің облыстық кезеңіне 22 фракция қатысты.

Турнирдің мақсаты: жас ұрпақтың бойында азаматтық позиция мен еркін ойлау, көпшілік алдында еркін сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру, жастар арасында пікірсайыс қозғалысын дамыту.

«Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы дебаттық қозғалыс мүмкіндіктерін кеңейту арқылы білім алушыларды әлеуметтендіру және өзін өзі дамыту міндеттерін шешуге бағытталған.

Ұлттық пікірсайыс турнирінің облыстық кезеңіне Абай мектебінің 3 фракциясы қатысты. Қорытындысы бойынша қатысқан мектебіміздің пікірсайысшыларға сертификаттар табысталды. Әмір Ханбиді және Жәнділдә Марат "Үздік аналитик" номинация бойынша Дипломмен марапатталды. Ағылшын лигасына қатысқан Жәнділдә Марат және Таева Аяулым 2 орын дипломымен марапатталды. Жеңімпаздарға Ұлытау облысы білім басқармасының дипломы табысталды.

7. 04. күні Қаныш Сәтбаевтың 124- жылдығына арналған «Сәтбаев кубогы» қалалық дебат турнирі «Жезқазған қаласының білім бөлімінің Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп- лицейі» КММ мектебінде өтті.

Дебат турнирінің мақсаты Қаныш Сәтбаевтың тұлғалық қасиеттерін насихаттау арқылы жоғары сынып оқушыларының саяси сауаттылығының артуына ықпал ету, қаламыздағы дебат ойынының кең өркендеуіне атсалысу. Турнирге мектебіміздің 10 сынып оқушылары Тортаева Жаннұр мен Жұмабай Нұрәлі қатысып жүлделі 1-орынға ие болды және "Алтын спикер" "Қола спикер" номинациясына иеленді.

*2022 жылдың 30 қарашасында Абай атындағы мамандандырылған мектеп интернатының 8-10 сынып оқушылары арасында мектепшілік пікір-талас (дебат) турнирі өтті.

Турнирдің мақсаты: Мектеп оқушылары арасында азаматтық көзқарас пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, рухани – құндылықтарды дамыту, сонымен қоса ойын жеткізе білуге, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға баулу.

Турнир Американдық парламенттік формат бойынша ұйымдастырылды. Ойынға 7 команда қатысты. 35 оқушы қамтылды.

*2023жылдың 27 сәуір күні мектеп парламентінің «Ділмар» ұшқыр ой алаңы дебат қозғалысының фракциясының ұйымдастыруымен ТӨРТІНШІ ТОҚСАН «Туған өлкем» фестивалі аясында, «Адам қажеттіліктері экологиядан жоғары ма?» тақырыбында эко-дебат өткізді.

Дебатқа 4 команда қатысты. Дебаттың қорытындысы:

"Білім шыңының жастары"-Бас жүлде

"Гибрис"- 1орын

"Самұрық"- 2орын

"Айқын мақсат" -3орын

[#4ТОҚСАН](#)[#ТУҒАНӨЛКЕМ](#)[#Школьное самоуправление](#) [#Өзінөзібасқару](#) хештегімен әлеуметтік желіде жарияланды.

Жалпы жыл бойын облыстық 1сайыс, қалалық 1сайыс мектепішілік 7 сайыс өткізілді. Жұлделі орынмен марапатталған оқушылар «Дарындылар шеруінде» аталып өтті.

«Жалын» өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы.

Мектептің жоғарғы сынып оқушыларынан құралған өзін-өзі басқаратын оқушылар ұйымы жұмыс істейді. Жалы мектеп 5-11 сынаптар бойынша 350 оқушы парламент мүшесіне кіреді.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының мақсаты: қарым-қатынасты ізгіліктендіру; ұжым өмірін жариялылыққа, еркіндікке негіздей отырып, оқушыларды қоғам мен мемлекетті басқару тетігіне дайындау.

Оқушылардың өзін-өзі басқарудың принциптері:

- мектеп өмірінің мәселелерін шешуде оқушылардың өзін-өзі басқарудағы өз бетімен шешім қабылдау қабілеттілігі;
- оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының жауапкершілігі;
- оқушылардың өзін-өзі басқаруда өкілеттілігін тағайындау;
- оқушылардың өзін-өзі басқаруда алуан түрлі әдістерін пайдалану;
- оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының оңашаландырылуы және жалпыға бірдей

тапсырыстарды жүзеге асырудағы тығыз байланыстылығы. Өзін-өзі басқарудың құндылығы сонда осы ұйым арқылы оқушылар мектеп өміріне, мектептің ішкі саясатына, әкімшілік жұмыстарына, мектепішілік оқу және тәрбие үдерістеріне әсер ете отырып шешім қабылдауға ықпал етеді.

"Мектеп парламенті" 8 фракция бойынша жұмыс жасайды.

Олар:

- Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология);
- Қамқорлық фракциясы (еріктілік);
- Дебат қозғалысының фракциясы;
- Құқық және тәртіп фракциясы;
- Ақпарат фракциясы;
- Спорт және салауатты өмір [салты фракциясы](#);
- Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық);
- Экология және еңбек фракциясы.

«Мектеп парламенті» жоспарына сай айсын жұмыс жүргізеді. Мектеп оқушы президенті 10 сынып оқушысы Қыдырәлі Ұлжан. Парламентке 8-9-11 сынып арасындағы белсенділер мүше болып қабылданған. Сонымен қатар сынып ұжымы ұсынған беделді оқушы және өз еркімен парламент жұмысына қызығушылық танытқан оқушы Парламент жиналысында қабылданды. Парламент мүшелері ұжымдық түрде жұмыс атқарады.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 – мамыр Жеңіс күніне арналған 9-10 сынып жігіттері арасында «Жігіт Сұлтаны-2023» байқауы өткізілді. Байқау бес кезеңнен тұратын «Алаштың ер ұланы» өзін таныстыру, «Автоматты шашып-жинау» (уақытқа), «Противагаз кию» (уақытқа), «Күш атасын танымас» қол күрестіру, денені жерден көтеріп қолды бүгіп жазу яғни берілген уақыт ішінде сайыс шарттарын белсене орындаған оқушылар марапатқа ие болды.

Бас жүлде 9 А сыныбы Амангелді Жанболат,

1 орын 10 Ә сыныбы Даутов Еркебұлан,

2 орын -9 Ә сыныбы Байжігіт Нұргелді,

3 орын -10 Б сыныбы Ғазиз Санжар.

5-6 сынып оқушылары Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған " Біз бір отбасымыз" тықырыбында сынып сағаттарын өткізді. Мақсаты: оқушылардың Қазақстандық патриотизмге, елін, жерін сүйуге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу. Басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлауға үйрету. Сынып сағатына 170 оқушы қамтылды.

Қазан айында мектебіміздің саптық жиынында мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымының президентін ұлықтау рәсімі өтті. Өз кезегінде 10 Б сынып оқушысы Қыдырәлі Ұлжан, оқушылар мен ұстаздар алдында мектептің өзіне деген жоғары сеніміне алғысын білдірді. Мектеп фракцияларымен жұмыс жасау, белсенділік таныту басты мақсатым деп айтып өтті. Фракция мүшелері сайланып жұмыс жоспарлары талқыланды. Күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу мақсатында мектеп парламентінің ақпараттық фракциясының ұйымдастыруымен «XXI – ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық сайысы 7-8 сыныптардың арасында өтті. Іс -шара мақсаты: Оқушыларды білімді, жан - жақты болуға баулу. Білуге, үйренуге деген қызығушылығын арттыру. Жарысуға, жарыста жеңімпаз болуға ұмтылуын дамыту. Көшбасшылық қабілеттерін ояту. Білімді, дарынды, озық болуға тәрбиелеу. Сайыстың көшбасшысы болып 8 "Б" сынып оқушылары жеңімпаз атанды.

Күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу мақсатында бүгін мектебімізде 5 сыныптар арасында спорттық "Көңілді эстафета" өтті. Эстафетаны фракция мүшелері Жұмабай Нұралі, Аманбек Назарбек, Сламбек Наргиз, Қыдырәлі Ұлжан және денешынықтыру пәнінің мұғалімдерімен бірігіп ұйымдастырды.

Бұл іс-шараның негізгі мақсаты оқушыларға, адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру. Оқушыларға сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысудың қажет екендігінің маңызын түсіндіру. Оқушылар арасындағы бірлік пен татулық қасиеттерін одан ары нығайту болды. Төрт бөлімнен тұратын спорттық шараға әр қайсысы 6 адамнан құралған 3 команда жарысқа түсіп, бақ сынасты. Жарыс қызықты да тартысты өтті.

Жүлделі 3 орынды 5 "А " сыныбы иеленді

Жүлделі 2 орынды 5"В"сыныбы иеленді

Жарысымыздың жеңімпазы 5"Ә" сыныбы 1 орынды иеленді , іс- шараға 40 оқушы қатысты 30 қыркүйек күні мұғалімдер күніне орай ұйымдастырылған Дублёр күні өтті. Өзін-өзі басқару күнін өткізу дәстүрге айналған. Дублёр-мұғалімдер барлық сабақтарды 5-9 сынып аралығында сабақтарын жауапкершілікпен өткізді және мұғалімдерден құрылған 12"а", 12"ә",12"б" сыныптарына дублёр - мұғалімдер сабақ кестесін құрып үш пән бойынша сабақ өткізді.

Өткізген іс –шараларында мұғалімдерге алғыс сөздер, әндер мен құттықтаулар айтылды. Мұғалім мамандығының қаншалықты қажет, қиын және сонымен бірге керемет мамандық екенін тағы да растады. Мектеп жұмыстарында белсенділер өз жұмысының барлық саласын қозғауға тырысады. Биылғы оқу жылында мектеп өзін-өзі басқарудың негізгі өсиеттері мен қағидаларына сәйкес жұмыс жалғасуда. Оқушылар ұйымымен өткізген іс- шара күні – оқушылар күні болды. Өзін-өзі басқару күні – жоғары сынып оқушыларының күні бойы оқу процесін қамтамасыз етуге жауапты болған ересек өмірдің нақты жағдайларына барынша жақын ортада бағын сынап көру мүмкіндігі. Өзін-өзі басқару күні сабаққа дайындалу, міндеттерді бөлу, «әкімшілікті» таңдау. 10-11 сынып оқушыларының құрамынан, мұғалімдерге кандидаттар іріктелді, әкімшіліктің орынбасарларының құрамы бекітілді. Мұғалімдерге кандидаттармен кездесулер өткізілді.

7.12.2022 жылы Республикамыздың барлық өңірлерінен келген балалар өкілдерімен Астана қаласында оқу-ағарту министрі Асхат Аймағанбетовпен кездесу өткізді. Кездесуде 10 сынып оқушысы, мектеп президенті Қыдырәлі Ұлжан Ұлытау облысының республикалық балалар құқығын қорғау комитетінің бала өкілі болып сайланды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1635595890192499&set=pcb>.

25 қазан Республика күні қарсаңында және 7 мамыр Қазақстан Республикасының қарулы күштер күні қарсаңында «Жас ұлан» ұйымына 5 сынып оқушыларын мүшелікке қабылдау

салтанатты жиыны өтті. Жиынға «Жас ұлан» ұйымының барлық мүшелері қатысып, «Жас ұлан» ұйымына қабылданған оқушыларды мерекемен құттықтап, галстук тақты.

Мүшелікке «Жас ұлан» ұйымының қатарына 200 оқушы қабылданды.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты. Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген руханиадамгершілік жәнәэтикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

2022-2023 оқу жылының басталуына орай алғашқы қоңырау мерекелік салтанатты жиынына қатысқан құрметті қонақтары Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы Омар Әнуар Серікбайұлы, Ұлытау облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары Рустемов Жасулан Далкенович, Сәтбаев қаласы маслихатының депутаты Макишев Тұрсынбек Шамбылұлы іс –шараға қатысты.

Жаңа оқу жылының алғашқы қоңырау салтанатын соғу рәсімі 11 сынып түлектері Жәнділдә Марат пен 2021-2022 оқу жылының «Жыл оқушысы» Сламбек Сұлушашқа және 5 сынып оқушылары Шабдан Мәди мен Садыкова Еркеназға берілді.

Қоңыраудан соң барлық сынып оқушылары өз оқу кабинеттерімен танысып, «Білімге ұмтылу - еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты алғашқы білім күні арналған сынып сағатына қатысты.

2022-2023 оқу жылында жұмыс жасайтын үйірмелер мен курстардың жәрмеңкесіне қатысып, бүгін оқушыларымыз таңдау жасады. Жәрмеңке аясында спорттық үйірмелер, шахмат, домбыра, хореография, тоғызқұмалақ, дебат, аспаздық, қолөнер, театр т.б.үйірмелер мен журналистика, медиа, ақындар мектебі, шешендік өнер, Art студия, жаһандық құзыреттіліктер сияқты курстар өз жұмыстарын ұсынды.

Ұстаздар күні мерекесіне арналған «Мұғалім бақыты-шәкірт құрметі» атты мерекелік кеш өтті. Кеш қонақтары Жезқазған қаласының ардагер Ұстаздары: «Еңбек ардагері» медалінің, «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы» атағының, «Б.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері Жумажанова Нұрәя Альмухановна, Жезқазған қаласы білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі болып еңбек еткен, «Тәлімгер-әдіскер» атағының, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі», «Еңбек ардагері» төсбелгілерінің иегері Муканова Құралай Аблайхановна, Жезқазған қаласы маслихатының хатшысы, «Б.Алтынсарин», «Мәртебелі мектеп директоры» төсбелгілерінің иегері, Досанов Абдрахман Мухаметжанович, «Б.Алтынсарин», «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің, «Еңбек ардагері» медалінің иегері Жолдыбаева Куляш Рахимовна, «Б.Алтынсарин», «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерінің иегері Абдикерова Сара Түгелбаевна, Қарағанды облысы білім басқармасының «Білім саласына еңбегін сіңіргені үшін» төсбелгісінің иегері Байтасова Балқия Рахымбековна, сонымен қатар Ұлытау облысы білім басқармасының басшысы Төлекова Сафура Сейдуәлиқызы, Жезқазған қаласы білім бөлімінің басшысы Альмағамбетов Жәніс Едігеұлы, Қаражал қаласы білім бөлімінің басшысы Оспанова Қаламқас Төлеубайқызы, Сәтбаев қаласы білім бөлімінің басшысы Ақышбеков Берік Базылұлы, Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің басшысы Махаббат Ермұханбетқызы, Ұлытау ауданы білім бөлімінің басшысы Әбдірайымов Бағдат Қабденұлы, Білім инновация-лицейінің директоры Абылай Сейдәзімұлы. Саналы ғұмырын білім беру мен тәрбие ісіне арнаған қаламыздың аяулы ұстаздарын ұлықтау, құрмет көрсету, өнегелі өмірін үлгі ету, жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру мақсатында ұйымдастырылған кездесу барысында қонақтарымыз «Ұлы мамандық ұстаздық жайлы ой толғап, оқушылардың сауалдарына жауап берді. Өз кезегінде оқушыларымыз ардагер Ұстаздарымызбен қадірлі қонақтарымызға деген алғысын әнмен жеткізіп, өлеңдерімен өрнектеді.

*14.10.2022ж. күні 25 қазан Республика күні қарсаңында мектебімізде жылдық жоспарға сәйкес өткен кезекті іс –шарамыз ер балаларымыздың әкелерімен кездесу өтті. «Менің әкем – ең жақсы адам» тақырыбындағы кездесу кешінің көздеген мақсаты – әке мен бала арасында қарым қатынасты күшейту. Қоғамда болып жатқан мәселелерді қозғай отырып, отбасындағы қарым-қатынасын күшейту, ұмыт қалған әдет-ғұрып, тәрбие мен тәртіп төңірегінде сөз қозғау. Іс –шара барысында аталық, ағалық ақыл-кеңесін айтып, салмақты сөз, ордалы ой айтатын

қонақтарымыз Ештанаев Ғазиз Елеусізбайұлы – ақын, филология ғылымдарының доценті, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, бірнеше жыр жинақтардың авторы, мектебіміздің ата –аналары Шайжанов Қайрат Абдоллаұлы – Жезқазған қаласының әкімі, Макишев Тұрсынбек Шамбулұлы - Қазақстанның еңбек ері медалінің иегері, Тембаев Сабыржан Асхатұлы – «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС әлеуметтік-еңбек қатынастары басқармасының басшысы, Дайрабайұлы Бекзат -Жезқазған қаласы қоғамдық бірлестіктің төрағасы. Алғашқы құттықтау сөзбен мектеп директоры Әлия Сүлейменқызы Бажибаева іс –шараны бастады. Іс -шара барысында бейнебаян көрсетіледі, сұрақтар қойылды. Өзіміздің оқушылар түсірген бейнебаяндарын көрсетті. Іс –шара барысында ұлдарының әкеге жазған хаттары жолданды. Барлық әкелер бір мезетте хаттарын ашып, оқыды. Әкелерден кері байланыс болды. Кездесу кешіміз «Менің әкем – ең жақсы адам» әнімен аяқталды.

Ақпан айының 25-нен бастап 1- наурызға дейін алғыс айту күніне байланысты әртүрлі шаралар өтті. Шараның мақсаты: оқушылардың рухани мәдениетін қалыптастыру арқылы қайырымдылыққа баулу. Атаулы мерекеге 5-10 сынып оқушылары қатысты. Апта барысында «Алғыс айту парызым...» атты тәрбие сағаттарын барлық сынып жетекшілер өз сыныптарында өткізді.

Оқушылар ата-аналарына, ата-апаларына, ұстаздарына видео челленджерін сыйға тартты. Алғыс күніне тілектер айтылып, музыкалық сәлемдемелер жолданды.

*30.05.23 күні оқу жылының аяқталуына байланысты «Біздің сыныптың бір жылы» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: Білімге деген құштарлығын арттыру. Білім ордасы-мектепті , ұстаздарын құрметтеп, еңбектерін бағалай білуге, ата- анасының , Отанының адал ұл- қызы болуға тәрбиелеу. Тәрбие сағаты 5-8 сыныптар аралығында өткізілді. Тәрбие сағатында оқушылардың жетістігі мен қабілетіне қарай презентациялар жасалып әр оқушы өзінің сыныбына есеп берді.

"Балалықтан даналыққа!" атты мерекелік іс-шарамыз 1 маусым Балалар күніне арналған соңғы қоңырау салтанатты мерекесі өткізілді. Мерекелік іс –шарамыздың қонақтары Төребеков Марат Жақыпбекұлы Білім басқармасы басшысының орынбасары, білім саласының ардагерлері Идрисова Рахыш Нашкенқызы Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің озаты, Жезқазған қаласы мен Ұлытау ауданының Құрметті Азаматы, Бекетова Ақыл Аубековна «Білім беру ісінің үздігі», «Ыбырай Алтынсариннің» төс белгілерінің иегері, «Еңбек ардагері», ұстаздар қауымы және ата-аналар қатысты. Ата –аналар атынан тілегін білдірген «Білім беру ісінің үздігі», «Ыбырай Алтынсариннің» төс белгілерінің иегері, «Еңбек ардагері» Жолдыбаева Куляш Рахимовна. Алғашқы түлектер мектептің білім саласындағы беделенің артуына өзіндік үлес қосты.

*31 мамыр күні құғын- сүргін құрбандарын еске алу күні атап өтілді. Білім алушыларға саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінің маңызын түсіндіріп, тарихтан тағлым алуға, өткенге тағзым етуге тәрбиелеу. Қазақстанның лагерьлер өлкесіне айналып, жазықсыз адамдардың жазаланып, азап шеккені жайлы баяндау. Қасіретті кезеңде солақай саясаттың құрбаны болған қазақ халқының зиялылары туралы мәлімет беріп, олардың есімдерін құрметтеуге, ұмытпауға тәрбиелеу мақсатында сынып сағаттары өткізілді. Қатысқан оқушылар саны 546 білімалушы.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы

Мұғалімдері арасында жылдық жоспарға сәйкес кітап оқу байқауы ұйымдастырылды. Кітап оқу байқауы Н.Келімбетовтің “Үміт үзгім келмейді” шығармасы бойынша болды. Бұл шығарма- оқырманға үлкен ой салар туынды.

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында тұңғыш рет «Түнгі кітапхана» кеші өтті.

Келген қонақтар орынға жайғасар алдында мектеп психологы дайындаған түрлі сұрақтар мен тапсырмаларды орындап, белсенділігін танытты. Мектеп басшысы ізгі тілегін жеткізіп, шараның мақсат, міндетімен таныстырды. Бүгінгі кеш хәкім Абай тағылымын терең меңгерген ғұлама, ойшыл Ш.Құдайбердіұлы өмірі мен шығармашылығына арналды. Ата-аналар арасында топтық жұмыстар орындалып, сан түрлі сауалға жауап беріп, кері байланыс арқылы білген-түйгенін ортаға салды. Кеш соңында Абай мен Шәкәрім әндері орындалды.

*«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Түнгі кітапхана» кеші интернаттың жоғары сынып оқушыларының қатысуымен өтті.

Хәкім Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналды. Оқушылардың арасында топтық жұмыстар орындалып, сан түрлі сауалға жауап беріп, кері байланыс арқылы білген-түйгенін ортаға салды. Кеш соңында Абай әндері орындалды.

*Оқушылардың үзіліс уақытында жиналатын сүйікті орыны "Оқырмандар кабинетінде" оқыған кітаптарын қайталап еске түсіру мақсатында оқырмандармен "Әдеби тосап" ойыны ойнатылды.

Күнделікті өтетін Абай сағатынан көріністер.

Оқушылар танымдық ойындарға белсене қатысып, өз ойларын ортаға салуда.

"ОQY сағаты" жобасын іске асыру мақсатында мектеп оқушыларының оқырмандарымен жұмыс жүргізілді. Жобаны іске асыру формалары QR викторина, поэзия кеші, әдеби кафе.

5-сынып оқушыларымен "Абай сағаты" өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар "Абай ізімен" әдісі арқылы әр қадам сайын ақын туралы мәлімет айтса, ал "Сұраққа жауап" әдісінде қоржыннан сауал таңдау арқылы ақынның өмірі мен шығармашылығына байланысты сұрақтарға жауап берді. Абайдың өмірі мен шығармашылығын, келер ұрпаққа қалдырған өсиетін оқушылардың ой санасына сіңіру, ұлы ақын өлеңдерінен, қара сөздерінен нәр жинап, тәлім - тәрбие алуға бағытталған бұл шараға оқушылар белсене қатысты.

*Ұлт тілін ұлықтаған ақын Қарашаның 18 күні мектебімізде «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» қазақ тілі мен әдебиеті апталығы аясында қазақтың көрнекті ақыны Мұхтар Шахановтың 80 жас мерейтойына орай «Ұлт тілін ұлықтаған ақын» атты әдеби кеш өтті.

Кештің мақсаты: Қазақ поэзиясында өзіндік орны бар Мұхтар Шахановтың өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат бере отырып, ақын жырларының құдіретін сезіну, тіл шұрайын таныту, тарихи шындықты, сөз өнерімен өрнектелген әсемдікті түйсіне білуге баулу; адамгершілік, рухани қасиеттерді оқушылар бойына сіңіру, отансүйгіштік сезімдерін шыңдау. Кешке мектебіміздің 9-10 сынып оқушылары қатысты. Шығармашылық кеште рухты поэзия оқылып, ақын сөзіне жазылған әндер орындалды. Көрермендер «Мені неге Мұхтар қойған», «Достық өлкесінің заңы», «Махаббаттың жазылмаған заңы», «Желтоқсан алаңы», «Махамбеттің соңғы сөзі», «Әке үкімі», «Төрт ана», «Ғабит Мүсіропов» сынды өлеңдері мен поэмаларын ұйып тыңдады.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1693465757738845&set=pcb>.

Сондай –ақ оқушылар ақынның «Арман» балладасынан көрініс көрсетті. 10-сынып оқушылары М.Шахановтың сөзіне жазылған «Өмір - өзен» әніне теребеле билеп, «Кешікпей келем деп ең» әнін салды. Оқушылар мен ұстаздар қауымы тарлан ақынның жігерлі, патриоттық жырларымен сусындады. Кеш соңында қатысушылар қаламгердің «Рух пен тіл» әнін орындады. Халық құрметіне бөленген ақын, жазушы, драматургтың ерекше сыр мен жарқын толғанысқа толған өміршең жырлары оқушыларға рухани байлық сыйлады. Әдеби кешті қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері Н.Б.Аяшева мен Р.Т.Тусупназарова өткізді.

*16 желтоқсан — Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған «Тәуелсіздік - тірегім, елім деп соққан жүрегім!» атты онкүндік аясында «Тәуелсіздік: сөз бен сурет» атауымен өткен суретшілер мен жас ақындар байқауы өтті.

Байқау нәтижесі бойынша үздік өнер көрсеткен оқушылар марапатталды.

Өлең арнау бойынша: Бас жүлде Тілеулі Інжу, 1-орын Өтеш Ақжібек, 2-орын Жақсылық Айгүл, 3-орын Сүйіндік Зере. Сурет салу бойынша: Бас жүлде Бөгетбай Нұрайым, 1-орын Саметов Әділ, 2-орын Бердібай Аяулым, 3-орын Асқарқызы Ақниет.

* Ұлытау облысы білім басқармасының "Алаш аманаты" онкүндік жоспарының аясында мектепшілік Мағжан Жұмабаевтың "Педагогика" еңбегі бойынша педагогикалық бук-слэм (book slam) атты іс-шара өтті.

Мақсаты: Алаштың маңдайына біткен азаматы, өз заманының қайталанбас бір туар тұлғасы, халқының патриоты, лирик ақын, аудармашы, этнопедагогиканың негізін салушы, ұстаз-ғалым -Мағжан Жұмабаевтың "Педагогика" еңбегін насихаттау.

Іс-шараны қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Казангапова Венера Орынбековна, Тусупназарова Рыскуль Тахановна және мектебіміздің кітапханашысы Алиева Гульнар Самарзановнаның бастамасымен ұйымдастырылды.

Ұжым болып Мағжан Жұмабаевтың "Педагогика" атты ғылыми еңбегінің әр бөлімінде педагогика ғылымы жан-жақты саралап, болашақ ұрпаққа тәрбие беруде таптырмас көмекші құрал етіп қалдырғанын ортаға салып талқылады. Ұжым мүшелері ойларын ортаға салып, өз ара пікір алмасты.

*Ұлытау облысы білім басқармасының "Алаш аманаты" атты онкүндік жоспарына сәйкес 14 желтоқсан күні 10 "В" сыныбында "Алаш мұрасы - ұрпаққа аманат" тақырыбында патриоттық сағат өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға қазақ халқының азаттығы мен жарқын болашағы жолында аянбай еңбек еткен дара тұлғалардың, Алаш зиялыларының ағарту саласына, қазақ оқушыларының сауаттануына қосқан үлестері туралы мәлімет беру, балаларды өз Отанын, елін сүйетін ұлтжанды азамат болуға тәрбиелеу.

Тәрбие сағатында оқушылар А.Байтұрсынұлының төрағалығымен 1921 жылдың 31 қаңтарында Орынбор қаласында өткен зиялы қазақ азаматтарының мәжілісінен қойылым көрсетті.

Тәуелсіздік күніне орай мектебімізде "Тәуелсіздік— тірегім, елім деп соққан жүрегім" онкүндік аясында 06.12.2022-күні ата-ана, мұғалім, оқушы қатысуымен "Тәуелсіздік — таң нұрлы" поэзия кеші өтті.

Кештің мақсаты: мектепте «Үштік одақтың» байланысын нығайта отырып, талантты балаларды анықтау және оларға қолдау көрсету, өскелең ұрпақтың шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамытуға жағдай жасау.

Поэзия кешінде тәуелсіз әділ қазылар төрелік етті. Облыстық білім басқармасының мектепке дейінгі, жалпы орта білім және тәрбие бөлімінің бас маманы

Мушенова Қ. Ж., ақын, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Әбдіғожин Ж.А., [#1ЖОББМ](#) қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Түсіпова Т.Б., С. Қожамқұлов ат. Драма театрының әртісі Оқшиева Р. С. әділқазы алқасы болды. Нәтижесінде:

Бас жүлдені 5Ә-сыныбының оқушысы Өмірбек Нұрым, ата-анасы Арынгазин Данияр Манатжанович, мұғалімі Жарқынбек Ақерке иеленді.

1-орынға 5Б- сыныбының оқушысы Азаматқызы Томирис, ата-анасы Азаматқызы Назым, мұғалімі Балтабаева Арайлым Қуанышқызы ие болды.

Жүлделі 2-орынды екі сынып 7В және 8Ә өзара бөлісті. 7В-сыныбының оқушысы Нұрмағанбетова Маржан, ата-анасы Ахметова Асем Тұрсынбаева, мұғалімі Нұрмағанбетова Аружан Жасұланқызы, 8Ә-сыныбының оқушысы Асылбек Аруна, ата-ана Асылбекова Бақыт Шакентаевна, мұғалімі Қонысбаева Рая Даулетовна.

3-орынды 6В, 8Б және 10А сыныптары иеленді.

6В сынып оқушысы Қахарман Алим, ата-анасы Бекенова Несіпкүл Сапарғалиқызы, мұғалімі Сапарғалиева Алтынай;

8Б сынып оқушысы Қожабаева Дильназ, ата-анасы Қалжанова Гүлфайруз Мухтаровна, мұғалімі Бракенова Эльмира;

10А сынып оқушысы Канатова Мақпал, ата-ана Абдикерова Сара Тугелбаевна.

*16 желтоқсан — Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған «Тәуелсіздік-тірегім, елім деп соққан жүрегім!» атты онкүндік аясында «Азаттықтың ақ таңы» атауымен сахналық қойылымдар байқауы өтті. Байқауға 6-11 сынып оқушылары қатысты.

Қазылар алқасының құрамында С.Қожамқұлов атындағы қазақ драма театрының әртістері ҚР Мәдениет саласының үздігі Құрман Бекмырзаұлы, Салтанат Нұрланқызы мен Бауыржан Бақытбекұлы болды.

Жалпы қорытынды бойынша Бас жүлде — «Ләззат Асанова монологы» шығармасын орындаған оқушыларға;

1-орын «Менің атым — Тәуелсіздік» шығармасын орындаған оқушыларға;

2-орын «Азаттықтың ақ таңы» шығармасын орындаған оқушыға;

3-орын «Өткен шаққа хат» шығармасын орындаған оқушыға берілді.

«Ең үздік ер рөлі» номинациясы Жүнісбек Әділетке, «Ең үздік әйел рөлі» Сламбек Сұлушашқа, «Жас талант» Гаппас Исламбекке, «Көрермен көзайымы» Өмірбек Айымға берілді.

*Оқырман мен кітап оқушы қоғамды қалыптастыру қызметі жоғары дәрежеде болу үшін, жас ұрпақты тәрбиелеуде және рухани байытуға көмек көрсету мақсатында мектебімізде "Оқырман кабинеті" ашылды.

Кабинеттің ашылу салтанатына облыстық білім басқармасының басшысы Төлекова Сафура Сейдуалиевна, мектеп ата-аналар қатысты. Оқушылар, ата-аналар, ұстаздар "Оқырман кабинетіне" кітап сыйға тарту етті. Қонақтар "Тәтті кітап" торттарымен бірге Абай әндерін шырқап, сұрақ-жауап арқылы Абай өміріне саяхат жасады.

*Күзгі демалыстағы баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында

6 "А", "Ә", "Б" мен "В" сынып оқушылары, сынып жетекшілері және мектебіміздің кітапханашысы Жезқазған қаласы "Балалар мен жасөспірімдер" кітапханасында "Ертегілер әлеміне саяхат" кітапхана сағатын өткізді.

Басты мақсаты:

- Кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру;

-Мәдениетті, парасатты, рухани ойлауы терең, ар - ожданлы мол еңбекқор ұрпақты тәрбиелеу;

-Кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу.

Саяхат кезінде оқушылар ертегілермен танысып, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттырды. Кітапханадан өздері таңдаған кітаптарын оқуға жаздырып алды.

27.04.2023ж.

"Жырлайды жүрек" атты Мұқағали Мақатаевқа арналған поэзия кешіне 8-9-10 сыныптың балалары "Кешкі кітапхана" аясында мектеп кітапханасында ұйымдастырылып отырған кешке қатысты.

Балалар Мұқағали өмірінен жаңылмай сұрақтарға жауап берді, жүргізушілер ақын туралы жалпы мәлімет бере алды.

Балалар өздерінің өлең оқу мәнерінен де сыналды, әрине Мұқағалидей оқу қолдарынан келмесе де тырысып бақты.

Поэзия кешіне өз үлестерін қосқан: Әбден Гүлсімай, Жарқынбек Бақдаулет, Сиязбек Алия, Сырлыбай Еркебұлан. Кешті жүргізген 10 сынып оқушысы Әмір Ханбибі және 9 сынып оқушысы Байжігіт Нұркелді.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында ұйымдастырылған мұғалімдер мен қызметкерлер арасындағы Н. Келімбетовтің "Үміт үзгім келмейді" шығармасы негізіндегі кітап оқу байқауында жеңіске жеткен келесі мұғалімдер марапатталды:

орын-қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Р.Т.Түсіпназарова;

орын-қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.А.Ораз;

орын-математика пәнінің мұғалімі Ж.А.Конысова;

орын- биология пәнінің мұғалімі Н.Шынтасова;

Зорын- мектептің тәрбиешісі А.А.Кожабекова.

26.04.23 ж. 5-6 сынып оқушылары ақын, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Ерлан Жүніспен zoom платформасында кездессе, қаламгер, ғалым Нұрдәулет Ақышпен жүздесті.

Ерлан Жүністің «Менің атым — Тәуелсіздік», «Нараду» толғауларын сұрақ қоя отырып, автормен бірге талдады. Жазушы Н.Ақыштың «Нағыз әже қайда?», «Қалалық емес қарт», «Иттен ұялған бала» әңгімелерін оқып, авторға сауал жолдап, талдау жасады. Іс –шараға 25 оқушы қатысты.

Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Ұлттық тәрбие беру бағытында «22 қыркүйек – ҚР-дағы Тілдер күні» мерекесіне орай қоғамдық-гуманитарлық пәндер мұғалімдерінің ұйымдастыруымен апталық өткізілді.

6.09.22ж. Алаш көсемі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай ұйымдастырылған «Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» тақырыбында ақын мұрасына әдеби талдау жасау челленджі өтті. Мақсаты: Ақын поэзиясының құндылығын өскелең ұрпаққа ұғындыру. Поэзия әлеміне деген сүйіспеншіліктерін ояту, шығармаларын оқу арқылы патриоттық рухын

көтеру. Аталған челлендж барысында мектебіміздің оқушылары ақынның әртүрлі тақырыптағы өлеңдерін оқып, бір-біріне жолдау арқылы жалғастырып отырды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1567195933699162&set=pcb>.

7.09.22ж. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай ұйымдастырылып отырған «Ақыл-білімнің диханшысы» атты мәнерлеп оқу байқауы өтті. Мақсаты: Оқушыларды ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, ана тілін қастерлеуге баулу, мемлекеттік тілдің өркендеп, дамуына, мәртебесін биік ұстау жөнінде, әр ұлттың өзіндік тіл ерекшелігі болатынын түсіндіру. Оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын молайту, жұрт алдында еркін ауыз екі сөйлеуге баулу. Бұл сайыс 5-6- сыныптар арасында өтті. Жүлделі І орынға Құрманғазы Нұрислам 5 в сыныбы, ІІ орынға Қабден Айғаным 5 Б сыныбы, ІІІ орынға Жолдасбай Айару 6 Б сынып оқушысы ие болды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1565976027154486&set=pcb>

8.09.22 А. Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы мен Тілдер мерекесінің жоспарына сәйкес сабақтар арасындағы үзілістерде 5-11 сынып оқушылары арасында “Ақын мұрасы – рухани қазына” тақырыбында әдеби викториналық ойындар ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1567737630311659&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1567743876977701&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1574314892987266&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1565977590487663&set=pcb>.

«Мәңгілік ел: Отан. Тәуелсіздік. Құқықтық мемлекет», «Мен өз Отанымның патриотымын», «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы аясында Тәуелсіздік таңдары бақ береді баршаға», «Көк тудың желбірегені, Елдіктің асқақ өлеңі!», «Бірлігі мен ынтымағы жарасқан - Қазақстан», «Бір шаңырақ астында», «Жас Ұландар – ел мақтанышы», «Бейбітшілік, ынтымақтастық және даму мұсылман әлемінің бірлігі», «Достық пен татулық – ел ырысы» тақырыбында сынып сағаттары. Облыстық «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» Абай оқулары жоғары деңгейде өткізілді. «Қош келдің, әз - Наурыз!» тақырыбында ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау шаралары өткізілді.

14-23 наурыз аралығында мектебімізде Наурыз мейрамын тойлауға байланысты «Наурыз-тәрбиенің түп қазығы» тақырыбында іс-шаралар өткізілді.

<https://www.facebook.com/100013840905144/videos/1658026848040405/>

Өткен іс – шараларда 5-8 сыныптардың арасында «Абай жолы-халық жолы» тақырыбында ата-аналарымыздың, балаларымыздың қатысуымен Наурыз мейрамының тәрбиелік мәнін бар, бірлік пен ынтымақтың рөлін түсіндіруге бағытталған іс-шаралар өткізілді, салт дәстүрлерден көріністер көрсетілді. Наурыз мейрамының негізгі мақсаты-Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру.

Мерекелік іс-шарада 10 сыныптардың концерттік бағдарламаларын тамашалап, ұлттық салт-дәстүрлер көрсетіліп оқушылардың назарларына ұсынылды. 9 сыныптардың арасында қазақ күресі, арқан тартыс, гір тасын көтеру, асық ату және армрестлинг сияқты ұлттық спорт түрлерінен күш сынасып балаларымыз марапаттарға ие болды.

14.03.23 «Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек, жылқыда да жылқы бар қазанаты бір бөлек». Қазақ тарихында есімі еліне ұран болған батырлар көп. Ер жігіттің жеті қазынасының біріне баланған жүйрік ат - батырлардың сенімді серігі. Наурыз мейрамы қарсаңында мектебіміздің ата-анасы Бекзат Дайрабайұлы жылқыға қатысты түрлі деректерді жіпке тізіп, 10 сыныптың ер балаларына ат әбзелдерін толығымен таныстырды. Іс –шараға 45 оқушы қатысты.

14.03.23 «Әке көрген оқ жонар...» тақырыбында 5 сынып оқушылардың әкелерімен және оқушылармен тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: ата – бабамыздан ұрпақтан – ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәрбие туралы түсінік беру. Жанұя арасындағы байланыс, әкенің ұлға берілетін тәрбиесінің ықпалын айтып, балаларды бірін – бірі сыйлай білуге, қамқорлыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

15.03.23 технология пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері» тақырыбында ою-өрнек түрлерімен жақынырақ таныс болу үшін, ою-өрнектердің қай жерде қолданылатынын білу үшін іс –шарамызға мектебіміздің ата- анасы, әжеміз Ұлтай Ахметқызы шақырылды. Ұлтай апай қыз балаларға ою-өрнектер негізінен төрт түрге бөлінетінін айтып өтті: жануар тектес, өсімдік тектес, ғарыштық, геометриялық. Бұлай бөлінуінің өз себебі бар жануарға, оның мүйізіне табанына ұқсас оюларды жануар тектес, гүлге, жапыраққа, ағашқа ұқсас оюларды өсімдік тектес, геометриялық фигураларға ұқсас оюларды геометриялық, айға, жұлдызға, аспан денелеріне ұқсас оюларды ғарыштық деп атаған. Ою-өрнектің астында мағына болады.Өткен іс –шаралар қыз балалар үшін қазақтың ұлттық ою-өрнектерін білуге үйретеді.

16.03.23 Ұлыстың ұлы күні әз-Наурыз мейрамы қарсаңында Абай ауылындағы наурыз тойы аталып өтілді. Ұлттық құндылықтарды насихаттауға арналған іс-шарада М.Әуезовтің "Абай жолы" романындағы салт-дәстүрлер ұлықталып, ата-аналар мен оқушылардың бірлескен көріністері қойылды. Романдағы жер-су атаулары бойынша бөлінген ауылдар: Жидебай, Шыңғыстау, Ералы, Қарашоқы, Ақшоқы, Найзатас, Көлқайнар, Алшынбай ауылдары алтыбақан жанында, қымызмұрындық, қанжыға байлау, үкі тағу, ілу, бастаңғы, ас беру, құда түсу дәстүрлерін роман желісі негізінде көрсетіп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болған қазақ халқының асыл қазынасын өскелең ұрпаққа насихаттай білді. Іс-шара барысында ақ жаулықты әжелеріміз өздерінің немерелеріне салиқалы әңгіме айтып, сазды әуендерін шырқады. Ал әкелеріміз бен аталарымыз Абай мектебінің ұл-қыздарына ақ баталарын беріп, ақ жол тіледі. "Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді" демекші, бұл той басқа тойлардан ерекше болды. Іс –шараға 5-11 сыныптар қатысты және 150 ата –ана қамтылды.

17 наурыз күні Наурыз мейрамына арналған республикалық челлендж өтті челленджге 35 оқушы қатысты.

19 наурыз Береке күні. Бұл күні әриүй " Қазан тол" рәсімі бойынша наурыз көже пісіреді. Осындай өнегені ата - аналарымыз қыз балаларға көрсетті.

Облыстық АСЫҚ АТУ ЧЕЛЛЕНДЖІ 5-6-7 СЫНЫПТАР АРАСЫНДА өтті.Челлендж қатысушыларына ұсынылатын ойындар:1)«Бес табан» ойыны ; 2)«Бес асық» ойыны. Челленджге 150 оқушы қатысты.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1703749913377096&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1704760046609416&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1708554582896629&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1707737289645025&set=pcb>.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты .

8.09.22 мыс шаһары жез мекеніміз Жезқазған қаласының туған күні. Мысты шаһарамыздың 68 жылдық туған күнін атап өту кеші сағат 9:00де Metallург стадионында Спорттық жарыстар іс-шарасына Абай атындағы мамандандырылған мектеп интернатының оқушылары қатысты. Жарыс бағдарламасы бойынша спорттың шағын футбол, стритбол, жеңіл атлетика, дартс, асық ату, садақ ату, дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ, қол күресі, желке тартыс, арқан тартыс, қой көтеру, Зумба, степ аэробика, әкем, шешем және мен отбасылық эстафета, пауэрлифтинг түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып өткізілді. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері мақтау қағаздарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Садақ ату 2 орын - Кожуков Санжар ;

Асық ату 2орын - Байзакеш Бейбарыс;

Дойбыдан 2орын- Накупов Рамазан

Стритбол 2орын -Бекжігіт Мұстафа, Әлиасқар Нұралі, Бекен Әбілмансур, Абдразақов Рамазан;

Шахмат 3 орын -Манат Алим;

Дартс 2 орын-Абдуллаев Әділет;

Дартс Зорын- Байзакеш Бейбарыс

Дартс 1 орын- Ахметова Гульмира;

Дартс 3 орын- Төлегенова Сымбат

Ораз Жайдарбек- Тоғызқұмалақ 1орын;

Асық ату 1 орын-Сырымбет Нұрасыл; Удербаев А.

Төлеген Қуандық-Асық ату 2 орын.

“Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі”ММ ұйымдастыруымен өткен мектеп лигасы ойындары аясында 5-6 сынып қыздар арасында өткізілген футболдан қалалық жарыста мектебіміз оқушылары жүлделі 2-орынға ие болды. Қыздар командасы құрамы: Марат Жасмин, Токбулатова Ғазиза, Серік Нұрай, Қуаныш Айзере, Ағайдарова Інжу, Жүсіп Самал, Тілеулі Інжу, Сайлаубек Мадина, Жақсылық Рауан, Әлмен Жұлдыз. Жетекшісі:Ахметова Гүльмира Дайырханқызы.

19.12.2022 жылы мектебімізде, Шахмат үйірме жетекшісі Адилхан Омарович Кожобеков, шахматтан блиц -турнир өткізді. Блиц -турнир 6 "Б" сынып оқушысы Байзакеш Бейбарыстың туған күніне арналған болатын. Осындай турнирлер үйірме мүшелерінің қатысуымен дәстүрге айналды. Жарысқа 5, 6, 7, 8, 10-сыныптар қатысты. Нәтижесінде блиц -турнирде жеңімпаз атанғандар 1-орын-Бакытов Ерасыл 8 б 2-орын Баймурынов Әбілмансұр 5 а, 3-орын Абдуллаев Ернур 6 б сынып оқушылары.

Екі күн қатарынан өткен мектепшілік шахмат турнирінің жеңімпаздары бүгін анықталды. Қыздар арасында 1орын - Муханбетжан Гүлім 8В, 2орын –Жолдығалиқызы Жансая 8А, 3орын- Шынтас Гүлхан 7А. Ер балалар арасында 1орын – Манат Алим 5Ә, 2орын – Бакытов Ерасыл 8Б, 3орын - Муханбетжан Гүлім 8В. Командалық есеппен 1 орын – 8В, 2 орын – 8А, 3 орын –5Ә. Турнирдің өтуіне демеушілік жасаған жеке кәсіпкер Длимбетов Ардақ Катарбаевич.

Ұлытау облысы білім басқармасы ұйымдастырған 9-11 сынып оқушылары арасында өткен үстел теннисінен мектебіміздің оқушылары Шубаева Жамиля, Аманбек Назарбек, Жұмабай Нұрәлі 3- орын иеленуде. Жетекшісі Сагинаев Алмас Ануарович.

Түркістан қаласында “Спорт жұлдыздары” журналының жүлдесі үшін өткен АӨТД пәні мұғалімдерінің арасындағы “Пневматикалық винтовкадан ату” республикалық турнирінде мектебіміздің АӨТД пәнінің мұғалімі Ерлан Өмірзақов жүлделі 2орынға ие болып, арнайы төсбелгімен марапатталды.

Баскетболдан2007-2008 және одан кіші жасөспірімдер және қыздар арасындағы Ұлытау облысының Чемпионатында

2 орынды мектеп командасы жеңіп алды және баскетболдан "Үздік жаттықтырушы" номинациясымен денешынықтыру пәнінің мұғалімі Ахметова Гүльмира Даирхановна марапатталды.

25-26.02.2023ж. Түркістан қаласында жасөспірімдер арасында Республикалық шахмат чемпионаты өтті. Ұлытау облысы бойынша Абай атындағы мамандырылған мектеп-интернатының екі оқушысы қатысты. Нәтижесінде, ұлдар арасында 11-12 жас аралығында 5-ә сынып оқушысы Алим Манат-7,5 ұпай 9-ойнан алып 1- орын жеңіп алды! Қазақстан Республикасының жасөспірімдер арасында чемпион атанған 8-в сынып оқушысы Гүлім Мұханбетжан қыздар арасында жаксы ойын көрсету арқылы "Таңдаулы ойыншы" және 3 разрядқа ие болды. Жетекшісі-бапкер Адилхан Омарович Кожобеков.

“Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі”ММ ұйымдастыруымен өткен мектеп лигасы ойындары аясында 5-6 сынып қыздар арасында өткізілген футболдан қалалық жарыста мектебіміз оқушылары жүлделі 2-орынға ие болды. Қыздар командасы құрамы: Марат Жасмин, Токбулатова Ғазиза, Серік Нұрай, Қуаныш Айзере, Ағайдарова Інжу, Жүсіп Самал, Тілеулі Інжу, Сайлаубек Мадина, Жақсылық Рауан, Әлмен Жұлдыз. Жетекшісі: Ахметова Гүльмира Дайырханқызы.

20-25ақпан аралығында Ақмола облысы, Атбасар қаласында кіші жасөспірімдер арасында Бокстан Қазақстан республикасының аймақтық чемпионаты өтті. Ұлытау облысының құрама командасының қатарында мектебіміздің 8 "Б" сынып оқушылары Бакытов Ерасыл 58 кг қола жүлдеге ие болып, Жәнділдә Диас 61кг салмақ дәрежесінде алтын жүлдеге ие болып чемпион атанды. Ұлытау облысы білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Балалар жылы» аясында 9-11 сынып оқушылары арасында өткен облыстық спартакиадада мектебіміз оқушылары жүлделі орындарға ие болды.

Шахматтан жүлделі 1-орын, жетекшісі Қожобеков Адилхан Омарович.

Үстел теннисі жүлделі 2-орын, жетекшісі Ахметова Гүльмира Дайрхановна,Сагинаев Алмас Ануарович

«Спорт - біздің досымыз!» атты эстафетада жүлделі 2-орын, жетекшісі Ахметова Гулмира Дайрхановна.

Салауат фракциясының мүшесі Айтқұл Назым мен Камали Аянаттың ұйымдастыруымен 10 "Ә" сынып оқушыларына "Зиянды әдеттерден аулақ болайық!" тақырыбында мектеп медбикесінің қатысуымен тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: салауатты өмір салтын ұстану, қазіргі қоғамға талабына сай салауатты, білімді ұрпақ тәрбиелеу, зиянды заттар туралы білімін кеңейту, оқушылардың ой-пікірлерін тыңдау.

Мектеп парламентінің "Спорт және салауатты өмір салты" фракциясының ұйымдастыруымен "Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулығына зияны" тақырыбында, СВА "Кошумбаеваның" ақушер медсестрасы Тельбаева Перизат Жумашевна қыз балалармен кездесу өткізілді.

Мақсаты: Әлемде, жалпы елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіре отырып қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңестер беру. Оқушыларға көрсетілген бейне фильм арқылы сюжет бойынша өз ойларын ортаға салды. Қыз балалар өздеріне қажетті медициналық кеңестер алды. Іс -шараға 8-9-10-11 сыныптардың 140 қыз балалары қатысты.

8.12.22 күні шахматтан мектепшілік турнир өтті. Жеңімпаздар анаңталды. 1-орын-Манат Алим 5"Ә", 2-орын-Бақыт Ерасыл 8"Б", 3-орын- Усабеков Арғын 8"Ә".

16 желтоқсан — Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған «Тәуелсіздік-тірегім, елім деп соққан жүрегім!» атты онкүндік аясында «МЕКТЕП БАРЫСЫ» қазақша күрес спорттық жарысы өтті. Спорттық іс -шарасына төрелік еткен Бейсенбаев Жандос Бейсенбайұлы Самбо куресінен Азия чемпионы, Қазақстан республикасы чемпионаты бірнеше дүркін жеңімпазы мен жүлдегері, Спорт шебері және Кайсаров Жандос Камаладинұлы спорт шебері, Қазақстан республикасы чемпионаты бірнеше дүркін жеңімпазы мен жүлдегері қатысты. Жалпы жарыстың қорытындысы бойынша Бас жүлде — " Мектеп БАРЫСЫ" Абюрханов Нұрасыл 10"А" сынып оқушысы марапатталды және 10000 теңгелік сертификатқа ие болды. Жүлделі орынның иегерлері бағалы сыйлықтармен және медальдармен марапатқа ие болды.

55 салмақты қыздар арасында: 21 бала марапатталды.

Ұлытау облысының аудандары мен қалалары арасында «Ақ қар» қысқы спартакиадасында қысқы Президенттік көпсайыста 40жас және одан жоғары әйелдер арасында II-орын иеленген дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ахметова Гулмира Дайрхановна, конькимен сырғанау жарысында 35 жас әйелдер арасында III-орын иеленген жатақхана тәрбиешісі Қожабекова Айжан Алиаскарқызы.

Қазақстан шайбалы хоккейінің жұлдыздары: үздік шабуылшылар Саян Данияр («Сарыарқа» ХК), Никита Михайлис («Барыс» ХК) және Роман Старченко («Спартак» ХК) «ARYSTAN» клубының амбассадорларымен кездесу өтті. Кездесу барысында оқушылар сұрақ қойып, естелікке спортшылардан автографтарын алды. Іс шараға 150 ер бала қатысты.

17.05.23 ж. Жезқазған қаласының мектеп оқушылары арасында шахматтан облыстық іріктеу кезеңі өтті. Жалпы чемпионатқа 10-команда қатысты. Нәтижесінде, 1-орын - білім инновация мектебінің командасы жеңіп алды; 2-орынды Абай мектебінің командасы және 3-орын N 3 мектеп командасы ие болды. Жеке есепте 1-орын Абай мектебінің 8а сынып оқушысы Бакытов Ерасыл , қыздар арасында 1-орын Абай мектебінің 8в сынып оқушысы Муханбетжан Гулим жеңіп алды. Абай мектебінің командасы: Елғазы Диас, Бакытов Ерасыл, Муханбетжан Гулим, Усабеков Арғын, Токшылық Айбек, Абдрахман Халиулла.

16.10.2022, жылы, Халықтар достығы мен мәдениет үйінде Қазақстан Республика күніне арналған шахматтан Калалық блиц -турнир өтті. Чемпионатқа қала мектептерінің оқушылары қатысты. Нәтижесінде мектебіміздің 5- және 6-ши сыныптар арасында 1-орын Манат Алим 5 сынып, және 2-орын - Байзақеш Бейбарс 6-сынып оқушылары марапатқа ие болды.

29.05.23 [#Ассамблеянарода Казахстана](#) [#балалықшақәлеміқандайғажап](#) [#өзінеөзібасқару хештегімен жарияланған](#) СПОРТТЫҚ ФЛЕШМОБқа қатысқан 8 сынып оқушылары 100 бала.

[#АссамблеянародаКазахстана](#) [#балалықшақәлеміқандайғажап](#) [#өзінеөзібасқару](#) "БАҚЫТ, КҮН, ДОСТЫҚ-балаларға" спорттық флешмоб.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1749297562155664&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1694676517617769&set=a>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1694659707619450&set=pcb>.

Еңбек, экономикалық, экологиялық тәрбие

17.10.2022ж. Ұлытау облысы білім басқармасының жоспарына сәйкес, 25-қазан Республикасы күні аясында 5-сынып оқушылары арасында "Менің атаулы гүлім" атты акциясы өтті. Акция аясында 5 сынып ата аналары да өз үлестерін қосты. Акцияның негізгі мақсаты өскелең ұрпақты еңбекқорлыққа, жауапкершілікке, гүлдерге күтім жасауға, гүлдерге қамқорлық жасауға, табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелейді. Акция аясында түрлі гүл өсімдіктері отырғызылды.

20.10.2022 ж. Мектепшілік жоспар бойынша 5-8 сыныптар арасында «Берекелі алтын күз» тақырып бойынша көрме ұйымдастырылды. Көрмеге 12 жұмыс ұсынылды.

20.10.2022 ж. Мектепте «Алтын күз» кешін өткізу дәстүрлі мерекеге айналған. Сол дәстүрді жалғастыра отырып, мектепте 9-10 сыныптар арасында «Алтын күз-2022» мерекесі фракцияның ұйымдастыруымен өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың күз мезгілі туралы түсініктерін молайту, табиғатты аялауға, қоршаған ортаны сүюге, әсемдікті көре білуге тәрбиелеу. Олардың бойында эстетикалық тәрбие қалыптастыру.

21.10.2022ж. 25-қазан Республикасы күні аясында 6-сынып оқушылары арасында "Менің атаулы гүлім" атты акциясы өз жалғасын тапты. Акция аясында 6 сынып оқушылары өз үлестерін қосты. Акцияның негізгі мақсаты өскелең ұрпақты еңбекқорлыққа, жауапкершілікке, гүлдерге күтім жасауға, гүлдерге қамқорлық жасауға, табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелейді. Акция аясында түрлі гүл өсімдіктері отырғызылды.

Мектебімізде 6-7-8 сынып оқушыларының арасында қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімдерін ояту мақсатында «ЭКО- мен, ЭКО-сен, ЭКО-ӘЛЕМ» жобасы ұйымдастырылып өткізілді. Оқушылар бұл көрмеге 50-ден астам жұмыстарын ұсынды. Пайдаланбайтын экологиялық қауіпсіз қағаз пакеттерін, пластик бөтелкелерін, бірнеше рет қолдануға болмайтын заттардан әртүрлі бұйымдар жасады. Оқушылардың көздеген мақсаты даладағы қоқыстарды азайтуды. Жобаға оқушыларымыз өз қолдарымен жасалған «ЭКО заттарын» ұсынып, өз ойларын жүзеге асырды, оқушыларының жұмыстары ерекше және жасаудағы идеясымен ерекшеленді. Бұл жобаны жүзеге асыру әрбір азаматтың экологиялық ой -санасын жаңа арнаға бұрады деген үміттеміз. Бұл жоба өзінің жалғасын табады.

Кәсіби бағдар беру

Ұлытау облысының әдістемелік орталығының ұйымдастырумен өткен "Мамандықтар әлемін ашамыз" республикалық форумының облыстық кезеңі өтті. Абай атындағы мамандандырылған мектеп интернатынан алты оқушы жеңіске иеленді.

"Мен мамандықты... тандаймын" номинациясы бойынша Елғазы Диас 2 орын, Шәріпжан Меруерт 3 орын, жетекшісі Лазарева Ақбота Лазаревна; Избасар Айсұлу 3 орын иеленді, жетекшісі Шынтасова Назерке Абаевна;

"Болашақтың мамандығы..." номинациясы бойынша Исаева Дильназ 1 орын, жетекшісі Раимбекова Динара Журсиновна, Асан Самал 2 орынға иеленді, жетекшісі Жетибаева Айгуль Амзеевна;

«Менің кәсібім - менің бизнесім» номинациясы бойынша Қойлыбай Әйгерім 3- орын иеленді, жетекшісі Утенова Құралай Жұмағалиевна.

Кәсіби бағдар беру жұмыстары жалғасуда. 11 сынып оқушылары Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетіне "Мамандықтар әлемі" тақырыбында экскурсия жасады. Бұл экскурсиядан түлектер болашақ мамандықты және нақты жоғары оқу орнын тандап алуға үлкен мүмкіндік алды. Экскурсия барысында "Технологиялық машиналар және құрылыс", "Электр энергетикасы және қоршаған ортаны қорғау", "Тау-кен, металлургия және жаратын", "Қазақстан тарихы және экономика" кафедраларының меңгерушілері түлектерді оқу орнының ерекшеліктерімен, материалдық-техникалық базасы мен тарихы жайлы таныстырып, сәйкес мамандықтарға оқуға шақырды. Экскурсияның қортындысы түлектердің қандай да бір оқу орнына түсуге деген құштарлықтарын арттыруға септігін тигізді. Түлектер өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алды.

12 сәуір ғарышкерлер күніне арналған 5-6 сыныптар аралығында макеттер сайысы өткізілді. Мақсаты оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылығын шыңдау.

Жасалған макеттердің арасында космонавтика күніне арналған жаңа қолөнерді көруге болады. Оқушылар байқауға әдемі сапалы жұмыстарын ұсынды. Нәтижесінде :

Бас жүлде -5А сыныбы;

1орын -6 Б сыныбы;

2орын- 6В сыныбы;

Зорын-6 Ә сыныбы. Қалған сыныптра белсене қатысқан үшін Дипломдармен марапатталады.

13.05.2023 жылы мектеп уаласында оқушылары, ата -аналары “Жасыл мекен” челленджін ұйымдастыру мақсатында мектеп ауласында көшеттер, жеміс ағаштарын отырғызды(60 көшет) «Жасыл мекен» челленджі білім алушылардың қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды, адал еңбекті бағалауды дәріптейді. Оқушыларымыз ата -аналарымыз “Жасыл мекен” челленджіне белсене қатысты.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/906604557080492/>

«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының облыстық кезеңіне қатысқан білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына экологиялық бағдарланған қатынасты тәрбиелеу мақсатында «Экотейтер» номинациясы бойынша экология туралы шағын спектакльдермен бейнероликтер байқауына қатысқан оқушылар 2 орын жеңіп алды. «GREEN OASES» номинациясы бойыншы ландшафтық жобалар байқауына қатысқан 10 сынып Түгелбай Аяулым 2 орын жеңіп алды

Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

25-қазан Республика күніне орай " I love kz-2022" фотогалереясы жобасы аясында өлкеміздің мұражайларының тарихын танып білу мақсатында оқушыларымыз музейге барды. Мұражайға барып ескерткіштердің тарихын зерттеу арқылы оқушылар танымдық белсенділіктерін арттырды.

25 қазан Республика күні қарсаңында өтетін «Тәуелсіздік – Алашымның арманы» айлығының жоспарына сәйкес 8.10.2022 жылы Мектеп Парламентінің фракциясының ұйымдастыруымен «Мен және әдемі әлем» көркем –эстетикалық тәрбие бағыты бойынша «I love KZ» фотогалереясы жобасы аясында оқушылар С. Қожамқұлов театрына барып Л.Егембердиеваның «Көресінді көрмей» мелодрамасының көрермені болды. Бұл ұйымдастырған іс -шараның мақсаты театрға бару арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Оқушылардың рухани дүниесін дамыту, өнерге баулу. Театрға 8 сынып оқушылары барды.

«Atamura Education» ғылыми-әдістемелік орталығы, «Qanatty Qalam» балалар танымдық журналы 2022-2023 оқу жылындағы қашықтан өткізілетін "Бояулар құпиясы" жас суретшілер байқауына қатысып жүлделі орындарға ие болды. Байқау мақсаты «Atamura Education» ғылыми-әдістемелік орталығы шығармашылық бағытта көптеген байқаулар ұйымдастыруы арқылы оқушыларға өздерінің кәсіби және шығармашылық потенциалдарын танытып, қабілет-қарымын одан ары ұштай түсуге ықпал ету. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесіне орай және "Тәуелсіздік-тірегім, елім деп соққан жүрегім" атты Тәуелсіздік күніне арналған онкүндік іс-шаралар жоспарына сәйкес "Гүлдене бер, Қазақстан!" атты патриоттық би сайысы өтті. Бұл сайысты ұйымдастырудағы мақсат оқушыларды еліміздің Тәуелсіздігін құрметтеуге бағыттау және де патриоттық биге деген ынталарын арттыру.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1634762926942462&set=pcb>.

Патриоттық би сайысына төрағалық ететін «Шалқыма» өнер академиясының арт директоры Садыкова Макпал Айткалиевна, «Қарақат» өнер мектебінің хореографы Кенесова Аружан Нуртайқызы, 8 ші мектеп гимназиясының хореографы Әділбек Аружан Әділбекқызы, «NoN-STOP» продюсерлік орталығының хореографы Шайхислам Аружан Төребекқызы.

Қорытынды бойынша:

«Көрермен көзайымы» -6 «А» сыныбы

«Өнерлі өрендер» -5 «В» сыныбы

«Ең үздік әртістік топ» -10 «Ә» сыныбы

«Ең үздік патриоттық нөмір»- 7 «В» сыныбы,

"Ең үздік костюм"-10 "А"сыныбы.

Бас жүлде – 5 «Ә»сыныбы және 9 «В» сыныбы

1 орын 10 «В» сыныбы

2 орын 8 «Б» сыныбы

3 орын 7 «Б» сыныбы. Жалпы 22 сынып қатысып алғыс хаттармен марапатталды.

"Тәуелсіздік- тірегім, елім деп соққан жүрегім" атты апталықтың аясында " Әнім сенсің, туған жер" тақырыбында "Үш жұлдыз" байқауы оқушы- мұғалім- ата-ананың қатысуымен өтті.

Іс - шарамыздың әділ қазылар алқасы Әбілбай Әділет филармония әншісі, "Ақкөгершін" халықаралық байқауының, "Ұлытау үні" фестивалінің жүлдегері, "Жұлдыз 2018" гранпри иегері, Асхат Сағындықов Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармония әншісі Сламғазы Медет, Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық драма театрының актёры, Мұсылманбаева Ұлжан Жезқазған музыкалық колледжінің эстрадалық ән салу бөлімінің оқытушысы, Жаксыгелди Сейілов атындағы конкурстың жүлдегері, "Ұлытау үні" фестиваль аясында өткен "Жұлдыз-2011" Гранпри иегері. Сайыстың қорытындысы бойынша:

Бас жүлде7"В"-Мухаметжанова Айым,

1-орын Омар Еркеназ 6"В"

2-орын Айманбет Дінмұхаммед 5"Ә",

3-орын Қалмұрат Жания 9"В"

3-орын Алтынхан Нұрасыл 8 "Ә",

3-орын Дукенбай Дильназ 10"Б" орындарға ие болды.

Алғыс хатпен Нұрлыбек Нұрәділ 5"В", Шайман Балғын 6"Ә", Ислам Ерсін 8"Б", Байжігіт Нұркелді 9"Ә", Өмірзақ Нарғыз 10"Ә" оқушылары марапатталды.

"Тәуелсіздік- тірегім, елім деп соққан жүрегім" атты апталықтың аясында «Тәуелсіздік – қасиеттім, қастерлім!» тақырыбында оқушылар айтысы өтті. Іс - шарамыздың әділ қазылар алқасы Ізтілеу Түсіпов, Мәди Олжабай, Мақпал Ермаханқызы. Сайыстың қорытындысы бойынша:

1-орын Алтынхан Нұрасыл 8 «Ә», 1-орын Тілеулі Інжу 6 «А»,

2-орын Шырынбек Санжар 6 «А», 2-орын Оңашабай Жандос 6 «Б», 3-орын Өтеш Ақжібек 8 «Ә», 3-орын Сайлаубекова Лаура 5 «Ә», 3-орын Байзақеш Бейбарыс 6 «Ә» орындарға ие болды.Жүлдегерлер марапатталды және сертификат пен бағалы сыйлықтарға ие болды.

*"Тәуелсіздік- тірегім, елім деп соққан жүрегім" атты онкүндік апталығы аяқталды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1635437143541707&set=pcb>.

Тәуелсіз күніне ұйымдастырылған он күндік арнайы іс -шарасы өз мәресіне жетті. Гала концертке онкүндік іс -шарадан үздік шыққан сыныптар марапатталды.

Іоблыстық шығармашылық байқауының "Вокал"(соло)жанры бойынша БАС ЖҮЛДЕМұхамбетжан Айым жетекшісі Омарова Ақбота Аманжоловна.

Іоблыстық шығармашылық байқауының ТЕАТР жанры бойынша БАС ЖҮЛДЕ сахна өнері үйірмесінің оқушылары бүгінгі қойылыида БАС ЖҮЛДІ жеңіп алды. Жетекшісі Джарқынбеков Ардақ.

Іоблыстық шығармашылық байқауының Көркем сөз оқу (театр)жанры бойынша БАС ЖҮЛДЕ Сламбек Сұлушаша жеңіп алды. Іорын Тлеулі Інжу, Жұмабек Амина алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі Ораз Абай Амангелдіұлы.

Іоблыстық шығармашылық байқауының ҚАЗАҚ АСПАПТАРЫ жанры бойынша "Жігер" ансамблі 1 орын жеңіп алды. Жетекшісі Ақтайбекова Айнұр.

Іоблыстық шығармашылық байқауының ҚАЗАҚ АСПАПТАРЫ жанры бойынша (Соло) жеке орындаушы Нұржан Назым 1 орын жеңіп алды. Жетекшісі Ақтайбекова Айнұр.

ОБЛЫСТЫҚ "МҰРАГЕР-2023" Іоблыстық шығармашылық байқауының "Хореография"жанры бойынша БАС ЖҮЛДЕ.

Ұлытау облысының 1 жылдығына және 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған "Мұрагер -2023" Іоблыстық шығармашылық байқаудың гала концертінде мектебіміз бір неше БАС ЖҮЛДЕМЕН марапатталды.

"Театр өнері" бойынша БАС ЖҮЛДЕ -жетешісі Джарқынбеков А. ;

"Көркемсөз" номинация бойынша БАС ЖҮЛДЕ -жетекшісі Ораз А.;

"Хореография" жанры бойынша БАС ЖҮЛДЕ жетекшісі Тілегенова Г.;
"Тик Ток" номинация бойынша БАС ЖҮЛДЕ жетекшісі Төлегенова С.; "Вокал" жанры бойынша БАС ЖҮЛДЕ жетекшісі Омарова А.

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысы

ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» әзірлеген. Бұл бағдарлама тәрбиенің үш құндылығына негізделген: **ұлттық мүдде, талап және ар-ұят**. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Мектептің тәрбие жұмысын жоспарлап, басқаруда мемлекеттің өзекті нормативтік құқықтық құжаттары басшылыққа алынып, жұмыс барысында іске асырылды. Әр жылдағы тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспарларында әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынады. Мектебіміздің тәрбие жұмысының стратегиясы оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасу үдерісіне белсенді қатысуына бағытталған. Жоспарда оқушылармен тәрбие жұмысын жүргізудің кешенді мәселелері сараланып, оларға тәрбие берудің негізгі мақсаты мен міндеті және оқушылардың білім алуы барысында тәрбие үдерісін жүзеге асыру бойынша негізгі іс-шаралар мен осы жұмыстарды жетілдірудің жолдары қарастырылды. Тәрбие жұмысының басты мақсатына жетуге келесі негізгі басымдылықтар алынады:

- Оқу үдерісінде тәрбие қызметін нығайту
- Оқушылардың өзін-өзі басқару қызметін жандандыру
- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру
- Оқушылардың адами құндылық және құқықтық тәрбиесі
- Клуб және үйірме жұмыстары арқылы оқушылардың рухани танымдық, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

2023 жылдың 8-ші қыркүйекте жоспарына сәйкес «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жолдары» тақырыбында сынып жетекшілерге арналған семинары ұйымдастырылды. Жұмыс барысында 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысын құндылықтар негізінде ұйымдастыру ерекшеліктерін нақтылау, білім алушылардың бойында құндылықтарды пәндік мазмұн, сынып сағаттары мен сыныптан тыс әлеуметтік тәжірибелер арқылы дарытудың әдіс-тәсілдерін меңгертуге бағытталды.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеуде «Ар - ұят, ұлттық мүдде, талап» үш құндылық бойынша тәрбие жұмысын жоспарлау қажеттігі түсіндірілді. Ұйымдастырылған семинарда сынып жетекшілерге сынып сағаттары мен тәрбие іс-шараларының шеңберінде: білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға тұлғалық қасиеттерге негіз болатын құндылықтарды дарытуға бағытталған маңыздылығы бар жобалары жүзеге асырылды: «Балалар кітапханасы», «Еңбегі адал жас өрен», «Жеткіншектің Жеті Жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы» «Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Тоғыз айға тоғыз шара», «Оқуға құштар мектеп», «Төрт тоқсанға- төрт шара».

Тәрбие жұмысы төмендегідей бағыттар бойынша жоспарланып, жүргізілді:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие ;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ

ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Жыл басында мектебіміздің психологы әр сыныпта оқушыларды зерттеу диагностикасын жүргізіп, жыл көлемінде атқарылатын шаралар жоспарланады. Ұлттық рухы биік, адамгершілік құндылықтары негізінде ойлау қабілеті жоғары оқушыларды тәрбиелеу мақсатында жыл көлемінде әр түрлі ұйымдармен жұмыс жоспарлаймыз. Білім тәртіптен басталатындықтан, оқушылардың бірыңғай талапты, мектеп формасын, мектептің ішкі ережесін орындаулары бақыланады.

Бүгінгі таңда мектебімізде оқушының алаңсыз білім алуы үшін дене тәрбиесімен айналысуына, салауатты өмір салтын ұстануына бағытталған іс-шаралар жоспары құрылған. Сынып жетекшілердің әр оқушыны зерттеп, ата-анамен, қоғамдық ұйымдармен жұмыс істеу сапасын жақсарту жұмыстары алға қойылды. Оқу жылының басында тәрбие жұмысы әртүрлі мазмұнды, түрлі формада ұйымдастырылып, оқушы бойына ұлттық салтымызды дарыта отырып, жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы жүзеге асуда.

Мектепте 2023-2024 оқу жылында 27 сыныпқа сынып жетекшілері тағайындалған. Сынып жетекшілері жыл басында бекітілген тәрбие жоспарымен жұмыс жүргізді. Жыл басында сынып жетекшілеріне лауазымдық нұсқаулық таныстырылады. Жоспарланған мақсатты орындау бағытында нақты міндеттер қарастырылды. Тәрбие жұмысы келесі құрылымдар мен тәрбие бағыттары бойынша іске асырылды.

Тәрбиелік жұмысын алқалық басқаруын құқық және тәртіп бұзушылықтың алдын алу-кеңесі, ата-аналармен жұмыс орталығы арқылы жүзеге асырамыз. Сонымен қатар, жеке тұлғалармен жан-жақты тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың өзін-өзі басқару, жұмыс формасы, тиімді қолданылады. Осы бағытта «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару ұйымы, дебат клубы, «Адал ұрпақ» еріктілер клубы, өлкетану жобасы т.б тиімді қолданылады.

Тәрбие жұмысының әр саласы бойынша қорыта, келесі нақты мысалдар келтіруге болады.

Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары тәрбие жұмысының жоспарға сәйкес өткізілуін қадағалайды. Мектепте өткізілген тәрбиелік іс-шаралардың сапасы, нәтижелілігі мен ықпалдылығына сараптама жүргізіліп отырады. Сынып сағаттары тәрбие жұмысы жоспары негізінде іске асырылып, атқарылған жұмыс бойынша апта, тоқсан сайынғы есеп желіде жарияланып тұрады.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

Тәрбие жүйесінде оқушыларға Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие беру бағыты бойынша жыл көлемінде құрылған арнайы жоспар бойынша мектеп ұстаздары тұлғаның бойына ұлттық құндылықты дарытып, патриоттық сезімдерін ұялатуда бірқатар іс-шаралар атқарды.

-22.09.2023жыл Ағымдағы жылдың қыркүйек айынан бастап еліміздің барлық білім беру ұйымдарында бірінші тоқсан ішінде “Төрт тоқсан-төрт өнер” ұлттық мәдени -ағарту жобасы шеңберінде іс-шаралар өткізілетін болады. Осы жоба барысында мектебімізде “Мәңгілік ел және ұлы дала құндылықтары” атты тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Қазақ елінің жүріп өткен жолдары, Тәуелсіз Қазақстанның жеткен жетістіктері мен Мәңгілік ел болу жолындағы атқарылып жатқан жұмыстар жайында оқушылар бойында білім қалыптастыра отырып, Отанын, халқын сүюге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Олармен бірге «Қазақ елі жүріп өткен жол», «Тәуелсіз Қазақстанның жеткен жетістіктері», «Мәңгілік ел» тақырыптарына ой толғау. Іс-шараны өткізуге оқушылар белсенді қатысты.

-18.09.2023 жыл 7-8-10 сынып оқушыларының қатысуымен Ұлытау облысының әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ұсынған “ТӨРТ ТОҚСАН- ТӨРТ ӨНЕР” ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның I тоқсанның іс -шарасының бірі айтыскер ақындармен кездесу ұйымдастырып өткізу. Ұлытау ауданының құрметті азаматы, айтыскер ақын Мұқаш (Мұқанбетқали) Сейтқазиновпен (Даридай ақын) кездесу өтті.

Кездесу барысында мектеп оқушылары ақынға көңілдерінде жүрген сұрақтарын қойып, толыққанды жауап ала алды. Өте тартымды әңгіме айтылды. Кездесуден оқушылар ерекше әсермен тарқасты.

-18.09.2023 жыл 7-8-10 сынып оқушыларының қатысуымен «Ақындар айтысы -2023» сайысының ережесі мен тұжырымдамасымен таныстыру жұмыстарын қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Ораз Абай Амангелдіұлы жүргізді.

Айтыстың мақсаты: қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнер арқылы мәдениеттің баға жетпес мұрасы ретінде айтысты жан- жақты насихаттау, ұлттық рух пен патриотизмге, өз халқына және оның дәстүріне деген құрмет сезімін тәрбиелеу, талантты шығармашылық жастарды анықтау.

-23 қазан күні жаппай мемлекеттік Гимнді орындап, патриоттық челендж қабылданып орындалды.

«Әнұран айту» челленджінің мақсаты: білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

Гимн – мемлекеттің ең маңызды рәміздерінің бірі. Гимн арқылы қазақ даласы әрбір қазақстандықтың өсуі мен қалыптасуының қасиетті бесігі ретінде жырланады. Іс –шараға 9 сынып оқушылары қатысты.

-23 қазан мен 24 қазан аралығында "Қазақстан- менің Республикам! "тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.

Тәрбие сағатының мақсаты: оқушыларға аға ұрпақтың ерлік істерін үлгі ете отырып, Отанын, елін сүйе деген патриоттық сезімдерге баулу. Болашаққа сенімдерін қалыптастыру, саналы да білімді азамат болуға тәрбиелеу.

Тәрбие сағаты барысында оқушылар, 25 қазан Республика күнінің қазақ халқы үшін маңыздылығын түсініп, бұл күннің тарихына тоқталып, ұлттық мерекенің мемлекеттік мерекеден айырмашылығын ажыратты.

-24.10.2023 күні «Елім саған арнаймын» атты "Ақындар айтысы" өтті.

«Ақындар айтысы» мақсаты: ұлттық рух пен патриотизмді, өз халқына және оның дәстүрлеріне құрмет сезімін тәрбиелеу, эмоционалды интеллекті қалыптастыру, айтысты қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнердің баға жетпес мұрасы ретінде дәріптеу арқылы дарынды шығармашыл жастарды анықтау.

-25 қазан - Республика күні мерекесіне орай ұйымдастырылған“ Мен Отанымды, Республикамды құрметтеймін!” атты патриоттық челленджін №1 жалпы орта білім беретін мектептен қабылдап 250 оқушы «Атамекен» әнін орындады.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1838295826589170&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1839172169834869&set=a>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1839033306515422&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/pcb>.

-24.10.2023 күні 25 қазан Республика күніне арналған мерекелік іс -шарада 1 тоқсанның қорытындысы бойынша мектеп оқушылары облыстық, республикалық деңгейдегі ғылыми жоба, шығармашылық және өнер сайысының жүлдегерлері аталып өтті.

-Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында өлең, әңгіме жазатын оқушылардың жұмысы баспа беттерінде жарияланады. Мектебіміздің жас ақыны Көшербай Мақпалдың өлендері "SARYARQA" журналына 27 қазан 2023 жылғы №41 (8353) "Балалар шығармашылығы" айдарында жарияланды.

-15.10.2023. Республика күніне орай Ұлытау облыстық мектепаралық маусымашар 1/8 финал ойынына қатысып, Абай мектебінің жайдарман тобы облыстық сайыстан Бас жүлдені жеңіп алды.Сайсықа 7, 8, 10 сынып оқушылары қатысты.

-19.10.2023жыл Қазақ тілі мен әдебиеті әдіс бірлестігі 8 сыныптар арасында "Ақын болсам..." эссе байқауын өткізді . Мақсаты: қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, мәдениеттің баға жетпес мұрасын жан-жақты насихаттау, ұлттық рух пен патриотизмге, өз халқына және оның дәстүрлеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеу, талантты шығармашыл жастарды анықтау.

-19.10.2023жыл "Төрт ТОҚСАН -ТӨРТ ӨНЕР" ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ- АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАСЫ аясындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес, оқушыларды тарихи, мәдени мұралармен таныстыру мақсатында "Мәдени мұраларға саяхат" атты қаламыздың мұражайына экскурсия 5 сыныптар арасында ұйымдастырылды.

-19.10.2023 жыл Республика күні мерекесіне арналған «Домбырам меніменен егіз бе едің?» тақырыбында 5 сынып оқушыларымен іс-шара өтті. Мақсаты: оқушылар арасында айтыс дәстүрін қайта жаңғырту, дәріптеу.

-12.09.2023 жыл ҚР ОАМ РҚББОӨО 2023 жылғы 1-30 қыркүйек аралығында Мектеп / Студенттік парламенттер арасында Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Туған тілім – бабам тілі – өз тілім» атты челленджге қатысып өз үлестерін қосты. Видеороликтерді жариялады.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1538875119978162/>

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/848005689948441/>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1822204494864970&set=pcb>.

-05.09.2023жыл Қазақстан халқы Тілдері күні мерекесіне орай мектебімізде «Тілім менің ғасырлардан аманат» атты әдеби-сазды сағат ұйымдастырылды. Іс-шараға онлайн видеокұттықтауларын жолдаған қонақтары:

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Жаратылыстану ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі, ҚР Кіші ғылым академиясының вице-президенті, әдіскер-ғалым Оразахынова Нұрша Алжамбайқызы,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қазақ тіл білімі" кафедрасының меңгерушісі Салқынбай Анаргүл Бекмырзаққызы,

Ысқақова Жазира Мақсұтқызы – Шайсұлтан Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" ұлттық ғылыми-практикалық орталығы «Әдістеме LAB» бөлімінің жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ұлттық тестілеу орталығы, ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту басқармасы, Тестілеуді ұйымдастыру ҒӨЗ-ның меңгерушісі Адильбекова Жанар Болатовна.

-05.09.2023жыл Қазақстан халқы Тілдері күні мерекесіне орай мектебімізде «Тілім менің ғасырлардан аманат» атты әдеби-сазды сағат ұйымдастырылды. Іс-шара басында мектеп директоры А.Бажибаева оқушылар мен ұстаздарға құттықтауын жеткізді. Оқушылар тақырыпқа қатысты өз туындыларын ұсынып, Алаш қайраткерлері жайлы көрініс қойды. Сонымен қатар әннен шашу шашып, домбырамен күмбірлете күй төкті, видеокұттықтау жолданып, "Кім тапқыр" ойыны ойнатылды. Ойын барысында оқушылар тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерді тауып, мағыналарын ашып көрсетті.

-05.09.2023жыл "Тілдер" мерекесіне орай Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернатының ұстаздары мен оқушылары "Мағжан Жұмабаев - заманның заңғар тұлғасы" деген тақырыпта жалпықазақстандық ашық диктантқа мұғалімдер қатысты. Биыл қазақ халқының біртуар перзенті, Алаш қайраткері, ақын, публицист Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толып отыр. Ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығы - бүгінгі ұрпақ үшін өнеге.

-17.11.2023 жыл «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында республикалық челленджге мектебіміздің 5 -6 сынып оқушылары қамтылды.

Челлендждің мақсаты — білім алушыларды рухани-адамгершілік, эстетикалық, патриоттық бағытта тәрбиелеу, мәдени құндылықтарды сақтау және ұлттық ойындарды дәріптеу.

-15.12.2023.Тәуелсіздік күні ең басты мерекелердің бірі ретінде атап өтіледі. Қазақстан үшін Тәуелсіздік Күні тарихқа мемлекеттік егемендік туралы идеяның бейнесі ретінде енді. Мектепте өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге, жоғары патриоттық сананы қалыптастыруға, өз еліне мақтаныш сезімін қалыптастыруға үлкен мән беріледі. Осы мақсатта мектепте Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар өтті:

*5 сыныптарда «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныш!» сынып сағаты;

*6 сыныптарда «Мемлекетіміздің рәміздері және маңызы» сынып сағаты;

*7 сыныптарда «Астана – бірлік және тәуелсіздік нышаны» сынып сағаты;

*8 сыныптарда «Конституция – біздің еліміздің негізгі заңы» сынып сағаты.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/775506484396664/>

8.02.2024 «Жаһандану мен жантану» апталығы аясында Ақпанның 8-і күні Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай ауған соғысының ардагер жауынгерлерімен «Ауғанда ерлер от кешкен» тақырыбында кездесу өтті. Кездесуге арнайы Ұлытау облысының "Соғыс және Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының ардагерлерімен мүгедектердің одағы "Қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Аманов Ақылбек Түсіпұлы, Абылқасенов Темиргали Абылқасенұлы және Сейлов Нурсейт Сейтказымовичпен қонақта болды. АӘД пәнінің мұғалімі, мектеп әкімшілігі, мектептің 10 сынып оқушылары қатысты. Мектеп директорының міндетін атқарушы Руслан Қайратұлы Төлен өз тарапынан келген қонақтарды ерекше қарсы алып, алғысөзін айтты: - Біздің боздақтарымыз, жерлестеріміз, Ауған соғысының құрбандары мәңгі жадымызда. Әрдайым тәуелсіз еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Сіздердің ерліктеріңіз жастарға үлгі – өнеге, - деді. Шара соңында Ауған соғысының ардагерлері естелік фотоға түсіріліп және мектеп оқушыларының атынан домбыра сувенирін табыстады.

8.02.2024ж. «Жаһандану мен жантану» апталығы аясында "Патриотизм-Отанға, елге деген махаббат!" ұранымен алғашқы әсери дайындық пәнінің мұғалімі Өмірзақов Ерлан 10 сынып оқушылары арасында «Жас сарбаздар» әскери-патриоттық сайысын өткізді. Оқушылар «ИЖ-38» пневматикалық винтовкасынан жылдамдыққа ату, пневматикалық винтовкадан нысанаға ату түрлері бойынша сыңға түсті. Тартысты әрі қызыққа толы өткен додада оқушылар мықты екенін дәлелдей түсіп, үздік шыққандар марапатталды. <https://www.facebook.com/photo/?fbid=1902454200173332&set=pcb>.

1орын Сұлтан Сая 10б

2орын Байжігіт Нұрқелді 10ә

Зорын Байжомарт Асылжан 10ә

Зорын Сабырбай Жанель 10б

Құқық бұзушылықтың алдын алу

2023-2024 оқу жылында «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын-алу, қауіпсіздігін қамтамасыз ету» мақсатындағы облыстық білім бөлімімен, облыстық ішкі істер бөлімінен келген іс –шаралар өткізілді.

-9.11.2023 Қазақстанда БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын ратификациялау аясында 8-20 қараша аралығында «Қатыгездік пен зорлықзомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқаны өтуде. Науқанның мақсаты: ересектер мен балаларды қоса алғанда, қоғамның балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездік проблемасы, оның бала мен қоғам үшін салдары, сондай-ақ осы саладағы халықаралық заңнаманың негіздері туралы хабардар болуын арттыру.

Іс –шара барысында Құқық және тәртіп фракциясының жоспарына сәйкес "Зорлық зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында презентация көрсетілді.

Іс–шарамызға қатысқан Жезқазған қаласының полиция бөлімінің бастығының бірінші орынбасары полиция подполковнигі Нұрсұлтан Шәкірұлы Қасым және Жезқазған қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Мамыраева Балдырған Саулебековнамен полиция капитаны Жакаева Гульмира Абжалелқызы. Оқушы президенті Жаңбырбай Жанерке әлеуметтік бейнеролик көрсетіп қатысушы оқушыларға ой тастады. Полиция қызметкерлері шара барысында оқушыларға жалпы зорлық - зомбылық, қатыгездік туралы мәлімет беріліп, мектепте жүйелі жұмыс жасайтын әкімшілікке немесе сол саладағы мамандарға сондай жағдай болса хабардар етуін түсіндіріліп айтылды. Оқушылар сұрақтар қойып тиісті жауаптарын алды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1847897925628960&set=pcb>.

-10-20 қараша аралығында Дүниежүзілік балалар күніне арналған республикалық онкүндік аясында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны өтуде. Науқанның мақсаты – балаларға қатысты зорлық-зомбылық проблемалары және оның балаларға мен ересектерге салдары, сонымен қатар, осы салада халықаралық және ұлттық заңнама негіздері туралы қоғамды ақпараттандыру. 5-6 сыныптарда онлайн ата-аналар жиналысында «Жазалау және ынталандыру» мәселелері бойынша ата -аналардың педагогикалық мәдениеті тақырыбы қаралды. Мақсаты: ата-аналардың балаларға қатысты қатыгездік пен зорлық-зомбылық проблемасының өзектілігіне дұрыс көзқарасын қалыптастыру. Жиналыс барысында ата-

аналарға бала құқығы туралы слайд көрсетілді. Баланы тәрбиелеудегі отбасының орны, отбасы құндылықтары туралы әңгіме жүргізілді.

-15.11.2023 «Қатыгездік пен зорлық - зомбылықсыз балалық шақ» атты акция өткізілді. Барлық іс-шараларды өткізуге мектеп әкімшілігі, психолог және сынып жетекшілер бірлесе отырып атсалысты, сыныптар да белсенділік танытты. Жоспар бойынша 14-17 қарашада сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен 7-8 сыныптарда «Зорлық-зомбылыққа төтеп берейік» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу

-16.11.23 жылы Дүниежүзілік балалар күніне арналған республикалық онкүндік аясында 7ә, ба сынып оқушыларымен "Зорлық зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында видеороликтер көрсетілді. Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы түсіндіру, бір біріне жаман сөз айтпауға, дос болуға шақыру, жаман әдеттерден аулақ болуға баулу.

-8.11-20.11.2023 ж. аралығында "Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқанын өткізу барысында іс шаралар жоспарына сәйкес 10 сыныптар арасында "Зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады?" тақырыбында эссе жазылды. Мақсаты: оқушының пікірін айтуға, сипаттауға, өз ойларын анық жеткізуге тәрбиелеу.

-25.11.2023 Жоспарға сай 9ә, 9б сыныптарымен "Менің психикалық денсаулым" тақырыбында тренинг жүргізілді. Мақсаты: оқушыларға психикалық денсаулық туралы ақпарат беру, психикалық денсаулық дегеніміз не, оның маңыздылығы туралы біліммен бөлісу. Психикалық денсаулық пен салауатты өмір салтының үлгілерін өмірдің ерте кезеңінен бастап алға тарту қажет. Қауіпті мінез- құлық үлгілері көбінесе бірлескен түрде болады, олар денсаулықтың нашар болуымен және психикалық денсаулыққа қатысты проблемаларымен байланысты. Оқушылармен жүргізілген тренинг жаттығуларына балалар белсенді, қызығушылықпен қатысты. Өз ойларын қағаз бетіне түсірді.

-7.02.2024 күні Республикалық ақпараттық-түсірдіру тобы мүшесі Куванышбек Мухаммедәлі Бағдатұлымен және Ұлытау облысының дін істері басқармасы маманы Мизамедин Ардақ Максұтұлы мектеп оқушыларымен кездесіп, дін мен дәстүр, ата-ананы құрметтеу, сыйластық, бауырмалдық жайында тілдесіп, қонымды дүниелерімен бөлісті. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды. Іс шараға 9-10 сынып оқушылары қатысты.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1901882250230527&set=pcb>.

Рухани-танымдық тәрбие.

5 наурыз күні Аналар мен ару қыздардың мерекесіне арналған кеш өткізілді. Мектеп парламенті залды мерекеге сай безендірген, кіріп келгеннен көңілің көтеріліп қалады. Бүгінгі мерекелік кеште сахнаға шыққан әр оқушы өз ерекшелігімен, өз өнерімен тәнті етті. Оқушылар әсем ән әуелетіп, мың бұралған бимен сәндеп, күмбірлеген домбыраның дыбысы кештің сәнін келтірді. Көрермен болып келген ата-аналар да, ұстаздар да, оқушылар да қошеметтерін аямай, алғыстарын білдірді. Кеш соңында ата-аналарымыз шексіз ризашылығын білдірді.

8 наурыз мереке күні қарсаңында мектебіміздің интернатында «Интернат аруы – 2024» қыз сыны байқауы өтті. 5-7 сынып оқушылары арасында өткен бұл байқау тартымдылығымен, қызыққа толы көріністерімен ерекшеленді.

Байқауға жеті ару қызымыз қатысып, өзара өнерлері мен білімдерін ортаға салды.

Байқаудың басты мақсаттарының бірі – жас ұрпақ қыз балалардың бойына қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын сіңіру.

Байқау барысында ару қыздар сымбаттылығын, сыпайлығын, біліктілігін және өнерлерін, жан-жақтылығын көрсете білді.

Бас жүлдеге 5 сынып оқушысы Татулы Айару ие болды.

Ару қыздарымыз сынынан сүрінбей өтіп, дипломдар және сыйлықтармен марапатталды.

-13.03.2024 Наурыз мейрамы қарсаңында мектепте "Наурыз қоржын шашу" тақырыбында оқушылардың ұлттық қолөнер бұйымдарының көрмесі ашылды. Көрмеден ағаштан жасаған бұйымдар, тері мен киізден дайындаған паннолар, қыз балалардың қолынан шыққан ою-өрнекті көрпешелер мен заманға сай жаңғыртылып тігілген киімдер және қазақы нақыштармен өрнектелген көйлектерді, аксессуарларды көруге болады.

13.03.2024 күні Тоғызқұмалақ ойынынан 7 сыныптар арасында жарыс өткізілді. Денешынықтыру мұғалімдерінің бағыттауымен мектеп парламенті іс-шараның өтуіне ат салысып, оқушыларды ұйымдастырып белсенділік танытты. Жарысқа белсенді қатысқан командаларына грамоталар табысталды, жеңімпаздар марапатталды:

1-орын 7"Б" сыныбы

2-орын 7"Ә" сыныбы

3-орын 7"В" сыныбы

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1811428615976826/>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1918166938602058&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1918969311855154&set=pcb>.

-2023 жылғы 31 мамырдағы №426 қаулысымен Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесі «АНАЛАР КҮНІ» мамырдың (екінші жексенбі) мерекесімен толықтырылды.

8 мамыр Аналар күніне арналған «Дарасың сен маған» республикалық челленджін жариялады. Мақсаты: Аналар күнін мерекелеу аналардың мәртебесін нығайтуға, ана болудың маңыздылығын және аналардың ролін арттыруға, қазақ халқының тарихындағы аналардың ролін танымал ету.

-10.05.2024 "Менің әкем, ең жақсы адам" әкелерге ашық хат жолдау челленджі өткізілді.

Оқушылар белсенділік танытты.

-11.05.2024 "Менің әкем-ең жақсы адам" ризашылықты білдіру челленджіне 8"а", 8"ә", 8"в" сынып оқушылары қатысып өз жұмыстарын ұсынды.

-10.05.2024ж. «Менің әкем –ең жақсы адам» алғыс айту челленджі 10.05.2024 күні өтті.

Мақсаты: Алғыс айтудың жаңа дәстүрін құру;

Балалар өз Әкесіне деген құрмет пен ризашылықты білдіретін символдық сыйлық; жазбаша ашық хаттар жіберу мәдениетін жаңғырту, стандартты алғыс мәтінін жасау алқылы әкелерге құрметтерін көрсетті.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1958863477865737&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/363290083410029/>

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/7423680714352190/>

«Оқуға құштар мектеп»

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

-6.02.2024 6-сынып оқушылары арасында «Адамгершілік қасиет – адамның бақыт кілті» тақырыбында тренинг өткізілді. Оқушылар аталған шараға қызығушылықпен қатысты. Оқушылар адамгершілік адам бойындағы - асыл қасиет, бұл дегеніміз - рухани тәрбиенің бастауы, әдептілік ұғымымен қатар жүретін адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталған құндылық екені туралы өз ойларын ортаға салды. Жақсы мен жаманды ажырата білу, рақмет айту, өкпе-реніштен арылу тренингтері арқылы оқушылар өз бойларына адами құндылықтарды сіңіре алды. Адамгершілік адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүйуге тәрбиелейтінін ұға алды.

-«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 14 ақпан аралығында елімізге танымал ағартушы, жазушы, ел жанашыры "Отбасы хрестоматиясы"-ның жазушылар ұйымының мүшесі, "Балалықтан даналыққа" кітабының авторы, Санжар Керімбайдың әріптес досы Сейілбек Мырзабай деген азаматпен мектеп оқушылармен кездесу ұйымдастырылды. Сейілбек Мырзабай

еліміздің өңірлерінде мектеп мұғалімдері мен ата-аналарға, оқушыларға, студенттерге лекциялар оқиды екен.

Жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттап жүрген азамат оқушыларға қызықты, мағыналы лекция оқып, аудиторияның көңілінен шықты. Лекцияға 9-10-11 сынып оқушылары қатысты.

15.02.2024 Кітап арқылы қайырымдылық пен жарыққа! – оқырмандық кітап сыйлау акциясын 14 ақпан күні өзін өзі басқару фракция мүшелері ұйымдастырып өткізді.

Халықаралық кітап сыйлау күні – күнтізбедегі ең жас мерекелердің бірі. Ол кітап сүйер қауымды біріктіріп қана қоймай, оқырмандарға кітап оқу мүмкіндігін ұсынады.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/930705212112234/>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1906661153085970&set=pcb>

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/777438977563646/>

Осымен мектебіміз үшінші жылы Халықаралық кітап сыйлау күніне арналған акцияны ұйымдастырып отыр.

Оның мақсаты қарапайым да қайырлы: оқырмандарға жақсы кітаптарын кітапханаға сыйлауға, өзге адамдардың да осындай керемет қадам жасауына жол ашады.

Бұл күні кітапхананың белсенді оқырмандары шақырылып, олар құр қол келмей өздерінің сүйікті кітаптарын кітапханаға сыйлық ретінде ала келді. Кездесу кезінде кітапханашылар қатысушыларға осындай тақырыптық күннің тарихы жайында әңгімелеп беріп, оқырмандар өздерінің алып келген кітаптарын өзара бөлісуге дайын.

Сыйланған кітаптардың арасында – орыс және шетел шығармаларының классикалары, заманауи детективтер, мемуарлар, ақындық жинақтар және т.б. кітаптар силанды.

Бүгінгі күні қор жоғары сұранысқа ие әртүрлі жанрдағы 60 кітапқа толықтырылды.

-28.02.2024 “Жезқазған - Қазақстанның інжу-маржаны” атты геолог-ғалым, академик, мемлекет және қоғам қайраткері Қ.И.Сәтбаевтың 125 жылдығына орай өткізілген чемодандағы музей жылжымалы экскурсия жүргізілді.

-5.04.2024 «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты республикалық челленджінде Санжар Керімбайдың «Өзбекәлі және мәдени майдан» шығармасын оқуға біз Абай атындағы мамандандырылған мектеп –интернатының оқушылары Түркістан облысынан қабыл алдық. «Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабының таныстырылымы кітапханашы Самедова Меруерт Қанатқызы өткізді. Кітап авторы Санжар Керімбай жұртқа мемлекет және қоғам қайраткерінің өмір және қызмет жолы жайында тың деректермен бөлісті.

-8 А сынып оқушыларымен Санжар Керімбай осы еңбегінде өте жақсы тарихи оқиғалардан мысал келтірді және Өзбекәлі Жәнібектің атқарған істері жайында көптеген таңсық мәліметтер, мағлұматтар көп айтты.

-23.04.2024 жылы халықаралық кітап күні. Осыған орай мектебіміздің кітапханашылары мен парламент ұйымы бірлесе отырып “Әдеби автобус” атты іс—шарасын өткізді.

Іс- шараның басты мақсаты: қоғамдық көліктегі жерлестерімізге жақсы көңіл-күй сыйлау, кітап табыстау және оқуға деген құштарлықты арттыру.

Іс-шара барысында сұрақтарға дұрыс жауап беріп, белсене қатысқан әжелерімізге, аталарымызға және жастарға біздің мектебіміздің атынан естелікке кітаптар сыйланды.

-23 сәуір - «Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні» мерекесіне орай «Оқуға құштар мектеп»; «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 5-9 сынып оқушылары арасында мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Кітаппен берілген шабыт» атты әдеби фестиваль өткізілді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн» - деген болатын.

Бүгінгі өткен іс-шараның мақсаты: Оқушылар арасында кітап оқуды және «Зияткерлік мектеп оқушыларына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасына енген шығармаларды насихаттау болатын. Кітап бұл рухани байлықтың кілті. Кітап оқыған адам білім көкжиегі кең, сөздік қоры бай, мәдениетті, байсалды, тез шешім қабылдауға бейім, өз пікірін еркін жеткізе алатын болады

-25.04.2024 Кітапханаға деген қызығушылықты арттыру, оқушылар мен мұғалімдер арасында байланысты нығайту мақсатында «Кітап оқитын адам» ойыны жүргізіледі. Бұл шарада кітапқа байланысты тапсырмаларды орындаған оқушылар мұғалімнен қолтаңба алады және әр тапсырма үшін кітапханадан тәтті сый беріледі.

-16.05.2024ж. Жезқазған қаласының 70 жылдық мерейтойы аясында өткен «Кеңгір керімсалы» атты жас ақындардың поэзия фестиваліне келген ақындармен Абай атындағы ММИ-на жарқын жүздесу өтті.

Кездесуде өзіміздің жерлес ағамыз, ҚР Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Түрік әлемінің «Түрік бірлігі» сыйлығының лауреаты, ақын Ғалым Жайлыбай бастап келген ақындар өлеңдерін оқып, оқушылармен емен жарқын сұхбаттасты. Күмбірлеген күй шертіліп, әсем ән шырқалды. Филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, ақын – Бауыржан Жақып оқушыларға сәттілік тілеп, мектеп кітапханасына өз кітабын сыйға тартты.

Алыс-жақыннан арнайы шақырған ақындардың қатарында Семей қаласынан “Есімің сенің”, “Қамшы”, “Қарашықтағы құбылыстар” кітабының авторы, “Дарын” жастар сыйлығының лауреаты Мерей Қарт, Астанада Республикалық мүшәйралардың жеңімпазы “Құланиек” кітабының авторы Айдын Байыс, Шымкент қаласынан Республикалық мүшәйралардың жүлдегері “Мені құшақта” кітабының авторы Әлімжан Әлішер, Ақтау қаласынан Президенттік арнаулы жастар сыйлығының поэзия аталымы бойынша лауреаты, “Қалалық құстар” кітабының авторы Еділбек Дүйсен, Алматыдан Әдебиеттану ғылымдарының магистрі. «Мен емеспін», “Жалқынұр”, “Жан жылайды” жыр жинақтарының және қазақэстрадасындағы біршама ән мәтіндерінің авторы. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Жүмекен Нәжімеденов сыйлығының және Елбасы қорының ұйымдастыруымен өткен «Алтын тобылғы» әдеби байқауының жеңімпазы Нұртас Тұрғанбек сынды жас ақындар болды.

-17 мамыр Республика бойынша Жазғы каникул қарсаңында «Мамыр – Ынтымақ айы» айлығы аясында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі кітап құмарларды тарту мақсатында, мектеп оқушыларына ұйымдастырылып отырылған «Демалыста кітап оқимыз» республикалық буккроссингі біздің мектебімізде де өткізілді.

Буккроссингтің мақсаты: еліміз бойынша барлық мектеп оқушыларын кітап оқуға шақыру, кітап ұсынымдарымен бөлісу және жаңа әдебиеттерді ашу.

Мектебімізде өткізілген буккроссингте оқушыларымыз өздері оқыған әдебиеттерін жазғы демалыста оқуға ұсынып, достарына сыйға тартты. «Демалыста кітап оқимыз» буккроссингінің тапсырмаларымен және жазғы демалыста оқитын көркем әдебиеттер тізімімен танысты.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1330205437963160/>

Ұлттық тәрбие.

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау

17.11.2023 «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында республикалық челленджге мектебіміздің оқушылары қатымты.

Челлендждің мақсаты — білім алушыларды рухани-адамгершілік, эстетикалық, патриоттық бағытта тәрбиелеу, мәдени құндылықтарды сақтау және ұлттық ойындарды дәріптеу.

-17.11.2023жыл «АЛТЫН САҚА» республикалық челленджді қолдай отырып Қазақстанда соңғы жылдары ұлттық ойындарға, оның ішінде асық ойындарына деген қызығушылық қайта жандануда. Балалар мен жастар асық ойнауға және өзінің қырағылығын тексеруге көбірек ниет білдіруде.

Асық ойнау – бұл жай ғана ойын емес, дәлдік пен көшбасшылық қасиеттерді дамытатын, оқушылардың логикалық ойлауына оң әсер ететін спорт.

Ұлттық ойындарды өткізу балалар мен жастарды тәрбиелеудің маңызды құрамдас болып табылады. Спорт залды үлкен іс –шара ұйымдастырған денешынықтыру мұғалімдері

балаларға асық ойынынан жарыс өткізді. Жарыста жеңіске жеткен 5-6 сынып оқушылары марапатталды.

-“Отбасым - бақыт мекенім» тақырыбында 7-сыныптар арасында жоба қорғау конкурсы өткізілді. Мақсаты: отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу, ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, отбасы құндылықтарын сыйлауға тәрбиелеу, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Оқушылар байқауда берілген тақырыпқа сай зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ойларын ашық жеткізіп, тақырыпқа сай макеттерін қорғады. Байқау қорытындысы бойынша

I орын Семенбай Инжу (7 В); II орын Ғабиден Асылжан (7В), Әжібек Ясмина;

III орын Қонар Нұргелді (7Ө), Нұрланов Амир

Серік Нұрай (7Б). Қатысқан оқушылар сертификатқа ие болды.

-14 наурыз күні «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан құрылған «Даналық мектебі» аясында Наурыз мерекесі қарсаңында «Ұлттық ойындар- халық қазынасы» тақырыбында Аsykparty ұлттық спорттық іс-шарасына 7 сыныптың оқушыларымен ағалары қатысты. Іс-шараға аға мен баланы қатыстыра отырып, аға мен баланы бір мақсатқа жұмылдырып, белсенді болуға ұмтылдыру, отбасындағы береке-бірлікті нығайту. Белсенді ағалар мен іні , қарындастар қатысқан "Asyk Party" сайысында шеберлігін сарапқа салған қатысушылардың сынып жанкүйер болды.

Мұнда қатысушы ағалар бір- біріне есе жібермеді. Түрлі кедергілерге қарамастан сыннан іркілмей өтті. Спорттық жарыстың жүлдегерлері марапатталды.

-19.03.2024 10 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен "Бастаңғы" жастардың ұлттық ойындары" тақырыбында іс- шара болып өтті.Жастар арасында заманауи форматта ойындар мен қойылымдар ұйымдастыру мақсатында өткен іс- шарада оқушылар түрлі ұлттық ойындар ойнап, өз өнерлерін көрсетті.

-11-сынып оқушыларының ұйытқы болып, ұйымдастыруымен “BauyrsaqParty” шарасы өтті. Мерекелік іс-шара барысында Наурыздың негізгі нышаны болған, ертегі кейіпкерлері - Қыдыр ата, Тазша, Алдар, Жер-ана, Қаңбақ шал, Көктем қыз бейнесін сомдаған оқушылар көрерменді ыстық ықыласқа бөледі.

“Ас атасы - нан” демекші, бауырсақтың түр-түрі пісіріліп, көпшілікке таныстырылды. Шараның негізгі мақсаты-ұлттық тағамды ұлықтау, тәрбиелік мән-мағынасын түсіндіру.

Жиналған көпшілікке бауырсақ таратылып, Қыдыр ата бата беріп, жұрт мез-мәйрам қалыпта тарқасты.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1926172901134795&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/957636352639006/>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1926180064467412&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/923092369521163/>

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/3647924368808282/>

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Мақсаты: Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

-9.02.2024ж.Білім алушылармен экологиялық жұмысты дамыту және насихаттау, экологиялық насихаттың дәстүрлі емес нысандары мен әдістері арқылы білім алушыларды экологиялық проблемаларға тарту мақсатында 8-9 сынып оқушылары арасында «Табиғатты аялайық - адамзат!» тақырыбында үгіт-насихат топтарының сайысы өтті. Сайыс қорытындысы бойынша

I орын -"Жас эколог" тобы (8 "А" сыныбы);

II орын - "ECO Saviors"(8 "Ө" сыныбы),

III орын "Эко қолдау(9 "Б" сыныбы), "ЕСО TIME" (8 "В" сыныбы).

-15 наурыз күні N3 БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ лицейі-интернатында «Жер сағаты» экологиялық науқаны өтті. Акцияға Жезқазған қаласы білім беру ұйымдарының «Жер елшілері» - мектеп парламенттерінің өкілдері, табиғат жанашырлары қатысты.

Шараның мақсаты-балалар мен жастардың санасына эко-белсенділік және экологиялық мінез-құлық идеяларын сіңіру, экологиялық мәдениет дағдыларын дамыту.

-29.03.24ж. 7-сынып оқушылары арасында "Ата-анамның жұмыс орнына саяхат" атты әлеуметтік жоба аясында оқушылар бейнероликтер түсірілімін жасады.

Әлеуметтік жоба мақсаты: Ата-ананың жұмыс орнына саяхат жасау арқылы болашақта мамандық таңдауына бағдар жасау; ата-аналарын құрметтеп, еңбектерін бағалап, жауапкершілік пен тәртіп нормаларын білуге дағдыландыру.

Оқушылар ата-аналарының жұмыс орындарына барып, арнайы түсірілген бейнероликтерінде ата-аналарының қызмет етіп жүрген мамандықтарын үлгі тұтып жариялады.

-Баланы еңбекке баулу, еңбексүйгіштікке шақыру – тәрбиенің жалпы жүйесінің құрамды бөлігі. Еңбек кодексіне сәйкес балаларға міндетті түрде білуі тиіс біршама ақпаратты жинақтап 8.04-10.04.24 аралығында "Кәметке толмаған балалар қандай жұмыс істей алады?" тақырыбында

-7-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларға берілген ақпаратта Заң бойынша 14-16 жастағы балалар аптасына қандай жұмыс істей алады?

Қандай жұмыстарғы тыйым салынады?

Қандай жалақы ала алады? қойылған сұрақтарына біраз ақпарат алды.

-«Жасыл Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында 2024 жылдың 27 сәуіріндемектеп ұстаздарының, ата аналардың, оқушылардың қатысуымен "Менің талым" көгалдандыру және ағаш отырғызу іс-шарасы ұйымдастырылды. Мектеп айналасына 100 тал отырғызылды.

-3 мамыр "Ынтымақ айы" айлығы аясында өткізілген "Таза Қазақстан" челленджіне 9 және 11 сынып түлектері белсенділікпен қатысып, мектеп ауласына ағаштар отырғызды.

-14.05.2024 «Табиғатты аяла!» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының облыстық кезеңінің нәтижесі.

Форумның мақсаты: білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына экологиялық бағдарланған қатынасты тәрбиелеу.

1 орын Шынтас Гүлхан

2 орын Сламбек Наргиз

3 орын Жолтай Назым

-22.05.2024 ж. Ұлытау облысының білім басқармасы 2023-2024 оқу жылын аяқтау шараларына сәйкес 11 сынып оқушылары үшін «Түлектерден-табиғатқа» плаггинг ұйымдастырылады.

«Түлектерден-табиғатқа» плаггингтің мақсаты: салауатты өмір салтын ұстану және қоршаған ортаны қорғау. Бұл шараның ерекшелігі жүгіріп жүріп қағаз, пластик заттар, целлофан сияқты көтеруге ыңғайлы заттарды жинау. Мектеп түлектері берсенділік танытты.

-4.06.2024 жылы Жазғы демалыс академиясының жоспарына сәйкес, "Менің мектебім - менің көзіммен" тақырыбында 6-сыныптардың қатысуымен мектеп ауласының макеті жасалды.

«Жасыл желек» тобы мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстарында жүргізді.

-10.06.-14.06.2024ж. аралығында Ұлытау облысы білім басқармасының жазғы демалыс кезінде балаларды сауықтырып, демалысын,

бос уақытын дұрыс өткізуге бағытталған жұмыс жоспарының "Ұлылар мекеніне саяхат" жобасы аясында туған жердің тарихи мұрасын өскелең ұрпаққа таныту мақсатында мектептің 7-8 сынып оқушылары тарихи орындарға саяхатқа шықты.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1825059798012736/>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1950144188737666&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1950130122072406&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1942377822847636&set=pcb>.

«Туған өлкем» жобасы.

Жазғы демалыс кезінде балаларды сауықтырып, демалысын, бос уақытын дұрыс өткізуге бағытталған жұмыс жоспарының "Ұлылар мекеніне саяхат" жобасы аясында туған жердің тарихи мұрасын өскелең ұрпаққа таныту мақсатында мектептің 8 "б" 8"в" сынып оқушылары тарихи орындарға саяхатқа шықты. Саяхат қатысушылары Теректі әулие көне ескерткішінің тарихымен танысты. Теректі әулие тарихи, өзіндік ерекшелігі бар ескерткіш туралы көптеген мағлұмат алды.

Саяхатқа 7-8-9 сыныптарының 150 оқушылары қамтылды.

14.06.24 ж. 9 сыныптар саяхатқа Жезді кентінде орналасқан Мәкен Төрегелдин атындағы тау-кен және балқыту ісі тарихы музейіне барып музейдің жұмысымен танысты.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/345980008524960/>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1981886708896747&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1979124835839601&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/811498680622413/>

Отбасылық тәрбие

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын, басшылыққа ала отырып мектептің 17.10.2023 жылыдың №150-н бұйрығымен «Ата –аналарды қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастырып, жоспарымен жұмыс жүргізді.

Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеті бекітілді, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар сақталды. Орталық жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылып жүргізілді. Орталық қызметі туралы әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жарияланып, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылды. Мектеп кітапханашысы педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етіп тұрды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтер - 7олар Д.Ж. Раимбекова –директордың тәрбие ісі –жөніндегі орынбасары, А.А. Жетібаева – мектеп психологі, А.Ж. Нұрмағанбетова, Ә.Ж. Мизамбаева, Н.Е. Ергеш, Э.Ә. Бракенова, Ж.Б. Шалабаева –сынып жетекшілер.

Балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен өзара қарым-қатынасты күшейту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жұмыс жоспары бойынша іс –шаралар ұйымдастырылды. Жыл бойы атқарған іс –шараларға, сабақтарға сынып ата –аналары белсенділік танытып тұрды.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан құрылған «Даналық мектебі» аясында «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі» сынды тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды. БАҚ беттерінде және әлеуметтік желі *Instagram*, *Facebook* , *Тик Ток* парақшаларында #біртұтас_тәрбие #атааналардыпедагогикалық қолдау #ұлытау_тәрбие хэштегтермен белгіленіп жарияланып тұрды. -17.05.2024 ж. 5-сынып оқушылары өз ата-аналарына “Оқушы-ата-ана” жиналысын өткізді. Жиналыс еркін форматта өтті. Әр бала өз ата-анасымен оқу жылында жеткен жетістіктері мен қатысатын үйірмелері, жоспарлары, оқып жатқан кітаптары, достары т.б.жайлы бөлісті. Біз кейде үйде балаларымызға көңіл бөлмейміз. Ал бұл жерде әр ата-ана баласымен диалог құрып, кері байланыс бере алды. Оқушыларымыз жауапкершілікті сезініп, есеп берді, ата-ана құлақ қойып тыңдай алды. Ең бастысы өзара диалог болды.

-3.05.2024ж. Халықтар Достығы мен мәдениет үйінде «Ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, өзін-өзі дамыта алатын зияткер тұлға даярлау» миссиясын басшылыққа алған білім ордасы – Ұлытау облысы білім басқармасы «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернатының» қорытынды-есептік «Тағылым.Таным.Тәлім.» атты мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылды. Салтанатты іс-шара 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай өткізілді. Іс-шараның мақсаты- отбасындағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты әкелерімізді ұлықтау, отбасы институтын қалыптастыру, бала тәрбиесіне әкелердің араласуы өте маңызды екендігін тағы бір айқындау. Іс-шараға 100-ден аса әке қатысып, бала тәрбиесінде мектеппен тығыз қарым-қатынас жасап жүрген әкелер марапатталды. Сонымен қатар мектебіміздің ер азаматтары мен дарынды

ұлдарымыз да марапатқа ие болды. Іс-шарада мектебімізде жұмыс жасайтын үйірме жұмыстарының нәтижесі де көпшілікке ұсынылды. Жалпы, “Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді” демекші, ер азаматтарымызға ерекше құрмет көрсетілді.

-17.04.2024 ж. Елімізде алғаш рет Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Әншуақ» балалар әндерінің фестивалі Қазақстан республикасының барлық мектептері қатысып біздің мектептің оқушылары мен ата-аналарыда қатысты. Бұл фестиваль өскелең ұрпақтың мәдени өміріндегі ерекше оқиға. Оның басты мақсаты - халқымыздың ұлттық ерекшелігі мен рухани мәдениетін дәріптеу. Фестиваль қонақтары Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Береке Қөшенов, сазгер, балалар әндері сазгері, «Ұлт мақтанышы» төсбелгісі иегері Мұсабеков Айхан ағамыз, Тайжан Қалмағанбетов атындағы Ұлытау облыстық филармониясының, музыка бөлімінің меңгерушісі Ерғазы Қайырхан және Жезқазған музыкалық колледжінің дәстүрлі ән бөлімінің оқытушысы Мұханбетжан Толқинай. Фестивальде Отан, туған жердің кең даласы мен көркемдігі және махаббат пен достық тақырыбында орындалған әндермен ерекшеленді. Фестивальге оқушыларымыздың аналары, әжелері және ұстаздары қатысты. Барлық қатысушылар дипломдармен және силықтармен марапатталды.

-20.03.2024 ж. 6 сыныптың ата-аналарымен оқушыларына Наурыз мерекесіне арналған “Қош келдің әз-Наурыз” атты іс-шара өтті. Мақсаты: Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

-18.03.2024ж. «Атадан қалған өсиет» тақырыбында ата- аналардың қатысуымен 7 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен шығармашылық сайыс өткізілді. Мақсаты: Ата-аналарды қатыстыра отырып, олардың үлгісі мен ықпалы арқылы оқушыларды ата-аналарын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу, ата-ана, ұстаз, оқушы арасындағы ынтымақты нығайту, халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі арқылы оқушылардың бойында асыл қасиет адамгершілікті қалыптастыру.

-18.03.2024ж. «Ана мектебі» жобасы аясында «Алтын оймақ» шығармашылық іс –шара өткізілді. Наурыз мейрамының қарсаңында «Халықтың сәндік қолданбалы өнердегі қазақ ою-өрнегі» тақырыбында технология пәнінің мұғалімдері Ташимова Алтынай Алиакпаровна мен Курманғалиева Байан Сайлаубековна іс –шараны үлкен жауапкершілігімен ұйымдастырды. Шараның басты мақсаты ата –анамен оқушыларға ою-өрнекпен безендірілген тұрмыстық заттардың суреттерін көрсете отырып сәндік-қолданбалы өнер – халықтың өнері екенін түсіндіру.

Тұрмыстық заттарын жасап қана қоймай, оған қажет пішіні мен сипат берді, сол заттардағы әсемдікті аша көрсетіп, аналар қыздарына жеткізуге тырысты. Іс-шара барысында ою-өрнек салу арқылы қолды жаттықтырып оқушылардың шеберлігін бағалады. Аналарымыз қыздарға дәстүрлі сырмаққа қолданылатын ою өрнек тігудің қыр-сырын үйретіп қандай ою түрлері бар екенін арнайы шеберлік сабақ өткізді.

-5.03.2024ж Аналар мен ару қыздардың мерекесіне арналған кеш өткізілді. Мектеп парламенті залды мерекеге сай безендірген, кіріп келгеннен көңілің көтеріліп қалады. Мерекелік кеште сахнаға шыққан әр оқушы өз ерекшелігімен, өз өнерімен тәнті етті. Оқушылар әсем ән әуелетіп, мың бұралған бимен сәндеп, күмбірлеген домбыраның дыбысы кештің сәнін келтірді. Көрермен болып келген ата-аналар да, ұстаздар да, оқушылар да қошеметтерін аямай, алғыстарын білдірді.

-1 наурыз- Алғыс айту күніне орай 11-сынып оқушыларының ұйымдастыруымен, мектеп ұстаздары мен ата-аналарының қатысуымен "Бала сезімі — көңіл толқыны" сырласу кеші өткізілді. Кештің мақсаты — жас ұрпақты отбасын, елін-жерін, аяулы жандарын құрметтеуге тәрбиелеу. Кеш барысында үлкен өмірге қадам басқалы отырған жас түлектер ақжарма тілектерін айтып, өз өнерлерін ортаға салды. Ал ұстаздар мен ата-аналар бала тәрбиесіндегі тәжірибелерімен бөлісіп, сыр тарқатты. Кеш соңында оқушылар ата-аналарына сырласу хаттарын жолдады. Үштік одақтың біріккен жұмысы көпшіліктің көңіліне көктем шуағын ұялатты. Ерекше сезімге бөленген қонақтар дән риза болып, алғыстарын жаудырды.

-28.02.2024ж. Дарынды балалардың ата -аналарымен Алғыс айту күні қарсаңында кездесу ұйымдастырылды. Мектебіміздің әрбір бастамамызға қолдау білдіріп, дарынды оқушының

шығармашылығын шындауда бізге сенім артып, баланың жетістікке жетуіне үлес қосқаны үшін келген ата-аналарымызға алғыс білдірілді.

-7.02.2024ж. “Мені қызықтыратын әлем” апталығының отбасылық құндылықтар күні жатақхана және 7-сынып ата-аналары арасында «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» атты интеллектуалды сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты: оқушыларды ізгілікке, адамгершілікке, кішіпейілдікке, халқымыздың салт-дәстүрлерін дәріптеуге, қастерлеуге үйрету әр ата-ананың басты міндеті екенін сезіндіру. Сайыс келесі кезеңдерден тұрды:

1. «Салт-дәстүрді білесіз бе?»

2. «Атадан қалған асыл сөз»

3. «Сандар сыры»

4. «Мақал-сөздің мәйегі» іріктеу кезеңі. Сайыс қорытындысы бойынша III орынды “Қазына” тобы, II орында “Мұрагер” тобы, жүлделі I орынды “Мирас” тобы иеленді. Іс-шараға белсенді қатысқан 7 “Ә”, 7 “В” сыныптарының және жатақхана ата-аналары.

29.01.2024ж. “Ата-аналарды педагогикалық қолдау” орталығының бағдарламасына сәйкес 11 сынып ата-аналарына жиналыс өткізілді. Кезекті сабақта сынып жетекшілер ата-аналарға психологиялық сұрақтар қойып, тиісті жауаптар алынды. Ата-аналар өз ойларымен бөлісті.

-19.01.2024ж. 5 “Ә”, 6 “А” және 7 “Ә” сыныбының ата-аналарымен кезекті 3 сабақ өтті. Тақырыбы «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер. Өз балаңыздың кілтін қалай табуға болады» Сабақтың мақсаты: ата-аналардың жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту.

-19.01.2024ж. 10 сыныбының ата-аналарымен “Сен жанбасаң лапылдап...Балаға өз бейімділігін табуға қалай көмектесуге болады” тақырыбында 3 сабақ өтті. Сабақ барысында жасөспірімнің мамандық таңдауында ата-ана тап болатын қиындықтарды азайтуға, * жасөспірімнің бейімі мен қызығушылығын анықтауға, * ата-аналар мен жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға көмектесуге тренингтер жүргізілді. Сабақтың мақсаты: ата-аналардың баланың өзін-өзі көрсетуіне дайындығын дамыту болып табылады.

-12.01.2024 ж. 8 “В” сыныбының ата-аналарымен кезекті 3 сабақ өтті. Тақырыбы «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер. Өз балаңыздың кілтін қалай табуға болады»

Сабақтың мақсаты: ата-аналардың жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту.

-29.11.2023 ж. 5, 7, 8 сыныптардың ата-аналарымен “Ақыл айтпа, жол көрсет” тақырыбында ата-ана сабағы өтті. Мақсаты: ата-аналардың балаларды жаңа жағдайға бейімдеу қабілеттерін дамыту. Сабақта бір шама сұрақтар шешімін тапты. Ата-аналар өз ойларын ортаға салды.

24.11.23 күні «Мұғалімдер мен ата-аналардың педагогикалық одағын қуатты тәрбие күшіне қалай айналдырамыз?» тақырыбы аясында ата-ана сағаты ата-аналардың ұйымдастыруымен бә сыныбында «Дәстүрмен ғұрып» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға дәстүр мен ғұрып, ұлттық дәстүрлер туралы мағлұмат беру, ұлттық салт-дәстүрдің маңызын түсіндіру, ұлттық сананы, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

23.11.2023ж. Ұлытау облыстық ардагерлер кеңесі Абайдың толық адам ілімі бойынша дөңгелек үстел өткізді.

Іс-шараға ардагерлер ұйымының мүшелерімен қатар мектеп мұғалімдері, 10-сынып оқушылары қатысты. Тақырып бойынша ардагер, абайтанушы Бекболат Есенов тренинг өткізді. Ол Абайдың толық адам туралы ілімінің философиялық мәнін жан-жақты ашып көрсетті. Әңгімені жалғастырған ардагерлер Қоңыр Смағұлов, Айжан Жүнісова, Сағындық Қожамсейітов, Шүкір Молдағалиева және Мұрат Қазамбаев ғұлама Абайдың өлеңдері мен қарасөздеріндегі адамды рухани кемелдендіретін қасиеттерге тоқталып, балалардың білім мен ғылымға бойлап, ізгілікті, мейірімді, бойға сіңіріп, ізденіспен алға ұмтылуларына тілектестік білдірді.

-23.11.23 күні «Мұғалімдер мен ата-аналардың педагогикалық одағын қуатты тәрбие күшіне қалай айналдырамыз?» тақырыбы аясында Досанова Гулшат Нағизкановнаның ұйымдастыруымен ата-ана сағаты жоспар бойынша 7 “А” сыныбында «Қыз қылығымен көрікті» атты тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты: қыз балалар тәрбиесін, қыз баланың әдептіліктің, әдеміліктің, сұлулықтың жаршысы екенін сөз ету. Сынып сағаты барысында ата

-ана әрбір қыз балаға ата-анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретіп, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, болатынына сенім білдірді. Оқушылар белсене қатысып ата -анасына қолдау көрсетті.

-23.11.23 күні «Мұғалімдер мен ата –аналардың педагогикалық одағын қуатты тәрбие күшіне қалай айналдырамыз?» тақырыбы аясында ата –аналар сағаты ата –аналардың ұйымдастыруымен 7В сыныбында «Атадан қалған асыл сөз» атты тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты аталардан қалған ұлағатты ғибрат аларлық сөздерді балаларға ұғындыру; ұлттық дүние таным негіздерін қалыптастыру.

-14-16 қараша аралығында әкімшіліктің ұйымдастыруымен мектебімізде ата-аналарға арналған педконсилиум өтті. Педконсилиум 14 қараша күні 5-6 сыныптардың, 15 қараша күні 7-8 сыныптардың, 16 қараша күні 9-10 сыныптардың ата-аналары үшін ұйымдастырылды. Ата-ана мен мұғалім байланысының ерекше формасы ретінде ұйымдастырылған іс-шара барысында әр ата-ана баласының білімі мен тәрбиесі, мектептегі өмірі, қызығушылығы жайлы пән мұғалімдерімен жеке-жеке сұқбаттаса отырып, өз сауалдарына жауап ала алды. Екі жақты диалог құрылып, ата-аналарға кері байланыс берілді.

- 2.11.2023 ж. 9 сынып оқушыларының ата-аналары арасында «Баланың бас ұстазы-ата-ана. Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, өзін естірте білу» тақырыбында семинар- тренинг өткізілді. Іс-шара барысында ата-аналар “Позитивті ата-ана болу дегеніміз не?”, “Позитивті ата-ана болудың қағидаттары мен ережелері қандай?”, “Позитивті ата-ана болудағы тәрбие әдістері, тәсілдері қандай?”, “Позитивті болу үшін ата-ана қандай ішкі ресурстарға ие болуы керек?” деген сауалдар төңірегінде ой қозғап, пікір алмасты. Оң тәрбиенің мәнін, принциптерін және дағдыларын дамыту арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға мектеп психологі А.Жетібаева қатысып, ата-аналардың сауалдарына жауап берді. Семинар барысында ата-аналар бала тәрбиелеуге қатысты өз тәжірибелерімен бөлісті. Аталған жұмыстар келесі тоқсандарда да жалғасын табатын болады.

2.11.2023 ж. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Ж. Раимбекова "Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығының жұмысы мен мақсат міндеттерін айтып өтті. Шығармашылық топ ұстаздары 7 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасына сай "Баланың бас ұстазы-ата-ана. Позитивті тәрбие" тақырыптарында сабақ өткізді. Тақырып барысында жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшелігі, позитивті ата-ананың ерекшелігі туралы айтып, ата-аналар тапсырмалар орындады.

-31.10.2023 жылы “Даналық мектебі” жобасы аясында 5-6 сыныптардың мұғалімдерінің ұйымдастыруымен “Баланың бас ұстазы - ата-ана. Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, өзін естірте білу” атты 1 сабақ өткізілді.

Іс шараның мақсаты: оң тәрбиенің мәнін, принциптерін және дағдыларын дамыту арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту. Ата-аналарды позитивті ата-ана болудың мәнімен, қағидаттарымен, әдістерімен таныстыру. Ата-аналарға позитивті ата-ана болу дағдыларын игеруге көмектесу.

Іс-шара барысында ата-аналар балалардың осы қалыптасу кезеңінің жас ерекшеліктеріне қарай өз балаларының портретін құрды, өз ойларымен бөлісті. Бағдарлам жаттығуын орындады, өз пікірлерін білдіріп даулы мәселелерді талқылады. Баламен байланыс орнатуға және оны жақсы түсінуге көмектесетін бірнеше амалдар және «Позитивті ата-ана болуға апаратын қадамдар» чек-парақтары ұсынылды. Іс шара соңында тілектер, пайдалы ұсыныстар айтылды.

-27.10.2023 ж.«Даналық мектебі» жобасы аясында 8-сыныптардың ұйымдастыруымен «Әже мейірімі» атты дөңгелек стол өткізілді. Дөңгелек столға 8-сынып оқушыларының әжелері қатысты. Іс-шараның мақсаты: отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру. Іс-шараны директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Раимбекова Динара Журсуновна ашып берді. Келесі кезекте сөз алған мектебіміздің психологы Жетібаева Айгүл Әмзеевна әжелермен танысу тренингін өткізді. Сонымен қатар дөңгелек стол басында «Маған қымбат...», «Немере мен үшін?...» айдарымен ой қозғайтын әңгіме өрбіді. Әжелер өз ойларын ортаға салып, тәрбиелі, сапалы және өмірден алған тәжірибелерімен ой бөлісті.

Әңгіме барысында әжелеріміз жағдаяттық сұрақтарға жауап беріп, тапқырлықтарымен білікті де, білімді екендерін көрсете білді. Әжелеріміз көңілді әңгіменің соңын «Тілек шамы» арқылы тілек айтып, немерелерімен қосыла «Асыл әже» әнімен аяқтады. «Әже мейірімі» атты дөңгелек столды ұйымдастырған сынып жетекшілер Казангапова Венера Орынбековна, Курманғалиева Байан Сайлаубековна, Мизамбаева Айгерим Жорабековна, Ергеш Нұрзат Ережепбайқызы.

-20.10.2023 ж. Балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен өзара қарым-қатынасты күшейту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» құрылып, ата-аналармен жұмыс жасауға орталық ашылды. Орталықты құру туралы бұйрық және 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарының, бағдарламасының мақсат, міндеттері интернаттың ата-аналарына таныстырылды.

23.02.2024 Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сай, бүгін мектебімізде Bilim times жобасы аясында инновациялық технологиялар көрмесі өтті.

Көрмеде 8 алаң жұмыс жасады.

1- алаң Эксперименттік оқыту технологиясы

2-алаң Жобалап оқыту технологиясы

3-алаң Ынтымақтастықта оқыту технологиясы

4-алаң Дизайн ойлау технологиясы

5-алаң Компьютерлік оқыту технологиясы

6-алаң Ойын технологиясы

7-алаң Функционалдық сауаттылыққа бағыттап оқыту

8-алаң Жақсылық керуені

Көрмеде оқушылар  оқу пәндерінен алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолдана отырып, жобаларын ұсынды. Көрмеге мектебіміздің оқушылары, ата-аналары қатысты.

Ата –аналарды қолдау орталығының жүргізген жұмысы

№	Іс шара саны (семинар, конф)	Ашық есік күн	Қамтылған педагог саны	Қамтылған ата -ана саны
1	23	2	50	500

№	Іс шара атауы	Қамтылған оқушы саны	Қамтылған педагог саны	Қамтылған ата -ана саны
1	14.05.2024 ж. 5-сынып оқушылары өз ата-аналарына “Оқушы-ата-ана” жиналысын өткізді.	70	3	55
2	Қорытынды-есептік мерекелік концерт «Тағылым.Таным.Тәлім.»	150	50	180
3	17.04.2024 ж. Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Әншуақ» балалар әндерінің фестивалі ата –аналардың ұатысуымен өтті.	12	12	12
4	20.03.2024 ж. 6 сыныптың ата-аналарымен оқушыларына Наурыз мерекесіне арналған “Қош келдің әз-Наурыз”іс шара ұйымдастырылды	65	4	15
5	18.03.2024ж. «Атадан қалған өсиет» тақырыбында ата-аналардың қатысуымен 7 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен шығармашылық сайыс өткізілді.	25	4	10

6	18.03.2024ж. «Ана мектебі» жобасы аясында «Алтын оймақ» шығармашылық іс –шара өткізілді	10	4	6
7	5.03.2024ж Аналар мен ару қыздардың мерекесіне арналған кеш өткізілді.	180	27	45
8	1 наурыз- Алғыс айту күніне орай 11-сынып оқушыларының ұйымдастыруымен, мектеп ұстаздары мен ата-аналарының қатысуымен "Бала сезімі — көңіл толқыны" сырласу кеші өткізілді.	80	27	35
9	28.02.2024ж. Дарынды балалардың ата-аналарымен Алғыс айту күні қарсаңында кездесу ұйымдастырылды.	25	27	30
10	7.02.2024ж. “Мені қызықтыратын әлем” апталығының отбасылық құндылықтар күні жатақхана және 7-сынып ата-аналары арасында «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» атты интеллектуалды сайыс өткізілді.	8	4	8
11	29.01.2024ж. "Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығының бағдарламасына сәйкес 11 сынып ата-аналарына жиналыс өткізілді.	-	10	56
12	19.01.2024ж. 5 "Ә", 6"А" және 7"Ә" сыныбының ата- аналарымен кезекті 3 сабақ өтті. Тақырыбы «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер Өз балаңыздың кілтін қалай табуға болады»	-	3	35
13	12 .01.2024 ж. 8"В"сыныбының ата-аналарымен «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер Өз балаңыздың кілтін қалай табуға болады»	-	1	12
14	29.11.2023 ж. 5, 7, 8 сыныптардың ата-аналарымен "Ақыл айтпа, жол көрсет" тақырыбында ата-ана сабағы өтті.	-	11	60
15	24.11.23 күні 6ә сыныбында «Дәстүрмен ғұрып» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.	20	1	5
16	23.11.2023ж. Ұлытау облыстық ардагерлер кеңесі Абайдың толық адам ілімі бойынша дөңгелек үстел өткізді. 10 сынып оқушылары қатысты	25	7	20
17	23.11.23 күні 7 "А" сыныбында «Қыз қылығымен көрікті» атты тақырыбында сынып сағаты өтті.	20	1	5
18	23.11.23 күні 7 «В» сыныбында «Атадан қалған асыл сөз» атты тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді	17	1	4
19	14-16 қараша аралығында әкімшіліктің ұйымдастыруымен мектебімізде ата-аналарға арналған педконсилиум өтті.	-	45	350

20	2.11.2023 ж.. Шығармашылық топ ұстаздары 7 сынып оқушыларының ата- аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасына сай "Баланың бас ұстазы-ата-ана. Позитивті тәрбие" тақырыптарында сабақ өткізді.	-	7	46
21	31.10.2023 жылы “Даналық мектебі” жобасы аясында 5-6 сыныптардың мұғалімдерінің ұйымдастыруымен “Баланың бас ұстазы - ата-ана. Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, өзін естірте білу” атты 1 сабақ өткізілді.	-	7	50
22	27.10.2023 ж.«Даналық мектебі» жобасы аясында 8-сыныптардың ұйымдастыруымен «Әже мейірімі» атты дөңгелек стол өткізілді.	15	2	15
23	20.10.2023 ж. Балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен өзара қарым-қатынасты күшейту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» құрылып, ата- аналармен жұмыс жасауға орталық ашылды.	-	9	25

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

31.01.2024 ДосболLIKE ҚОЛЫҢДЫ ҰСЫН акциясына 5 "А" сынып оқушылары белсенділік танытты.Акция мақсаты: оқушылардың позитивті қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту.

Сыныптың ұраны: Нағыз досыңның болғанын қаласаң- қолыңды ұсын, дос бол!

4.02.2024 "IAF" халықаралық өнер фестивалінің аясында 2024 жылдың 4 ақпанында Жезқазған қаласында өткен " SHASHU" республикалық іріктеу байқауының қатысушысы Ағайдарова Інжу (7ә сынып оқушысы)

ГРАН ПРИ жеңіп алды. Інжу Астана қаласында 19 сәуірде өтетін халықаралық фестивалге қатысады.

Шахизада Ернұр (8а сынып оқушысы) "Аспапта ойнау" номинациясының

2 -орын жүлдегері атанды.

8.02.2024 “Абай Trend” жайдарманшылар командасы Астана қаласында өткен Жайдарманшылар ойынының іріктеу кезеңінде жақсы нәтиже көрсетіп, Алматы қаласында өтетін ойынға жолдама алды.

14.02.2024 «Мұрагер-2024» ІІ облыстық шығармашылық байқауы ”Аспапта орындау” жанры:

І ОРЫН ИЕГЕРЛЕРІ «ҰЛАР» квинтеті;

Алғыс хат "Жігер" домбырашылар дуэті;

Алғыс хат "Аспапта орындау" жанры бойынша Шахизада Ернұр марапатталды.

-«Мұрагер-2024» ІІ облыстық шығармашылық байқауы

"Сәндік-қолданбалы өнер" жанры бойынша: БАС ЖҮЛДЕ Асқарова Жания 11 жас

"МҰРАГЕР-2024" ГАЛА-КОНЦЕРТІНЕ қатысуға жолдама берілді;

Жетекшісі: Курманғалиева Б. С.

"Сәндік-қолданбалы өнер" жанры бойынша БАС ЖҮЛДЕӘуезхан Нұрасыл
 "МҰРАГЕР-2024" ГАЛА-КОНЦЕРТІНЕ қатысуға жолдама берілді. Жетекшісі Ғайнетден Қ.М.

I дәрежелі диплом"Сәндік-қолданбалы өнер" жанры бойынша Тілеужан Аружан марапатталды. Жетекшісі Курманғалиева Б. С

Ідәрежелі "Сәндік-қолданбалы өнер" жанры бойынша Әбілхан Айлуна. Жетекшісі: Ташимова А.А

I дәрежелі диплом"Сәндік-қолданбалы өнер" жанры бойынша Қуанышбек Қалмұхамед марапатталдыЖетекшісі: Ғайнетден Қ. М.

III дәрежелі "Сәндік-қолданбалы өнер" жанры бойынша Абил Зарина марапатталды. Жетекшісі Ташимова А. А

III дәрежелі "Сәндік-қолданбалы өнер" жанры бойынша Чирчикова Адема марапатталды . Жетекшісі Ташимова А. А

III дәрежелі "Сәндік-қолданбалы өнер" жанры бойынша Жолдығалиқызы Жансая марапатталды. Жетекшісі Курманғалиева Б. С.

-Балалар мен жасөспірімдер арасында «Мұрагер – 2024»

II облыстық шығармашылық байқауының мектепшілік іріктеу кезеңі өтті. Мақсаты: балалар мен жасөспірімдерге өзіндік даралықтары мен дағдыларын танытуға мүмкіндік беру.

Қатысушылар жас ерекшелік категориясы бойынша марапатталды.

«Үздік жүргізуші» сайысының жеңімпаздары :

8-11жас аралығында

1 орын Айнұр Ақбаян 5Б

2 орын Қабден Айғаным 6Б

3 орын Айтбек Айзере 5А

Тлеуқабыл Махамбет 5А

Зорын Қанат Айкерім 6А

12-14жас аралығында

1орын Ғаниқызы Нурила8Ә

2 орын Төлек Айнұр 8А

Шынтас Гүлхан 8А

2 орын Қайратқызы Кәусар , Серік Әмір 7Ә

3 орын Алтынхан Назым 8Б

15-16 жас

2орын Айтқұл Назым 10А, Серік Жарқын 10А

3 орын Муханбетжанова Дана, Есполған Рамазан.

МӨНЕРЛЕП оқу бойынша жанры бойынша:1-орын Асылбекова Аруна

2-орын Бақыт Аяжан. Сайысқа 48 оқушы қатысты.

-"Мұрагер -2024" II облыстық шығармашылық байқауында жүлделі орындарға ие болуда. Бас жүлде "Хореография" жанры .

Бас жүлде "Вокал" жанры Ағайдарова Інжу ,

1- орын "Күншуақ" ансамблі,

2-орын "Вокал" жанры Көшербай Мақпал,

Алғыс хат "Үздік жүргізуші" жанры Айнұр Ақбаян.

-15.03.2024 Наурыз мерекесі қарсаңында "ӘНШУАҚ" балалар әндері фестивалі жобасы аясында "Жетістікке жеткен белестер" атты кездесуді ұйымдастырған 8"А" сынып жетекшісі Казангапова Венера Орынбековна және музыка пәнінің мұғалімі Омарова Ақбота Аманжоловна және 8 сыныптың мәдениет фракциясы.

Іс- шара қонақтары Тайжан Калмағанбетов атындағы Ұлытау облысы филормонияның әншілері Береке Көшенов пен Руслан Исмаилов. Кездесудің мақсаты: ұмытылып бара жатқан әндерді дәріптеу. Кеш барысында оқушыларды ән өнерімен таныстыра отырып, ән өнерін білім алушылар арасында насихаттау.

Кездесу барысында қонақтарымыз өздерінің шығармашылық жолдарына тоқталып өтті. Кездесу өте әсерлі, мағыналы өтті, балалар сұрақтарын қойып, бірге ән айтып, рухани азық алды.

-17.03.2024 Жезқазған қаласының мектепаралық финал жайдармай ойынында Чемпион атанып, Жезқазған қаласы әкімінің кубогын иеленген үшін “Абай Тренд” командасы.

-29.03.2024 "Ән шуақ" жобасы аясында Көктемгі демалысты қызықты өткізу барысында қаламыздың әншілері өзін өзі басқару парламент мүшелеріне сұхбат берді.

-17.02.2024 Елімізде алғаш рет Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Әншуақ» балалар әндерінің фестивалі Қазақстан республикасының барлық мектептерінде өтіп жатыр. Біздің де мектептің оқушылары қалыс қалмай қатысуда. Бұл фестиваль өскелең ұрпақтың мәдени өміріндегі ерекше оқиға. Оның басты мақсаты - халқымыздың ұлттық ерекшелігі мен рухани мәдениетін дәріптеу. Фестиваль қонақтары

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Береке Қөшенов, сазгер, балалар әндері сазгері, «Ұлт мақтанышы» төсбелгісі иегері Мұсабеков Айхан ағамыз, Тайжан Қалмағанбетов атындағы Ұлытау облыстық филармониясының, музыка бөлімінің меңгерушісі Ерғазы Қайырхан және Жезқазған музыкалық колледжінің дәстүрлі ән бөлімінің оқытушысы Мұханбетжан Толқынай. Бүгінгі фестивалде Отан, туған жердің кең даласы мен көркемдігі және махаббат пен достық тақырыбында орындалған әндермен ерекшеленеді. Фестивальге оқушыларымыздың аналары, әжелері және ұстаздары қатысты. Барлық қатысушылар дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды. Фестивальдің өтуіне ат салысқан мектеп президенті және фракция мүшелері.

-VII халықаралық «SHASHU» фестиваль-байқауының республикалық финалы 2024 жылдың 19 сәуірі - Астана қаласы, Жастар сарайында өтті.

Байқауға Ұлытау облысы Абай атындағы Мамандандырылған Мектеп-Интернатының 7 ә сынып оқушысы Ағайдарова Інжу қатысып 1 дәрежелі лауреат атанды. Інжу арнайы диплом мен медальға ие болды және ұстазы Омарова Ақбота Аманжолқызына «IAF» халықаралық өнер фестивалінің аясында өткен «SHASHU» республикалық байқауы финалының жеңімпазын дайындаған үшін Арнайы дипломмен марапатталды.

-29.04.2024 "Мұрагер 2024 "II Облыстық шығармашылық байқауының "Хор өнері" жанры бойынша 1 дәрежелі дипломмен мектебіміздің 5-6 сынып хор ұжымы марапатталды.

-"Мұрагер 2024 "II Облыстық шығармашылық байқауының "Көркемсөз оқу " жанры бойынша 2 дәрежелі дипломмен 9 сынып оқушысы Асылбекова Аруна марапатталды.

3.05.2024 Халықтар достастығы үйінде 7 мамыр- Отанды қорғаушылар күнінің қарсаңында «Тәлім, Тағылым, Таным» деген тақырыпта, мектептің оқушылары мен әкелеріне үлкен құрмет көрсетіп, өте жоғарғы деңгейде концерттік бағдарлама қойылды. Бала тәрбиесіне елеулі үлес қосқан әкелерге және мектептің озық оқушы ұлдарына құрмет грамоталары мен сыйлықтар берілді.

Мамандандырылған мектеп ұжымы өздерінің мәдениет ошағындағы ұйымдастырған бұл мерекелік іс-шараны қазақтың салт-дәстүрі мен заманның талабына сай үрдіспен ұштастырып, жоғарғы деңгейде өтті.

- 9.06.-11.06.2024 аралығында Алматы қаласында өткен Ұлытау облысының атынан Республикалық "Ақ шағала" фестиваліне хореографиялық би конкурсына биші қыздары сайысқа барып сертификатқа ие болды.

«Балалар және театр» жобасы

«Балалар және театр» тақырыбында ағартушылық жобасын жүзеге асыру аясында жыл бойы Серке Қожамқұлов театрының қойылымдарына көрермен ретінде оқушылар мен ұстаздар үнемі қатысып тұрады. Жобаның басты мақсаты - театр шығармашылығы арқылы балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу. Жоба аясында сахналық сөйлеу, грим, сахналық қозғалыс бойынша сабақтар өткізілді. «Сахна әлемі» театр үйірмесі жұмыс жасайды. Үйірмесінің оқушылары облыстық, республикалық конкурстары мен іс-шараларына қатысты. Нәтижесінде сахналық алаңдарында спектакльдер көрсетілді. «Махаббат пен кесепат» атты сахналық қойылым көрсетілді облыстық ккнкурста 1 орын жеңім алды. 13-14 қазан аралығында Алматы қаласында өткен Республикалық фестивальге қатысып оқушылар жүлделі 3-орынға ие болды. "Мұрагер 2024 "II Облыстық шығармашылық байқауының "Театр " жанры бойынша Бас жүлде жеңіп алды. Үйірмелерде қамтылған оқушылар саны - 15оқушы. Театрға қойылымдарға қамтылған оқушы саны- 125оқушы.

Оқушылардың шығармашылық потенциалын дамытуға арналған конкурстардың

қорытындысы бойынша жетістіктер динамикасы.

№	Деңгейі	Бас жүлде	I орын	II орын	III орын
1	қалалық	2	1	3	1
2	облыстық	11	16	15	28
3	республикалық	1	3	4	4

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. -«Күнделікті дене белсенділігі – денсаулық пен ұзақ өмір сүруге бастар жол!» тақырыбында өткізілетін дене шынықтыру және физика кафедрасы апталығының ашылу салтанаты өтті. Апталық 06-10 қараша күндері өткізілетін болады. Апталықтың ұраны: Салауатты өмір салтын сақтаймыз, үйренуден ешқашанда қашпаймыз. Оқушылардың қызығушылығын арттыру барысында пән апталықтарының орны ерекше. Бұл апталықты өткізудегі негізгі мақсатымыз – физика мен дене шынықтыру пәндерін кіріктіру арқылы оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға насихаттау, физикалық ұғымдардың күнделікті өмірдегі қолданысын үйрету.


-21.11.2023 7-8 сынып оқушыларына ҚЫЗЫЛША дерті туралы және оның алдын алу мақсатында мектебіміздің медбикесі акт залда баяндама жүргізді. Балалардың жадында ақпарат қалу үшін жазбаша түрде 17.11.23 диктант жұмыстарын жинақтады.

-28.11.2023ж. 1 желтоқсан дүниежүзілік СПИД пен күресу күні қарсаңында 5-11 сыныптармен сынып сағаты өткізілді. Ғасыр дертіне айналған ЖҚТБ және АҚТҚ аурулары және нашақорлық туралы оқушыларға түсінік беру. Олардың адам ағзасына тигізер зияны, залалы жөнінде түсінік беру, сонымен қатар оқушыларды өз ойын жинақтап жеткізе білуге, тұжырым жасап, өз көзқарастарын дәлелдей білуге үйрету, осының негізінде адамгершілік, рухани қасиеттерін қалыптастыру.

Салауатты өмір ұстануға шақыру.

-28.11.2023ж

1 желтоқсан –
Дүниежүзілік
қарсы күрес" күніне
7 сыныптармен
қымбат білгенге"



тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Мақсаты: Жасөспірімдер арасында өзіне – өзі қол жұмсаудың алдын алу жолдары. Жасөспірімдерге, өмір құндылығын сезінуге, оған бейімділікке, бір-бірлерімен жақсы қарым - қатынаста болуларына шақыру, адамның өмірі өз қолында екендігін түсіндіріп, өмірді сүюге дағдыландыру.

-10.12.2023 "Вейп - денсаулыққа өте қауіпті" тақырыбында

білім алушылар арасында вейп шылымдар мен электронды сигареталарды және басқа да зиянды заттарды тұтынудың алдын алу, қатерлі заттардың қатарын азайту мақсатында

7 сыныптарда -«Электрондық темекі / вейп және темекі өнімдерін пайдаланудың алдын алу»

8 сыныптарда «Вейп туралы мифтер мен шындық», 9 сыныптарда «Абайлаңыз , электронды темекі» тақырыбында білім алушылары арасында құқықтық сағаттар өткізді.

-4.02.2024 Ұлытау облысының денешынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен Жаңаарқа кентінде өткен қысқы Президенттік копсайыстан Ұлытау облысының чемпионатында жекелеген есепте
3-орын жеңіп алған мектебіміздің АӘТД пәнінің мұғалімі Өмірзақов Ерлан;
2-орын Қуаныш Айым;
3-орын Илиясхан Дәуіт
-Ұлдар мен қыздар арасындағы қалалық қысқы шахмат кубогін қыздар арасында 2 -орын жеңіп алған Кенжебаева Айым (5 сынып оқушысы)
-24.02.2024 Жалпы орта білім беру ұйымдарының ұлттық мектеп лигасы бойынша 9-10 сынып арасында өткен облыстық "Алтын доп" баскетбол ойынынан мектебіміздің оқушылары ЕР БАЛАЛАР 2 орын,
ҚЫЗ БАДАЛАР 3 орын жеңіп алды.
Жаңаарқа ауданында өткен облыстық ұлттық мектеп лигасы бойынша
ҮСТЕЛ ТЕННИСІнен
5—6 сынып 2 орын,
7—8 сынып 2 орын,
9—11 сынып 3 орын Жетекшісі Сағинаев Алмас Ануарович;
АСЫҚ АТУДАН
9—11 сынып (ұлдар) 1 орын. Жетекшісі Өмірзақов Ерлан Жаныбекұлы;
9-10 сынып 1 орын.
15.03.2024 Сәтбаев қаласында өткен жалпы орта білім беру ұйымдарының ұлттық мектеп лигасы бойынша 9-11 сыныптар (қыздар) арасында өткен облыстық "Теңбіл доп" футбол ойынының жеңімпаздары 3 орын иеленді.
29.03.2024 Көктемгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында сыныптан тыс іс-шаралар жоспарлы түрде өткізіледі, үйірмелер мен спорттық, пәндік секциялар жұмысы ұйымдастырылды, спорттық эстафеталар өткізілді. Іс-шараларға қатысу кезінде оқушылармен қауіпсіздік техникасы, жол жүру ережелері, су қоймаларындағы жүріс-тұрыс, өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізіледі. Көктемгі демалыс кезінде оқушы қызығушылықтары бойынша қамтылды.
22.04.2024ж. күні Абай атындағы мамандандырылған мектеп- интернатының директоры Капарова Динара Онгонисовнаның қолдауымен, "Шахмат" үйірме жетекшісі А.О.Кожабековтың ұйымдастыруымен дәстүрге айналған "Директор кубогі-2024" шахмат турнирі өтіп жатыр. Бүгін турнирдің бірінші күні өтуде.
Мақсаты: мектептің білім деңгейін көтеріп, дарынды оқушыларға қолдау көрсету.
-Облыстақ жеңіл атлетикадан өткен спорттық жарыстан
7-8 сыныптар 3- орын,
9-10 сыныптар 3-орын жеңіп алды.
22-25 сәуір аралығында мектептің директор кубогы үшін командалық турнирі өтті. Турнирге 5-11 сынып оқушылары қатысты; команда құрамында 1 ұл және 1 қыз. Қатысушылардың жалпы саны 14 команда.
Жарыс айналмалы жүйеде, тартысты өтті. Нәтижесінде :
*3- орынды Манат Әлім мен Әбдіқадыр Маржан 6-сынып оқушылары,
*2-орынды Аманкелді Жанболат пен Тұрсынбай Арунай 10-сынып оқушылары *1-орынды екінші жыл қатарынан 9-сынып оқушылары Абдрахман Халиулла мен Мұхамбетжан Гүлім жеңіп алды.

-31.05.2024 Жезқазған қаласының жасөспірімдері арасындағы шахматтан "Көктем кубогі" турниріне қатысқан шахмат үйірмесінің оқушылары:
Манат Алим 1 орын;
Бақытов Ерасыл 2 орын;
Мұханбетжан Гүлім 1 орын.
-Жазғы демалыс балалар үшін - демалу уақыты. Жазғы демалыс оқушылардың үздіксіз білім алуы мен дамуы үшін өте маңызды.

Бұл демалыс - балалар үшін "өз өмірін" қызықты таныстарға, пайдалы хобби мен іс-шараларға толы ете алатын, бос уақыттарын тиімді өткізуді үйренетін кезең. Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында 3.06.2024 жылы 7-сыныптар үшін «Sport Land» «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» тақырыптарында спорттық эстафеталар өтті.

30.10.2023 "Ұлытау облысының шахмат федерациясы" қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Ұлытау облыстық чемпионаты классика түрінде өтті. Турнирге облысымыздың мектептерінен 146 оқушы қатысты.

Нәтижесінде:

14 жасқа дейінгі ұлдар арасында 3-орын Манат Алим; 16 жасқа дейінге қыздар арасында 3 орын Қуандық Айзере;

16 жасқа дейінге ұлдар арасында 1-орынды Бақытов Ерасыл жеңіп алды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1842355156183237&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1947187445700007&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1923713994714019&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1858793411206078&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1858790717873014&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1858780687874017&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1857629134655839&set=pcb.1>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1855126668239419&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1848716562213763&set=pcb>.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Дебат қозғалысы

2023-2024 оқу жылының басында мектепте «"JAS STAR" » дебат клубы үйірмесі құрылып, жылдық жұмыс жоспары жасақталып, бекітілді. Үйірмеге 10-11 сынып оқушыларынан құрылған. Жоспарға сәйкес оқушыларға жалпы дебат ұғымын, оның түрлері, оқушыларға беретін артықшылықтары мен тигізер пайдасы қандай екені туралы айтылды. Дебат үйірмесі жұмасына 8 сағат бөлінген. Өскелең ұрпақтың бойында патриоттық, азаматтық қасиеттерді қалыптастыру және білім беру ұйымдарында дебат қозғалысын дамыту мақсатында мектепте бойынша 3 тілде дебат үйірмесі жұмыс жасады.

Онда 35 оқушы қамтылған. Қазақ лигасы -1/19 оқушы, орыс лигасы-1/10 оқушы, ағылшын тілінде-1/6 қамтылған.

Мектепте үш тілде дебат клубы жұмыс жасайды қазақ тілінде , орыс тілінде және ағылшын тілінде.

12.10.23 күні өткен дебат қазақ тілінде және ағылшын тілінде американдық парламенттік форматта өтті. Бүгінгі мектепшілік дебат турнирінің мақсаты облыстық сайысқа қатысатын дебатёрларды анықтау.

Білім басқармасының жұмыс жоспарына сәйкес 20.10.23 жылы Сәтпаев қаласында «Жастар жарқын болашаққа» СҰР I облыстық пікірсайыс турнирі өтті. Мектебіміздің 3 фракциясы қатысты. Нәтижесінде ағылшын лигасы 1-ші орын, Бексултанова Ділда "Үздік спикер", орыс тіліндегі лигасы 3-ші орын, қазақ тіліндегі лигасының спикері Турсунова Алуа "Үздік оратор" номинациясына ие болды дипломдарымен марапатталды.

-22.11.2023 Дебат фракциясының ұйымдастыруымен көпшілік алдында еркін сөйлеу оқушы қабілеттерін қалыптастыру, пікірсайыс қозғалысын дамыту, насихаттау және қолдау мақсатында Американдық - парламенттік форматта (АПФ) мектепшілік пікірсайыс турнирі өтті. Турнирге "Ділмар" клубының командалары қазақ және орыс тілінде қатысып, әдемі ойын көрсетті.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1836845170067569&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1831786150573471&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1831053977313355&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1822198988198854&set=pcb>.

«Жас Ұлан», «Жас қыран» мектеп өзін-өзі басқару парламентінің жұмыстары

2023-2024 оқу жылының жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған Біріңғай « Жас Ұлан,» «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер

ұйымы Республикалық Қоғамдық бірлестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиыны болып өтті.

Мақсаты: Жас азаматтарды еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбекқұмар, білімге құштар, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, өршіл, қайсар етіп тәрбиелеуді, дәстүрімізді, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыруды көздейтін ұрпақ тәрбиелеу.

«Жас Ұлан» ұйымының жұмысы 7 бағыт бойынша жұмыс жасайды.

«Жас Қыран» ББЖ ұйымы-1/275 оқушы қамтылған.

15.12.2023ж. «Жас Ұлан» Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы құрамына 5 сынып оқушылары қабылданды (75 оқушы). Мектебімізде «Жас Ұлан» Республикалық қоғамдық ұйымы қатарындағы 5-6-7-8 сынып оқушыларының үлесі 60% . Оқушыларды ұйым қатарына салтанатты қабылдау рәсімінде өзін-өзі басқару ұйымымен қатар мектеп мұғалімдері қатысты. Іс-шара оқушылардың бойында отансүйгіштікті тәрбиелеуге, мемлекетке құрметпен қарауды дамытуға, халықтың салт-дәстүрлеріне оң көзқарасты қалыптастыруға, Отан тағдырына қатыстылық сезімін дамытуға ықпал етті.

Ұйым белсенділерінің қатысуымен 11 сынып түлектері «Жүгір және тазала» плагингке қатысты, 5 - 9 с ы н ы п т а р сурет байқауларына, ҚР Тілдер күні мерекесіне арналған «Тіл-достықтың тірегі» сынып сағаттарына, «Мейірімді жүрек» акциясына, «Дос болайк» челленджіне, 25 қазан - Республика күні мерекесіне орай ұйымдастырылған “ Мен Отанымды, Республикамды құрметтеймін!” атты патриоттық челленджіне қатысты және мектеп оқушылары облыстық, республикалық деңгейдегі ғылыми жоба, шығармашылық және өнер сайысының жүлдегерлері аталып өтті. 2023 жылдың 15-25 қараша аралығында «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» тақырыбындареспубликалық онкүндік ұйымдастырылды. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралары әлеуметтік желі Instagram, Facebook парақшаларына жарияланды.

Мектеп парламенті

Мектеп парламенті Президентін сайлау 19.10.2023 ж. өткізілді. Президентке үміткер 7 оқушы қатысты.

Барлығы 670 сайлаушы тіркеліп, 570 адам қатысты.

Сайлау комиссиясының шешімімен 565 сайлау парағы жарамды, 5 сайлау парағы жарамсыз деп танылды. Дауыс беру нәтижесінде ең көп дауыс жинаған 9 “Ә” сынып оқушысы Жаңбырбай Жанерке мектеп Парламенті Президенті болып сайланды.

Мектеп парламентінде – 27 сыныптың белсенділері қамтылған әр сыныпта 9 фракция жұмысатқарады. Мектепішілік Парламент белсенділері 9 фракция бойынша жұмыс жасайды.

«Өзін-Өзі тану және бақыт» фракциясы (психология);

«Қамқорлық» фракциясы (еріктілік);

«Дебат қозғалысының» фракциясы;

«Құқық және тәртіп» фракциясы;

«Ақпарат» фракциясы;

«Спорт және салауатты өмір салты» фракциясы;

«Мәдениет және өнер» фракциясы;

«Экология және еңбек» фракциясы;

«Төтенше жағдайлар» фракциясы.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылған челленджер:

Қыркүйек - Сергіту сәті-585оқушы;

Қазан - Әнұран айту-175 оқушы;

Қараша - Асық ату-76 оқушы;

Желтоқсан -Шығарма жазу:болашаққа хат-46 оқушы;

Қаңтар - Қазақ есебі-35 оқушы;

Ақпан - Оқуға құштар мектеп-356 оқушы;

Наурыз -Домбырашылар-70 оқушы;

Сәуір- Шахмат ойнау-45 оқушы;

Мамыр- Жасыл мекен-460 оқушы.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1832298443855575&set=a.>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1834398683645551&set=pcb.1>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1836907230061363&set=pcb.>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1837144730037613&set=pcb.>

Кәсіптік бағдар беру жұмысы:

Кәсіптік бағдар беру жұмысы жоспарлы түрде жыл бойы жүргізілді. Бұл жұмысқа биылғы жылы қаңтар, ақпан, наурыз айларында «ашық есік күні» айлығы ұйымдастырылды. Кәсіби бағдар беру жұмысының негізгі мақсаты: жас ұрпақтың өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдауда оқушыларға ақыл-кеңес, дұрысбағыт – бағдар беру.

«Кәсіби бағдар- болашаққа бағыт» тақырыбында мектептің 9 және 11 сынып түлектерімен кездесулер ұйымдастырылып өткізілді:

*Astana IT University-нің проректоры Кумалаков Болатжан Арменұлы және сол университеттің оқытушысы Жанай Темирлан Талғатұлы кәсіптік бағдар жүргізді;

*Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің оқытушылары физика математика бағытын таңдап отырған мектеп түлектеріне мамандықтар бойынша таныстыру және түсіндерме жұмыстар жүргізілді.

*Назарбаев университетінің студенттерді оқуға тартуды басқару офисінің менеджері Айдын Қизатоламен кездесу өткізілді. Жезқазған қаласындағы Халықтар достығы мен мәдениет үйінде "Мамандықтар жәрмеңкесі" атты білім көрмесі өткізілді. Көрмеге барған 10 сынып оқушылары өздеріне қажетті ақпараттар алды.

7-сынып оқушылары арасында "Ата-анамның жұмыс орнына саяхат" атты әлеуметтік жоба аясында оқушылар бейнероликтер түсірілімін жасады. (Жалпы саны 12 видеороликтер жасалды). Әлеуметтік жоба мақсаты: Ата-ананың жұмыс орнына саяхат жасау арқылы болашақта мамандық таңдауына бағдар жасау; ата-аналарын құрметтеп, еңбектерін бағалап, жауапкершілік пен тәртіп нормаларын білуге дағдыландыру. Оқушылар ата-аналарының жұмыс орындарына барып, арнайы түсірілген бейнероликтерінде ата-аналарының қызмет етіп жүрген мамандықтарын үлгі тұтып жариялады.

«Мамандықтар әлемін ашамыз» жобалық байқауы өткізілді. Сайысқа 8-9-10 сынып оқушылары қатысты. Іс-шараның ұраны: «Әлемде сансыз ғажайып мамандықтар бар және кез-келген мамандық - бұл даңқ пен абырой!». Байқау үш номинация бойынша өтті. Оқушылардың барлығы дайындыққа үлкен жауапкершілікпен қарады. Сайыс нәтижесінде:

1 орын Кабден Арайлым (орыс тілінде)

1 орын Наурызбаева Хадиша (қазақ тілінде)

2 орын Асан Самал және Жолтай Назым

3 орын Серік Шалқар, Баймендинова Асель, Жүсіп Адина;

"Менің бизнес жобам" бағыты бойынша Жолдас Ақмаржан және Алматова Адия 1 орын жеңімпаз атанды. Қатысқан оқушылардың барлығына сертификат табысталды.

Іс шара барысында 19 жоба қорғалды.

Maqsut Narikbayev University (КАЗГЮУ) университеті келіп оқушылармен кездесті. Кездесуге 10-11 сынып оқушылары қатысты.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті университеттің бизнес-инкубаторы аясында өткен "ZHEZ STARTUP" жастарға арналған әлеуметтік маңызы бар инновациялық жоба байқауында оқушыларымыз Есполған Рамазан, Елубаев Бекзат, Кан Амина, Серік Шалқар жүлделі 3- орынға ие болды.

Мамандықты таңдаймыз республикалық форумның облыстық кезеңінің нәтижесі "Мен мамандықты... таңдаймын" номинация бойынша қазақ тілі Кабден Арайлым-І орын; орыс тілі Тобагабулова Адина- І орын; ағылшын тілі Бексултанова Дильда- ІІІ орын "Бизнес жоба"

номинация бойынша- Алматова Адия -II орын; "Жас мобилограф" Ерболат Зарина-II орын, Сламбек Наргиз-III орын. 10 оқушыдан 6 орын бар.

Мектебіміздің кәсіби бағдар беру жұмыс жоспарына сәйкес мектеп психологы Жетибаева Айгул Амзеевна “Мамандық таңдау- болашақты таңдау” атты тренинг өткізді. Мақсаты: мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау.

Барлық кәсіптік бағдар беру іс шараларға мектепшілік, облыстық, республикалық деңгейде қамтылаған оқушы саны-369 оқушы.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1865513797200706&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1863119837440102&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1856029044815848&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1897111824040903&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1887833158302103&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1851610381924381&set=pcb>.

«Адал ұрпақ» еріктілер клубының жоспарына сай қараша айында мектеп оқушыларының арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізген іс –шаралар:

-20.11.2023 «Адал және сатылмайтын еңбектің келбеті» атты суреттерінің көрмесі өтті. Көрмені мектеп оқушыларына сыбайлас жемқорлықтың зияндылықтары түсіндірілді. Көрмені ұйымдастырудың басты мақсаты - өскелең ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті және оған қарсы мәдениетті қалыптастыру. Көрме барысында үздік сурет салған оқушылар анықталды:

1-орын Едіге Аяла 8Ә

2-орын Арыстанбек Балжан7Ә, Тоқбулатова Ғазиза 7Б

3-орын Ахметжарова Әмина 5А мақтау қағаздарымен марапатталды.

-18.01.2024жыл . «Адал еңбек жас өрен» республикалық жобасы аясында 8 "А", 8"Ә", 8"В" сынып оқушылары арасында жоспарға сәйкес «Мен еріктімін» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. Мақсаты : оқушыларға тек еңбек арқылы жетістікке жетуге болатындығын түсіндіру. Оқушыларға адал еңбек жөнінде айта отырып , оның маңызын түсіндіріп, адал еңбек етуге баулу. Адам еңбегін бағалай білуге , еңбек адамдарын сыйлау білуге тәрбиелеу. Сынып сағаты барысында оқушылар еңбектің мәні, мағынасын жан-жақты түсінуге тырысты.

-19.01.2024жыл . «Жемқорлыққа жол жоқ !» тақырыбында 7 "А",7 "Б" сынып оқушылары арасында тәрбие сағатты өтті. Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру, «жемқорлық» деген не екенін түсіндіру, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру. Сынып сағаты барысында оқушылар жағдаяттық сұрақтарға жауап беріп, өз ойларымен бөлісті.

Болашақ жастарға әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижеге жету үшін өз мүмкіншіліктеріңмен жетуге тырысындар деп тәрбие сағаты аяқталды. Күресейік, жемқорлықты жояйық! деген суреттерді барлық оқушы қолдарына ұстап, өз пікірлерін айтты.

-19.01.24.ж. 9-11 сынып оқушылары арасында «Адалдық жүрген жерде - адамдық жүреді» тақырыбында шығарма байқауы өткізілді. Мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жағдайында жастар санасына адалдық пен әділеттің , парасаттылық пен қайырымдылықтың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу. Нәтижесінде мектепшілік жиынында 12 оқушы марапатталды

-19.01.2024ж. 5 Ә"сынып оқушыларымен "Адалдық- атадан қалған мұра" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларға адам бойындағы асыл қасиеттерді таныта отырып, адамгершілікке, әдептілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу. Бұл тәрбиелік жұмыс барысында оқушылар әдептілік, адалдық, адамгершіліктің асыл қасиет екені туралы пікірлесіп, өз ойларын барынша ортаға салды.

-6.02.2024 Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары сана мен мәдениетті дамыту, сонымен қатар ішкі парасаттылықты, адалдықты тәрбиелеу және бір-бірімізге деген сенімді, адалдық қағидаттарын қалыптастыру, қоғамдағы жемқорлықпен күресуде

жасөспірімдерді адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу мақсатында «Адалдық дүкені» жобасы бастау алды. «Адалдық дүкені» жобасының өзгешелігі сол мұнда еш сатушы болмайды. Әрбір адам өзіне қажетті затын алып, оның ақшасын арнаулы касса жәшігіне салады немесе кассий нөміріне аударады. Бұндай дүкеннің ұйымдастырылуы адам бойында тазалық, адалдық, жауапкершілік қасиеттерін көбірек сіңіруге себеп болмақ. Дүкеннің ашылу салтанатына қатысқан оқушылар мен ұстаздар дүкеннің ашылуына қолдау білдіріп, оқушыларға сенім артқаны үшін ризашылықтарын білдірді. "Адалдық дүкені" жобасының – білім алушыларымыз үшін нағыз тәрбие мекені болатынына сеніміміз мол. Осы адалдық дүкені 10 "В" сынып оқушылары мен ата-аналарының қолдауымен ұйымдастырылды. 10"В" сыныбының оқушылары адалдық челленджін 10"А" сынып оқушыларына жолдайды. Түскен қаражат қайырымдылық іс-шараларға жұмсалатын болады.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1901108983641187&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1892147977870621&set=a>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1889127638172655&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1889111714840914&set=pcb>.

Сынып жетекшілермен жүргізілген жұмыс

8 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының Оқу-Ағарту Министрлігі ұсынған "БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ" тақырыбында сынып жетекшілерге семинар ұйымдастырылды. Жұмыс барысында 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысын құндылықтар негізінде ұйымдастыру ерекшеліктерін нақтылау, білім алушылардың бойында құндылықтарды пәндік мазмұн, сынып сағаттары мен сыныптан тыс әлеуметтік тәжірибелер арқылы дарытудың әдіс-тәсілдерін меңгертуге бағытталды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1811878049230948&set=pcb>.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеуде “Ар -ұят, ұлттық мүдде, талап” үш құндылық бойынша тәрбие жұмысын жоспарлау қажеттігі түсіндірілді.

-2 қараша күні “Жас мамандар” мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес мектеп психологі А.Жетібаеваның ұйымдастыруымен “Жас маман, алға қарай бас қадам” тақырыбында семинар-тренинг ұйымдастырылды. Семинар-тренингте жас мамандар педагогикалық қызметте жолыққан кедергілері бойынша ой қозғап, оларды шешу жолдарын талқылады. Сонымен қатар іс-шара барысында сауалнама алынып, өз жұмыстарына талдау жасатылды, баға берілді. Жағдаяттық сұрақтарға жауап беру барысында өз тәжірибелерімен бөлісті. Бірнеше тренингтік жаттығулар орындады.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1844406812644738&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1865880517164034&set=pcb>.

-14-17 қараша аралығында жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, оларды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан сүйемелдеу, жас маманың өзін-өзі дамытуына жағдай жасау мақсатында «Ұстаз- ұлық емес, ұлы қызмет» тақырыбында тәлімгерлер апталығы өтті. Апталық аясында тәлімгерлер, тәжірибелі ұстаздар А. Жантенова, А. Лазарева, Р. Байжантаева жас мамандарға қызықты сабақтар көрсетіп, өз тәжірибесімен бөлісті. Сонымен қатар “Білім сапасын арттырудағы белсенді әдіс-тәсілдердің тиімділігі” тақырыбында әдістемелік семинар өткізді. Апталық барысында жас мамандар өз қоржындарына құнды дүниелерді ала алды.

-27.11.23 жылы "Жасөспірімдік қатыгездік пен агрессия:топ пен тұлға арасындағы қақтығыстар" тақырыбыда тренинг жаттығулар өткізілді.

Мақсаты: -жасөспірімдердің агрессивті, жанжалды мінез-құлқын алдын-алу және жеңу;

-адамгершілік жеке қасиеттерді тәрбиелеу; мейірімділік,көмек көрсету,көңіл бөлу;

-қақтығыстардың алдын-алу тәсілдерімен танысу;

11 сынып жетекшісі Байжантаева Раушан Тулеулинова «Агрессия» туралы ақпарат беріп,сынып жетекшілер өз ойларымен бөлісті.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1857629057989180&set=pcb>.

-30.01.2024 Жас мұғалімдердің кәсіби құлшынысын арттыру, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби өсуіне жағдай жасап, әдістемелік көмек көрсету

мақсатында мектебіміздің жас мамандарына арналып «Ізденіс-табыс кілті» атты семинар-тренинг өтті.

Жас маман өзін сенімді ұстауына, ашық жарқын, жан-жақты болуына, әр қадамын нық басуына көмек беру мақсатында өзін-өзі тануға арналған сұрақтар жүргізілді. Жас мамандарға түрлі сұрақтар қойылып, олардың ұсыныстары мен пікірлері тыңдалды. Семинар-тренинг соңында қатысушылар өз ойларын, ұсыныстарын білдірді. Тренинг соңында әрбір мұғалімге психологиялық-педагогикалық кеңестер ұсынылды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1896514334100652&set=pcb>.

-23.04.2024. "Жас маман- ертеңгі бас маман" тақырыбындағы жас мамандар апталығы аясында мектебіміздің орыс тілі пәні мұғалімі А.Сапарғалиева мен ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Н.Ергештің ұйымдастаруымен "Brain Rain" атты интеллектуалды ойыны өтті. Мектеп ұстаздарына арналған ойын мұғалімдердің танымдық қабілетін, логикасын, есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында болды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1947769835641768&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1817692728649480&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1811878049230948&set=pcb>.

2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысы

(Қыркүйек –қараша айлары аралығы)

Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Тәрбие жұмысының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар, ҚР заңдары, өңірлік бағдарламалардың ережелері.

"Бала құқықтары туралы" БҰҰ конвенциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;

Қазақстан Республикасының Конституциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>

2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" ҚР Кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>

2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>

"Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 ҚР Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>

2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV "Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" ҚР Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;

2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI "Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы" ҚР Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>

"2024-2025 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы"нұсқаулық-әдістемелік хат.

Орта мектептің 7-11 сынып оқушыларына кәсіптік диагностика жүргізу бойынша құралдарды пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар;

ЕББҚ бар балалардың мамандық таңдауы кезінде отбасының, мектептің және жұмысқа орналастыру органдарының өзара іс-қимылы бойынша әдістемелік ұсынымдар (<https://www.nao.kz>).

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті:

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының 2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылды. Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде жүргізіліп жатыр.

28.08.2024 күні «Біртұтас тәрбие бағытында» семинар болып өтті. Семинарға мектеп басшысы, барлық сынып жетекшілер, тәрбие ісінің орынбасары, мектеп психологы, әлеуметтік педагог қатысты. Семинарда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жоспарымен таныстырылып, тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін, бағдарламаның мазмұны және күтілетін нәтижесі аталып өтілді. Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында «Жолда жүру ережелерін» (ЖЖЕ),

5-8 сынып (ЖҚЕ) жеке қауіпсіздік сабағы тәрбиенің соңына қарай 10 минут көлемінде өтілетіні айтылды. «Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар 5-11 сыныптарда өткізіледі. Іс-шараның өткізілу тақырыптары, бағыттары, өткізілу формалары тыңдалып, ұстаздар өз ойларымен бөлісті.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1081286010097223/>

Жаңа оқу жылына жоспарлар талқылانған басқосуда ең алдымен өткен оқу жылындағы оқу - тәрбие процесінің қорытынды нәтижелері туралы айтылды. Алқалы жиында өткен оқу жылындағы жеткен жетістіктерге көз жүгірте отырып, онымен қоса олқылықтарда талқыланып, 2024-2025 оқу жылына қойылған мақсат пен жаңа міндеттер айқындалды. Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие үдерісінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат таныстырылды, мектептің ішкі тәртібі, мектеп әкімшілігі, қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін бекіту, нормативтік-құқықтық құжаттарды бекіту, педагогтердің жүктемелерін бөлу қаралып, педагогтер “Ұлттық жаңа сананы ұлттық құндылықтар арқылы қалыптастыру” Біртұтас тәрбие бағдарламасын талқылады.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/476017428592827/>

Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

Қыркүйек айы – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Апта сайын: «Менің Қазақстаным»: оқу аптасының басында сыныпы сағаттарында білім алушылар Қазақстан Республикасының әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері-мақалдар, мәтелдер, халық даналығы, мазмұны бүкіл ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін көрнекті тұлғалардың сөздері. Аптаның дәйексөздері акпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақта тақталарында және т. б. орналастырылады.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2058923544526396&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2053101508441933&set=pcb>.

Апта сайын оқушылар «Көңілді қоңырау» үзілісі кезінде кез келген ойын немесе жақсы көңіл күй көтеруге ісқимыл жасайды.

Әр үзілісте домбырасын алып күйлерін орындап отырады.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1972023053223560/>

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1075513784282493/>

Қыркүйек айда жүргізілген жұмыс түрлері:

«Білім күні» 1 қыркүйекте «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында салтанатты мерекелік жиын өтті.

Іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылында білім алушылардың білім алуға ұмтылысын, патриотизм, еңбекқорлық, жауапкершілік пен өзара сыйластық қасиеттерін қалыптастыру. Салтанатты жиынға облыс әкімінің орынбасары, оқушылар мен ұстаздарды, ата-аналары қатысты.

Іс-шараның екінші бөлімінде мектеп жанында орналасқан интернат ғимаратының ашылуына келген қонақтар, ата-аналар, оқушылар қатысты.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2034334686985282&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/538116835445642/>

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/482143731445374/>

«Мектебім – мейірім мекені» тақырыбы аясында «Мен үшін қымбат - мектебім!» атты бейнероликтер 5-8-сынып білім алушылары үшін – «Жаңа жетістіктерге жетуге дайынмын!»; 9-11-сынып білім алушылары үшін – «Ой. Арман. Мақсат» атты бейнероликтер жасалды.
<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1648061382425956/>
<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1037357448039402/>
<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1037798887745999/>

Жаңа оқу жылының оқу аптасын Қазақстан Республикасының Әнұранын орындаудан басталды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде "Менің Отаным" атты тәрбие сағаттары өткізілді. Барлық оқушылар сынып сағатына қатысып белсенділік танытып «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша жыл бойы жүргізілетін жұмыстарымен хабардар болды.

Аптаның дәйексөздері барлық сабақта, сабақтан тыс іс-әрекетінің летмотиві ретінде қызмет ететін ұлағатты сөздер, халық даналығы, нақыл сөздер.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/387518241037452/>
<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1037201334611775/>
<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2035090293576388&set=pcb>.

4.09.2024 жылы 7-8-9 сыныптың ер балаларымен «Кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу және болдырмау» мақсатында полиция инспекторларымен кездесу ұйымдастырылды.

Жезқазған қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Мамыраева Балдырған Саулебековнаның қатысуымен кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықтық сауаттылықты арттыру, заңсыз іс-әрекеттер жасаудан қорғау мақсатында профилактикалық түсіндіру жұмысы өткізілді. Кездесу барысында кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта үй-жайдан тыс жерде ата-анасыз немесе заңды өкілдерінсіз жүруге болмайтындығы, жолда жүру барысында жол қауіпсіздігін сақтау, ұсақ бұзақылық үшін қолданылатын жазалар жөнінде оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу туралы айтып өтті.

<https://scontent.fala4-3.fna.fbcdn.net/v/t39>.

5 қыркүйек Тілдер күні – Қазақстан халқының жалпыға ортақ мерекесі. Айтулы мерекенің қазақ лингвистикасы мен әдебиеттануының негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен тұспа-тұс келуі ұлт ұстазына деген құрметтің белгісі осы күнге орай Ұлытау облысы білім басқармасының "Абай атындағы мамандандырылған мектеп -интернаты"КММ 5 қыркүйек күні "Тіл- тірегім, соғып тұрған жүрегім" атты атаулы күнге арналған іс - шара ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларын ұстаздары ұлт ұстазына деген құрметін жақсы көңіл күймен қарсы алды. Жаңа форматтағы іс-шаралардың өтуіне оқушылар белсене ат салысты. Білімалушылар сұрақ жауапқа өздерінің ойларын әдемі сөз саптауларымен, креативті ойларымен жеткізе білді.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1055618856226629/>

9-сынып оқушыларының арасында интеллектуалды сайыс өтті. Сайыста оқушылар мақал-мәтелдер, тарихи тұлғалар, салт-дәстүрлер және Қазақстанның көрікті жерлері жайлы өз білетіндерін үш тілде айтып жеткізіп, өздерінің дүниетанымдарын, шапшаңдықтарын, 3 тілді қаншалықты меңгергендерін көрсете білді.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/506466488642633/>

«Адал ұрпақ» клубы

10.09.2024 Ұлытау облысы білім басқармасының ұйымдастыруымен "Адалдық сағаты» жобасы аясында 9-10 сынып оқушыларымен кездесу өтті (180 оқушы қамтылды). Кездесудің мақсаты өскелең жас ұрпақтың тәрбиесіне адалдық пен парасаттылық қасиеттерін бойларына сіңіруді қалыптастыру. Кездесу қонағы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті бастығының бірінші орынбасары Хамитов Жаслан Мейрманұлы жиналған оқушыларға жемқорлықтың салдарын түсіндіріп, өз іс-тәжірибесінен мысалдар келтіре отырып, оқушылардың сауалдарына жауап берді. Арнайы әлеуметтік ролик көрсетілді. Сонымен қатар, кездесу барысында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің Превенция басқармасы басшысы Абишев Қуанышбек Қайырбекұлы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы зерттеулер мен рейтингтер туралы мәлімет берді. Іс-шара барысында балаларға 4 негізгі құндылықтар туралы айтылды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2041884286230322&set=pcb>.

11.09.2024 ж. Мектептің «Еріктілер тобы» нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын орындау мақсатында «Нашақорлыққа жол жоқ!» атты есірткі саудасына қарсы іс-шарасына қатысты.

Облыстың Полиция департаментінің қызметкерлерімен бірлесіп, белсенді жастарды, блогерлерді тарта отырып, елді-мекендердегі есірткі саудаланатын арналар жарнамаларын (граффити-суреттер) өшіру бойынша жұмыстарын жүргізді.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2042239946194756&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1063907418687116/>

2024 жылғы 26-27 қыркүйекте Алматы қаласында «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетіне Абай атындағы мамандандырылған мектеп - интернатының тобы бірнеше номинация бойынша қатысатын болады:

«Ат туризмі» номинациясы (Іздеу-зерттеу жобаларының тұсаукесері).

«Туристік маршруттар» номинациясы.

«Туристік кедергілер жолағы» номинациясы.

«Жартасқа шығу» номинациясы.

«Туристік әндер» байқауы

Слеттің мақсаты: балалар мен жастарда азаматтылық пен отаншылдық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау, балаларды қосымша біліммен қамту.

«Төрт тоқсан төрт өнер» ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАСЫ аясында І тоқсанға арналған «Ақындар айтысы» бөліміне қатысты іс-шаралар жоспары әзірленіп, жүйелі жүргізіліп, жоба аясында білім алушыларымыздың ұлттық өнерге деген қызығушылықтары артуда.

18.09.2024ж. Ақындар айтысы жобасы аясында Т.Қалмағамбетов атындағы филормония әншілері ҚР Еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин мен Ж.Елебеков атындағы дәстүрлі әншілер байқауының бас жүлдегері Ардақ Мұқышев келіп, сал-серілік туралы әсерлі әңгіме қозғап, әуезді ән айтып, оқушылармен кездесу өткізді.

Айта кетейік, алғашқы тоқсанда 10-сынып оқушылары әдебиет сабағында сал-серілер тақырыбын бастады. Міне, осы тақырып аясында Біржан сал мен Ақан серінің әнін айтып, өнегелі өмірбаяны жайында әңгіме өрбіді. Оқушылар кезек-кезек сұрақ қойып, отырыстың шырайын аша түсті.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/513210594682585/>

27 қыркүйек күні 6 "В" сыныбында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Дүйсен Мөлдірдің ұйымдастыруымен оқушылардың ой-өрісін, қызығушылығын және логикалық қабілеттерін дамыту, оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында Республикалық "Ақындар айтысы" жобасы аясында "Айтыс- қазақтың төл өнері" атты қиіз сайсы өтті.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/7024641537660258/>

26.09.2024 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Тлеубергенова Гүлзада Төленовна 7 сыныптармен "Айтыс -халық қазынасы" тақырыбында танымдық сабағын өткізді. Іс -шара мақсаты: айтыс жайлы түсініктерін кеңейту, айтыс түрлерін ажырата білуге баулу. Айтыстың ішіндегі «аспаптар айтысына» тоқталып, балаларға аспаптарды ажырата білуге, аспаптарды соның ішінде домбыра аспабын қастерлеуге баулу. Айтысқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру

27.09.2024ж. "Айтыс-қазақтың төл өнері" тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.

Сынып сағатында оқушыларға айттыстың шығу тарихын, түрлерін, ерекшелігін, мақсатын еске түсіріп айтыс өнерінің маңыздылығы айтылды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2056105418141542&set=pcb>.

20.09.-27.09 аралығында 7-8 сынып оқушыларының қатысуымен

" Бұрымды қыз" челленджі өткізілді. Мақсаты: қыздар арасында ұлттық құндылықтарды, қыздарға тән мінез-құлықты дәріптеу. Ұзын, әрі қос бұрым етіп өрілген шаш кез- келген қыз баланың көркі, сәні.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/348932951548886/>

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1262259044785132/>

23.09.2024«САЛАМАТТЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША КЕЗДЕСУ ӨТТІ.Тақырыбы Қазақстан Республикасында мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының қызметкерлерінің қатысуымен 9-10 сынып оқушыларымен кездесу өтті.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2054680821617335&set=pcb>.

Зорлық зомбылықтың алдын алу

26.09.2024 ж 8-9-10-11 сыныптастардан білім алушылар мен педагогтер тарапынан қатыгез немесе әділ емес қарым-қатынас жағдайларын анықтау мақсатында, білім беру ортасында буллингті анықтау бойынша сауалнама жүргізілді.

Қорытынды: Сауалнама жабық түрде жүргізілді. Нәтижесі бойынша, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп инспекторы, психолог, сынып жетекшілер бірлесе отырып, буллингтің алдын алу мақсатында оқушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізуді жоспарлады.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2054658184952932&set=pcb>.

<https://scontent.fala4-3.fna.fbcdn.net/v/t39>.

Өзін –өзі басқару ұйымы

24.09.2024 ж. Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Дублёр» күніне дайындық жұмыстарын жүргізді . Басты мақсат – оқушыға жауапкершілікті ұғындыру, мұғалімнің күнделікті атқаратын қызметімен таныстыру. «Өзін-өзі басқару» ұйымының фракция мүшелері алдағы күнге жоспар құрып, атқаратын іс-шараларына дайындықты қолға алды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2054661954952555&set=pcb>.

<https://l.facebook.com/l.php?u=https%3A%2F%2Fvm.tiktok>.

30.09.2024 жылы

1қазақ Қарттар күні қарсаңында 5-9 сыныптар аралығында "Қарттарым -асыл қазынам" тақырыбында сынып сағаттары өтті. Мақсаты: оқушы бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата – бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт – дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/525590173500674/>

30.09.2024ж. Адам өміріндегі игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қайырымдылық жасау. Осы мақсатта 1 қазан Халықаралық қарттар күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» атты акция барысында мектебіміздің волонтерлар клубының белсенді 8Б және 10 В сыныбы жақсылыққа жаны құштар белсенді оқушылар қарттар үйіне барып сый құрмет көрсетіп қайтты.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1695436741309143/>

Ата –аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы

2023-2024 оқу жылынан бастап мектепбізде ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылып, жылдық жұмыс жоспары әзірленді. 2024-2025 оқу жылында Жоспарға сәйкес ата-аналарды педагогикалық тұрғыдан сауаттандыру, ағартушылық бағытта дәрістер, лекторийлер ұйымдастырылуда.

11.09.2024ж. Мектептің жылдық жоспарына сәйкес мектеп әкімшілігі қамқоршылық кеңес мүшелерімен кездесіп, бірқатар мәселелерді талқылады. Күн тәртібінде қаралаған сұрақтар.

-Мектептің даму бағдарламасы

-2024-2025 жж арналған мектептің оқу-тәрбие жоспары

-Біртұтас тәрбие бағдарламасы

-Мектеп формасы

-Мектептің ішкі тәртіп ережесі қаралды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2043489086069842&set=pcb>.

26.09.2024ж. күні "Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі" тақырыбында "Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығының жұмысын жандандыру мақсатында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Мектеп директоры Капарова Динара Онгонисовна жиналысты ашып беріп, күн тәртібіндегі мәселелерге тоқталды. (жиналысқа 380 ата –ана қатысты)

Күн тәртібінде :

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы . Ата –аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысын жандандыру.
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесі
3. Балалар қауіпсіздігі - басты орында
4. Дені сау ұрпақ-ұлт болашағы (денсаулық сақтау бойынша өзекті мәселелер)
- 5.«Қазіргі таңдағы жасөспірімнің тәрбиесі» және бала құқықтары мен отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары.
- 6.Ағымдағы мәселер.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1048372353111645/>

Қазан айда жүргізілген жұмыс түрлері:

• **Қазан – Тәуелсіздік және Отаншылдық айы**

Өзін –өзі басқару ұйымы

3.10.2024ж. Өзін –өзі басқару ұйымының фракция мүшелері 10 сынып оқушылары мұғалімдер күніне арналған, мұғалімдік мамандықты таңдаған ұлағатты ұстаздарымен педагогика жолындағы қызықты сәттер, қиыншылықтар, оқушылармен өткізілген әрбір сәтті еске түсіріп ой бөлісті. . Ардагер ұстаздарымыз- Жұмакүл Абилдаевна және Рая Дәулетқызы шығарылым қонақтары болды.

<https://l.facebook.com/l.php?u=https%3A%2F%2Fwww.instagram>.

3.10.2024ж.Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Дублёр» күніне дайындық жұмыстары жүргізілуде. Мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы қызметінің негізгі мақсаты: Парламент әр бағыттағы фракция мүшелерімен яғни 8-10 сынып оқушыларымен қатысып, өз жұмыстарын дайындықпен бейнеролик арқылы көрсетуде.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/851975333713358/>

3.10.2024 күні өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Өзін өзі басқару» ұйым мүшелері, мектеп парламенті «Дублёр күнін» ұйымдастырды. Жоғары сынып оқушылары өздерін ұстаздар рөліне алмастырып көрді. Олар алдын-ала пән мұғалімдерімен біріге сабақ жоспарларын сынып оқушыларына әр түрлі пәндерден сабақ өткізді. Дублёр күні барлығы 604 оқушы қамтылды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2061605440924873&set=pcb>.

4.10.2024ж Ұстаздар күніне арналған мереке оқушылар дайындаған концертке ұласты. Оқушылар өздерінің ән, би, оқыған өлең жолдары арқылы ұстаздарға деген алғыстарын, олардың тек білім ғана беріп қоймай, жан жылуын қоса беретіндігіне ризашылықтарын білдірді. Ұстаздар қауымы да тамаша сезімде бойларына күш-қуат алып, қуанышта болды.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/847885450840515/>

5.10.2024 ж. Мұғалімдердің кәсіби мерекесіне арналған " Қалдырған ізің мәңгілік..." атты мерекелік шара өтті. Үлкен сахнада парламент фракциялары қойылым көрсетті. Сценарий жазған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ораз Абай Амангелдіұлы, қоюшы "Сахна өнері" үйірме жетекшісі Джарқынбеков Ардақ.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/8430275907048987/>

7.10.2024 ж. күні 11қазан Халықаралық қыздар күні қарсаңында "Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы" 7-8 сыныптарда, "Қыз баланың абыройы, ер баланың намысы" 9-10 сыныптарда және 11 сыныптарда "Қыздарға әсемдік жарасады" тақырыбында сынып сағаттары өтті. Қазіргі таңда қыздардың тәрбиесіне ерекше мән беру қажет. "Ұлтты тәрбиелей отырып, жер тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз"деген халқымыз. Қазақ халқы "Қыз" деген сөздің өзін әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың, нәзіктіктің, сыпайылықтың белгісі деп танылған.

Сынып сағаттарында отбасы құндылығын насихаттау мен арттыру бағытында слайд арқылы көрсетілді, қыздарға баяндама оқылып, сұрақ - жауап жасалды.

Сынып сағаттың 10 минуты қауіпсіздік сағатымен аяқталды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2065783677173716&set=pcb>.

4.10.2024ж Мектебіміздің жас маманы Бақтыбайқызы Айгерім республикалық “Үздік сынып жетекші-2024” байқауының облыстық кезеңінде жүлделі орын алса, республикалық кезеңде “Ұрпақ тәрбиесіндегі ұтымды идея” номинациясымен марапатталды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2067338220351595&set=a>.

Мектептің дебат клубы

1 қазанда «JasREPUBLIC CUP» облыстық пікірсайыс турнирінің ашылу салтанаты өтті. Бүгін, 2 қазанда сол турнир өз мәресіне жетті. Пікірсайысқа қазақ лигасының 14 фракциясы және орыс лигасының 5 фракциясы қатысып, өзара ойларын ортаға салып, сөздерін сарапқа салды. Ұшқыр ойлы оқушыларды анықтау, отансүйгіштікке тәрбиелеу, жас буынның жаңашыл ұсыныстарына ерік беріп, идеяларын қалыптастыру мақсатындағы турнир екі тілде (қазақ және орыс) өткізілді.

Турнир нәтижесі:

Қазақ лигасынан:

1-орын – «Moon light» фракциясы (Жезқазған қаласының Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты) жетекшісі Қыдырәлі Ж. тарих пәнінің мұғалімі.

Орыс лигасынан:

1-орын – «Бригантина» фракциясы (Жезқазған қаласының Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты) жетекшісі Лазарева А.Л. орыс тілі мұғалімі.

Сайыста оза шапқан жүлдегерлерді «Respublica» партиясы Ұлытау облыстық филиалының төрағасы Светлана Кемелқызы Оңғарбаева мен «Respublica» партиясының өңіріміздегі белсенді мүшесі Курмет Саттыбаев марапаттады.

Жеңімпаз «Moon light» және «Бригантина» командалары республикалық пікірсайыс турниріне жолдама алды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2061113884307362&set=pcb>.

1 қазанда «JasREPUBLIC CUP» облыстық пікірсайыс турнирінің ашылу салтанаты өтті. 2 қазанда сол турнир өз мәресіне жетті. Пікірсайысқа қазақ лигасының 14 фракциясы және орыс лигасының 5 фракциясы қатысып, өзара ойларын ортаға салып, сөздерін сарапқа салды.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1710765636388510/>

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1976934659421730/>

КОРЫТЫНДЫ

Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыруды әлеуметтік педагогтың, педагог-психологтың, сынып жетекшілерінің, педагог-ұйымдастырушының тікелей қатысуымен және мектепті бірлесіп басқару органының қатысуымен тәрбие жұмысына жетекшілік ететін директордың орынбасары басқарды.

- Тәрбие жұмысын іске асыру білім алушылардың субъективті жаңа білімді білуі мен игеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған, білім алушылардың рухани - адамгершілік азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтықта сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру арқылы іске асырылды.

- Вариативтік компонентті таңдау бойынша курстарды және факультативтерді іске асыру негізгі білім беру мазмұнының оқу жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» және "Жол қозғалысы ережелері" міндетті оқу курстарын зерделеу МЖМБС сәйкес оқу бағдарламалары негізінде жүргізілді.

«Жас Ұлан» және өзін-өзі басқару ұйымының
2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылы
жүргізілген іс шараларға талдау

«Жас Ұлан» ұйымы жыл бойы өткізген іс-шаралардың белсенді қатысушылары .21 қазан күні Республика күніне арналған салтанатты жиын өтеді. Мектепшілік жиында оқушылар әнұранды орындады. Республика күні – мемлекеттің символын айқындайтын маңызды мереке. Бала кезінен бастап балаларды Отанға деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерге, ұлттық және мемлекеттік мерекелерге құрметпен қарауға баулу маңызды. Іс-шарада ән ұран орындалып жиынға 5-11 сыныптардың 631 оқушысы қатысты.

22.10.22 ж. Республика күніне орай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанаты өткізілді. Жиында "Жас Ұлан" ұйымының ҰЛАНБАСЫ 8"А" сынып оқушысы Жолтай Назым сайланды. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының негізгі мақсаттары мен міндеттері, оларды жүзеге асыру әрбір өз елінің азаматы парыз деп есептеп, өнегелі қасиеттерді дәріптеу болса, "Жас Ұлан" ұйымының мүшесі –Отанына адал, еңбекқор, Отанының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресуші еркін айтып, "Жас Ұлан" ұйымының Қазақстан Республикасының туының түсіндей галстук және төсбелгілері туралы насихаттап «Жас Ұлан» ұйымына 5 сыныптың 100 оқушысы салтанатты түрде қабылданды. Қабылданған оқушыға көгілдір галстуктерін табыстау рәсімі мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілеріне және мектеп парламентіне табысталды.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/855357545842264/>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1600902870328468&set=pcb>.

25 қазан Республика күні қарсаңында «Қыран елім – Қазақстаным!» патриоттық акциясының аясында 5-6 сынып оқушыларының арасында «Жүрегімдесің, Қазақстан!» тақырыбында көркемсурет конкурсы өткізілді. Конкурстың мақсаты: Оқушылардың шығармашылығын дамыту. Конкурсқа 16 оқушы қатысты. Үздік деп танылған 3 жұмыс облыстық кезеңге өткен. "ОҚҰ алаңы" жобасы аясында 25 - қазан Республика күніне орай мектеп кітапханасында "Менің отаным-Қазақстан!" тақырыбымен кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме екі бөлімді қамтыды. Алғашқы I бөлім "Тарихы құнды, болашағы жарқын Қазақстан!" деп аталады. Көрменің II бөлімі "Ұлт ұясы-Ұлытау!"деп аталып отыр. Ұлытау облысымыздың тарихын, облысымыздың танымал тұлғаларының әдебиеттері мен шығармалары қойылған. Көрменің мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін халқын ардақтап өтуге үйрету. Бакытқа жетер даңғыл жолдың бірі-туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1602815510137204&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/855357545842264/>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1600902810328474&set=pcb>.

«Жалын» өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы.

2022-2023 оқу жылы .Мектептің жоғарғы сынып оқушыларынан құралған өзін-өзі басқаратын оқушылар ұйымы жұмыс істейді. Жалы мектеп 5-11 сыныптар бойынша 350 оқушы парламент мүшесіне кіреді.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының мақсаты: қарым-қатынасты ізгіліктендіру; ұжым өмірін жариялылыққа, еркіндікке негіздей отырып, оқушыларды қоғам мен мемлекетті басқару тетігіне дайындау.

Оқушылардың өзін-өзі басқарудың принциптері:

- мектеп өмірінің мәселелерін шешуде оқушылардың өзін-өзі басқарудағы өз бетімен шешім қабылдау қабілеттілігі;
- оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының жауапкершілігі;
- оқушылардың өзін-өзі басқаруда өкілеттілігін тағайындау;
- оқушылардың өзін-өзі басқаруда алуан түрлі әдістерін пайдалану;

- оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының оңашаландырылуы және жалпыға бірдей тапсырыстарды жүзеге асырудағы тығыз байланыстылығы.

Өзін-өзі басқарудың құндылығы сонда осы ұйым арқылы оқушылар мектеп өміріне, мектептің ішкі саясатына, әкімшілік жұмыстарына, мектепшілік оқу және тәрбие үдерістеріне әсер ете отырып шешім қабылдауға ықпал етеді.

"Мектеп парламенті" 8 фракция бойынша жұмыс жасайды.

Олар:

- Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология);
- Қамқорлық фракциясы (еріктілік);
- Дебат қозғалысының фракциясы;
- Құқық және тәртіп фракциясы;
- Ақпарат фракциясы;
- Спорт және салауатты өмір [салты фракциясы](#);
- Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық);
- Экология және еңбек фракциясы.

«Мектеп парламенті» жоспарына сай айсын жұмыс жүргізеді. Мектеп оқушы президенті 10 сынып оқушысы Қыдырәлі Ұлжан. Парламентке 8-9-11 сынып арасындағы белсенділер мүше болып қабылданған. Сонымен қатар сынып ұжымы ұсынған беделді оқушы және өз еркімен парламент жұмысына қызығушылық танытқан оқушы Парламент жиналысында қабылданды. Парламент мүшелері ұжымдық түрде жұмыс атқарады.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 – мамыр Жеңіс күніне арналған 9-10 сынып жігіттері арасында «Жігіт Сұлтаны-2023» байқауы өткізілді. Байқау бес кезеңнен тұратын «Алаштың ер ұланы» өзін таныстыру, «Автоматты шашып-жинау» (уақытқа), «Противагаз кию» (уақытқа), «Күш атасын танымас» қол күрестіру, денені жерден көтеріп қолды бүгіп жазу яғни берілген уақыт ішінде сайыс шарттарын белсене орындаған оқушылар марапатқа ие болды.

Бас жүлде 9 А сыныбы Амангелді Жанболат,

1 орын 10 Ә сыныбы Даутов Еркебұлан,

2 орын -9 Ә сыныбы Байжігіт Нұргелді,

3 орын -10 Б сыныбы Ғазиз Санжар.

Қазан айында мектебіміздің саптық жиынында мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымының президентін ұлықтау рәсімі өтті. Өз кезегінде 10 Б сынып оқушысы Қыдырәлі Ұлжан, оқушылар мен ұстаздар алдында мектептің өзіне деген жоғары сеніміне алғысын білдірді. Мектеп фракцияларымен жұмыс жасау, белсенділік таныту басты мақсатым деп айтып өтті. Фракция мүшелері сайланып жұмыс жоспарлары талқыланды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1592154124536676&set=pcb>.

Күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу мақсатында мектеп парламентінің ақпараттық фракциясының ұйымдастыруымен «XXI – ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық сайысы 7-8 сыныптардың арасында өтті. Іс -шара мақсаты: Оқушыларды білімді, жан - жақты болуға баулу. Білуге, үйренуге деген қызығушылығын арттыру. Жарысуға, жарыста жеңімпаз болуға ұмтылуын дамыту. Көшбасшылық қабілеттерін ояту. Білімді, дарынды, озық болуға тәрбиелеу. Сайыстың көшбасшысы болып 8 "Б" сынып оқушылары жеңімпаз атанды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1608695632882525&set=pcb>.

Күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу мақсатында бүгін мектебімізде 5 сыныптар арасында спорттық "Көңілді эстафета" өтті. Эстафетаны фракция мүшелері Жұмабай Нұралі, Аманбек Назарбек, Сламбек Наргиз, Қыдырәлі Ұлжан және денешынықтыру пәнінің мұғалімдерімен бірігіп ұйымдастырды.

Бұл іс-шараның негізгі мақсаты оқушыларға, адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру. Оқушыларға сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысудың қажет екендігінің маңызын түсіндіру. Оқушылар арасындағы бірлік пен татулық қасиеттерін одан ары нығайту болды. Төрт бөлімнен тұратын спорттық шараға әр қайсысы 6 адамнан құралған 3 команда жарысқа түсіп, бақ сынасты. Жарыс қызықты да тартысты өтті.

Жүлделі 3 орынды 5 "А" сыныбы иеленді

Жүлделі 2 орынды 5"В"сыныбы иеленді

Жарысымыздың жеңімпазы 5"Ә" сыныбы 1 орынды иеленді, іс-шараға 40 оқушы қатысты 30 қыркүйек күні мұғалімдер күніне орай ұйымдастырылған Дублёр күні өтті. Өзін-өзі басқару күнін өткізу дәстүрге айналған. Дублёр-мұғалімдер барлық сабақтарды 5-9 сынып аралығында сабақтарын жауапкершілікпен өткізді және мұғалімдерден құрылған 12"а", 12"ә", 12"б" сыныптарына дублёр - мұғалімдер сабақ кестесін құрып үш пән бойынша сабақ өткізді. Өткізген іс –шараларында мұғалімдерге алғыс сөздер, әндер мен құттықтаулар айтылды. Мұғалім мамандығының қаншалықты қажет, қиын және сонымен бірге керемет мамандық екенін тағы да растады. Мектеп жұмыстарында белсенділер өз жұмысының барлық саласын қозғауға тырысады. Биылғы оқу жылында мектеп өзін-өзі басқарудың негізгі өсиеттері мен қағидаларына сәйкес жұмыс жалғасуда. Оқушылар ұйымымен өткізген іс-шара күні – оқушылар күні болды. Өзін-өзі басқару күні – жоғары сынып оқушыларының күні бойы оқу процесін қамтамасыз етуге жауапты болған ересек өмірдің нақты жағдайларына барынша жақын ортада бағын сынап көру мүмкіндігі. Өзін-өзі басқару күні сабаққа дайындалу, міндеттерді бөлу, «әкімшілікті» таңдау. 10-11 сынып оқушыларының құрамынан, мұғалімдерге кандидаттар іріктелді, әкімшіліктің орынбасарларының құрамы бекітілді. Мұғалімдерге кандидаттармен кездесулер өткізілді.

7.12.2022 жылы Республикамыздың барлық өңірлерінен келген балалар өкілдерімен Астана қаласында оқу-ағарту министрі Асхат Аймағанбетовпен кездесу өткізді. Кездесуде 10 сынып оқушысы, мектеп президенті Қыдырәлі Ұлжан Ұлытау облысының республикалық балалар құқығын қорғау комитетінің бала өкілі болып сайланды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1635595890192499&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=625912315998382&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1582962505455838&set=pcb>.

және 7 мамыр Қазақстан Республикасының қарулы күштер күні қарсаңында «Жас ұлан» ұйымына 5 сынып оқушыларын мүшелікке қабылдау салтанатты жиыны өтті. Жиынға «Жас ұлан» ұйымының барлық мүшелері қатысып, «Жас ұлан» ұйымына қабылданған оқушыларды мерекемен құттықтап, ғалстук тақты.

Мүшелікке «Жас ұлан» ұйымының қатарына 200 оқушы қабылданды.

26.04.23 ж. 5-6 сынып оқушылары ақын, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Ерлан Жүніспен zoom платформасында кездессе, қаламгер, ғалым Нұрдәулет Ақышпен жүздесті.

Ерлан Жүністің «Менің атым — Тәуелсіздік», «Нараду» толғауларын сұрақ қоя отырып, автормен бірге талдады. Жазушы Н.Ақыштың «Нағыз әже қайда?», «Қалалық емес қарт», «Иттен ұялған бала» әңгімелерін оқып, авторға сауал жолдап, талдау жасады. Іс –шараға 25 оқушы қатысты.

29.05.23 [#Ассамблеянарода Казахстана #балалықшақәлеміқандайғажап #өзінезібасқару хештегімен жарияланған](#) СПОРТТЫҚ ФЛЕШМОБқа қатысқан 8 сынып оқушылары 100 бала.

[#АссамблеянародаКазахстана #балалықшақәлеміқандайғажап #өзінезібасқару](#) "БАҚЫТ, КҮН, ДОСТЫҚ-балаларға" спорттық флешмоб.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1749297562155664&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1694676517617769&set=a>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1694659707619450&set=pcb>.

17.10.2022ж. Ұлытау облысы білім басқармасының жоспарына сәйкес, 25-қазан Республикасы күні аясында 5-сынып оқушылары арасында "Менің атаулы гүлім" атты акциясы өтті. Акция аясында 5 сынып ата аналары да өз үлестерін қосты. Акцияның негізгі мақсаты өскелең ұрпақты еңбекқорлыққа, жауапкершілікке, гүлдерге күтім жасауға, гүлдерге қамқорлық жасауға, табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелейді. Акция аясында түрлі гүл өсімдіктері отырғызылды.

20.10.2022 ж. Мектепшілік жоспар бойынша 5-8 сыныптар арасында «Берекелі алтын күз» тақырып бойынша көрме ұйымдастырылды. Көрмеге 12 жұмыс ұсынылды.

20.10.2022 ж. Мектепте «Алтын күз» кешін өткізу дәстүрлі мерекеге айналған. Сол дәстүрді жалғастыра отырып, мектепте 9-10 сыныптар арасында «Алтын күз-2022» мерекесі

фракцияның ұйымдастыруымен өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың күз мезгілі туралы түсініктерін молайту, табиғатты аялауға, қоршаған ортаны сүюге, әсемдікті көре білуге тәрбиелеу. Олардың бойында эстетикалық тәрбие қалыптастыру.

21.10.2022ж. 25-қазан Республикасы күні аясында 6-сынып оқушылары арасында "Менің атаулы гүлім" атты акциясы өз жалғасын тапты. Акция аясында 6 сынып оқушылары өз үлестерін қосты. Акцияның негізгі мақсаты өскелең ұрпақты еңбекқорлыққа, жауапкершілікке, гүлдерге күтім жасауға, гүлдерге қамқорлық жасауға, табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелейді. Акция аясында түрлі гүл өсімдіктері отырғызылды.

Мектебімізде 6-7-8 сынып оқушыларының арасында қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімдерін ояту мақсатында «ЭКО- мен, ЭКО-сен, ЭКО-ӘЛЕМ» жобасы ұйымдастырылып өткізілді. Оқушылар бұл көрмеге 50-ден астам жұмыстарын ұсынды. Пайдаланбайтын экологиялық қауіпсіз қағаз пакеттерін, пластик бөтелкелерін, бірнеше рет қолдануға болмайтын заттардан

әртүрлі бұйымдар жасады. Оқушылардың көздеген мақсаты даладағы қоқыстарды азайтуды. Жобаға оқушыларымыз өз қолдарымен жасалған «ЭКО заттарын» ұсынып, өз ойларын жүзеге асырды, оқушыларының жұмыстары ерекше және жасаудағы идеясымен ерекшеленді. Бұл жобаны жүзеге асыру әрбір азаматтың экологиялық ой -санасын жаңа арнаға бұрады деген үміттеміз. Бұл жоба өзінің жалғасын табады.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1626154911136597&set=pcb>.

25-қазан Республика күніне орай " I love kz-2022" фотогалереясы жобасы аясында өлкеміздің мұражайларының тарихын танып білу мақсатында оқушыларымыз музейге барды. Мұражайға барып ескерткіштердің тарихын зерттеу арқылы оқушылар танымдық белсенділіктерін арттырды.

25 қазан Республика күні қарсаңында өтетін «Тәуелсіздік – Алашымның арманы» айлығының жоспарына сәйкес

8.10.2022 жылы Мектеп Парламентінің фракциясының ұйымдастыруымен «Мен және әдемі әлем» көркем –эстетикалық тәрбие бағыты бойынша «I love KZ» фотогалереясы жобасы аясында оқушылар С. Қожамқұлов театрына барып Л.Егембердиеваның «Көресінді көрмей» мелодрамасының көрермені болды. Бұл ұйымдастырған іс -шараның мақсаты театрға бару арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Оқушылардың рухани дүниесін дамыту, өнерге баулу. Театрға 8 сынып оқушылары барды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1634762926942462&set=pcb>.

-23 қазан күні жаппай мемлекеттік Гимнді орындап, патриоттық челендж қабылданып орындалды.

«Әнұран айту» челленджінің мақсаты: білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

Гимн – мемлекеттің ең маңызды рәміздерінің бірі. Гимн арқылы қазақ даласы әрбір қазақстандықтың өсуі мен қалыптасуының қасиетті бесігі ретінде жырланады. Іс –шараға 9 сынып оқушылары қатысты.

15 наурыз күні Аналар мен ару қыздардың мерекесіне арналған кеш өткізілді. Мектеп парламенті залды мерекеге сай безендірген, кіріп келгеннен көңілің көтеріліп қалады. Бүгінгі мерекелік кеште сахнаға шыққан әр оқушы өз ерекшелігімен, өз өнерімен тәнті етті. Оқушылар әсем ән әуелетіп, мың бұралған бимен сәндеп, күмбірлеген домбыраның дыбысы кештің сәнін келтірді. Көрермен болып келген ата-аналар да, ұстаздар да, оқушылар да қошеметтерін аямай, алғыстарын білдірді. Кеш соңында ата-аналарымыз шексіз ризашылығын білдірді. 8 наурыз мереке күні қарсаңында мектебіміздің интернатында «Интернат аруы – 2024» қыз сыны байқауы өтті. 5-7 сынып оқушылары арасында өткен бұл байқау тартымдылығымен, қызыққа толы көріністерімен ерекшеленді. Байқауға жеті ару қызымыз қатысып, өзара өнерлері мен білімдерін ортаға салды.

Байқаудың басты мақсаттарының бірі – жас ұрпақ қыз балалардың бойына қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын сіңіру.

Байқау барысында ару қыздар сымбаттылығын, сыпайлығын, біліктілігін және өнерлерін, жан-жақтылығын көрсете білді.

Бас жүлдеге 5 сынып оқушысы Татулы Айару ие болды.

Ару қыздарымыз сынынан сүрінбей өтіп, дипломдар және сыйлықтармен марапатталды.

-13.03.2024 Наурыз мейрамы қарсаңында мектепте "Наурыз қоржын шашу" тақырыбында оқушылардың ұлттық қолөнер бұйымдарының көрмесі ашылды. Көрмеден ағаштан жасаған бұйымдар, тері мен киізден дайындаған паннолар, қыз балалардың қолынан шыққан ою-өрнекті көрпешелер мен заманға сай жаңғыртылып тігілген киімдер және қазақы нақыштармен өрнектелген көйлектерді, аксессуарларды көруге болады.

13.03.2024 күні Тоғызқұмалақ ойынынан 7 сыныптар арасында жарыс өткізілді. Денешынықтыру мұғалімдерінің бағыттауымен мектеп парламенті іс-шараның өтуіне ат салысып, оқушыларды ұйымдастырып белсенділік танытты. Жарысқа белсенді қатысқан командаларына грамоталар табысталды, жеңімпаздар марапатталды:

1-орын 7"Б" сыныбы

2-орын 7"Ә" сыныбы

3-орын 7"В" сыныбы

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1811428615976826/>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1918166938602058&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1918969311855154&set=pcb>.

-2023 жылғы 31 мамырдағы №426 қаулысымен Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесі «АНАЛАР КҮНІ» мамырдың (екінші жексенбі) мерекесімен толықтырылды.

8 мамыр Аналар күніне арналған «Дарасың сен маған» республикалық челленджін жариялады. Мақсаты: Аналар күнін мерекелеу аналардың мәртебесін нығайтуға, ана болудың маңыздылығын және аналардың ролін арттыруға, қазақ халқының тарихындағы аналардың ролін танымал ету.

-10.05.2024 "Менің әкем, ең жақсы адам" әкелерге ашық хат жолдау челленджі өткізілді.

Оқушылар белсенділік танытты.

-11.05.2024 "Менің әкем-ең жақсы адам" ризашылықты білдіру челленджіне 8"а", 8"ә", 8"в" сынып оқушылары қатысып өз жұмыстарын ұсынды.

-10.05.2024ж. «Менің әкем –ең жақсы адам» алғыс айту челленджі 10.05.2024 күні өтті.

Мақсаты: Алғыс айтудың жаңа дәстүрін құру;

Балалар өз Әкесіне деген құрмет пен ризашылықты білдіретін символдық сыйлық; жазбаша ашық хаттар жіберу мәдениетін жаңғырту, стандартты алғыс мәтінін жасау алқылы әкелерге құрметтерін көрсетті.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1958863477865737&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/363290083410029/>

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/7423680714352190/>

<https://www.facebook.com/100012263109782/videos/1825059798012736/>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1950144188737666&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1950130122072406&set=pcb>.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1942377822847636&set=pcb>.

«Балалар және театр» жобасы

9. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар жоқ, бірақ ерекше қажеттілігі бар тұлғаларға жағдай жасалған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға арналған әжетхана - 2; лифт - 1, пандустар - 3, сыртқы есіктің жанында брайл жазуларымен белгіленген қоңырау берілетін тақтайша орналастырылған; көру қабілеті нашар адамдарға арналған шыны есіктерде шеңбер белгісі, баспалдақтардың бірінші сатысында сары белгі орналастырылған. Әрбір есікте бағытталған шығу, кіру жанып тұратын батырмалар орналастырылған.

10. **Медицина қызмет көрсету пункті туралы мәлімет:** медициналық кабинет 2 бөлмеден тұрады: емшара бөлмесі, қабылдау кабинеті. Дәрігердің қабылдау бөлмесінде шкаф - 1, үстел - 2, орындық - 2 және кушетка-1 бар, персоналды компьютер - 1, сейф-1, таразы, бой өлшейтін құрал, көздің көру тексеру құралы, қол жуатын раковина, қол кептіргіш құралы. Емшара бөлмесінде: 1 кушетка, 1 тоңазытқыш, дәрі- дәрмек сақтайтын шкаф, үстел -1, орындық -2, құрал- жабдықтарға арналған үстел. Медицина кабинеті оқу жылына жеткілікті мөлшерде барлық қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген. Медицина кабинетін 2 кварцтық шаммен кварцтау жүзеге асырылады.

Медициналық қызмет көрсету пункті бар, лицензияланған. Медкабинет лицензиясы 18.01.2023жылғы №23001579.

(сілтеме медицина)

https://drive.google.com/file/d/1By_3vjuc4NBaqFOaf8FwxkfKdCNMWRpe/view?usp=sharing

ҮІ. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор.

Информатика кабинеті туралы мәлімет

информатика кабинеті – 2 (№101А, №105А). №101А информатика кабинеті: оқушыларға арналған компьютерлер- 13; компьютерге арналған үстелдер -13; Интерактивті панель - 1; бекітілген шкафы бар сызықтық үстел - 1; үш секциялы шкаф - 1; қабырғалық маркерлік тақта - 1; оқытушыға арналған бас компьютер - 1; Science Learning бағдарламасы -1; кернеуден қорғағыш - 1; веб-камера - 1; кабель. №105А каб - информатика кабинеті: оқушыларға арналған компьютерлер- 13; компьютерге арналған үстелдер -13; бекітілген шкафы бар сызықтық үстел - 1; кресло сетчатое на роликах - 1, қабырға маркерлі тақта - 1, лазерное МФУ - 1. Панель интерактивная на роликах - 1, Web камера - 1, Акустикалық система - 1, аптечка - 1шт, маршрутизатор -1, ИБП – 1.

Робототехника кабинетінде 6 үстел, 12 орындық, 1 жұмыс үстелі, ардуино жинақтары, EV3-2 жинақ, 3D принтер – 1, жарыс аренасы – 4, Лунная одессея – 1.

Барлық компьютерлер интернетке қосылған. Интернет жылдамдығы 3 нүкте әр қайсысы 30 мб/сек, жалпы 90 мб/сек 1 телефон нөмірлері бар.

Мектеп кітапханасы

Кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Мектеп кітапханасы – мектептің жүрегі, бір бөлігі. Жаңа заман компьютер дәуірі болғанымен рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әрбір адамның келер шаңырағы – кітапхана. Әр кітапхана оқырманның жеке басының дамуын, қызығушылығын арттыруды көздейді.

Ыбырай Алтынсариннің «Туы бірдің түбі бір, жолы бірдің жүгі бір» деген аталы сөзіне ден қойсақ, бала тәрбиесі – баршамызға ортақ. Біздің барлығымызға да ортақ міндет оқушы өзінің керек кітабын тауып, білімін жетілдіруге, өзіндік тұлғасын қалыптастыруына жағдай жасау. Себебі кітапхана күн сайын жаңалыққа толы сәттер, яғни жаңа келген газет, журналдар, жаңа кітаптар және күн сайын келіп кітап алып жатқан оқушы, мұғалімдер легі тағы да басқа. Балалармен жұмыс жасай отырып, кітапқа деген құрметі мен сүйіспеншілігін қалыптастыру, оларға кітаптармен жұмыс жасай білуді үйрету – кітапхананың негізгі міндеті. Оқу арқылы әлеуметтік құны бар, мәдениетті, рухани бай, жетілген, ағартушы адам пайда болады. Кітапхананың басты мақсаты жанұямен, мектеп, көпшілік ақпарат құралдарымен бірлесе отырып, жоғары талантты оқырман тәрбиелеу, олар адамгершілігі мол, интеллектуалды, әдеби шығармалардағы тәжірибелерді ала беретін болуы керек. Мектеп кітапханасы оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді. Кітапханада көптеген іс-шаралар өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылады.

Мектеп кітапханасының материалдық-техникалық базасы

1. Қабаты: 3-қабат
2. Жалпы алаңы: 49,3 ш
3. Абонемент: оқу залымен қосылған
4. Оқу залы: абонементпен қосылған
5. Оқу залындағы орындықтар саны: 16
6. Негізгі кітап қорына арналған жеке кітап қоймасы: Жоқ
7. Оқулықтар қорына арналған кітап қоймасы: бар.
8. Кітапхананың компьютерлермен, принтермен жабдықталуы:
компьютер саны: - 1
принтер - 1
интернет жүйесіне қосылған компьютер саны: - 1

Мектеп кітапханасының кітапхана ішіндегі негізгі құжатнамасы

1. Мектеп кітапханасы туралы Ереже.
2. Мектеп кітапханасын пайдалану қағидалары.

3. Мектеп кітапханасының төлқұжаты.
4. Мектеп кітапханасының жылдық жұмыс жоспары.
5. Мектеп кітапханасының жұмысы туралы жылдық есеп.
6. кітапхана қызметкерлерінің (кітапхана меңгерушісі мен кітапханашының) лауазымдық нұсқаулықтары.
7. Мектеп кітапханасының жұмыс графигі мен кестесі.
8. Мектеп кітапханасының нормативтік- реттеуші құжаттары бар папкі (Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі Республикалық ғылыми- педагогикалық кітапханасының (ҚР, БҒМ, РҒПК) әдістемелік ұсынымдары, облыстық білім беру басқармасының, қалалық (аудандық) білім беру бөлімдерінің бұйрықтары мен өкімдері, мектеп кітапханасының дамуын белгілейтін мектеп директорының бұйрықтары мен өкімдерін.
9. Кітапхананың негізгі қорының жиынтық есебі кітабы.
10. Мүкаммал кітаптары.
11. Негізгі әдебиеттердің жеткізілгені туралы шоттар мен накладнойлар көшірмелері бар папкі.
12. Негізгі кітапхана қорының қозғалысы (есептен шығару, өткізу және тағы 13. басқа) актілерінің пәпкісі
13. Кітапхана қорын түгендеу және тексеру жүргізу туралы актілері.
14. Оқырмандардан жоғалтқан орнына алынған кітаптардың және басқа да құжаттардың есебі дәптері.
15. Мүкаммал кітабына жазылуға жатпайтын басылымдардың есебі дәптері (кітапшалар қоры- көлемі 48 бетке деінгі басылымдар).
16. Мектеп кітапханасының жұмысы күнделігі.
17. Библиографиялық анықтамаларды есепке алу журналы.
18. Оқулықтардың тапсырыс бланктерінің көшірмесі бар папкі.
19. Оқулықтар қорының жиынтық есеп кітабы немесе Оқулықтардың кітапхана қорының есеп кәртішкелерін тіркеу журналы, есеп кәртішкелерінің картотекасы немесе Оқулықтар қорының парақтық актілік есебі журналы.
20. Оқулықтардың жеткізілгені туралы накладнойлардың көшірмелері бар папкі.
21. Уақытша сақталатын оқулықтар қорының есебі дәптері.
22. Оқулықтар қорының қозғалысы (есептен шығару, өткізу) актілерінің пәпкісі.
23. Оқулықтарды алмастыру есебінің дәптері.
24. Сыныптар бойынша оқулықтар беру журналы немесе жеке формулярлар.
25. Оқушылардың пәндер бойынша оқу әдебиетімен қамтылуы туралы статистикалық есеп.

https://drive.google.com/file/d/18WUfFm0QfdHm1vn6wo1M_fy0QPWa-D0r/view?usp=sharing

Сілтеме кітапхана әдістемелік ұсынымдарға 12-қосымша

Кітапхана қорын қалыптастыру

Мектеп кітапханасының оқу қорын толықтырудың негізгі әдісі болып табылады. Мектеп оқушылары мемлекет есебінен жаңа оқу жылына арналған оқулықпен қамтамасыз етіледі. Оқулықтарға алдын- ала тапсырыс беріліп Тамыз айынан бастап тасымалдау жұмыстары жүргізіледі. Жоспар бойынша ай соңына дейін кітаптар жеткізіліп, қыркүйек айында мектеп оқулықтармен толық қамтамасыз етіледі.

2022-2025 оқу жылында келіп түскен оқулықтар, дәптерлер, әдістемеліктер

Оқу жылдары	2022-2023	2023-2024	2024-2025
оқулық	4803	4149	0
әдістеме	40	28	0
дәптер	0	0	0
барлығы	4843	4177	0

Кітапхана қоры негізінен оқулықтардан тұрады, ал көркем әдебиет саны аз олардың басым бөлігі кеңестік кезеңде пайдаланылған идеологиялық сипаттағы кітаптар. Әсіресе қазақ тілінде жазылған қазіргі заманғы көркем әдебиет-жоқтың қасы. Көркем әдебиеттің

балалар үшін қолжетімді болуы үшін министірлік арнайы жоба әзірледі. Жоба аясында білім беру ұйымдарына қарасты кітапханалардың материалдық-техникалық және ақпараттық базасын жақсарту, балаларға арналған көркем әдебиетті жыл сайын сатып алуды жүзеге асыруда. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2022-2024 жыл аралығында мектеп қорына келіп түскен көркем әдебиет саны 124 дана

2022-2025 оқу жылында келіп түскен көркем әдебиеттер

Оқу жылдары	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Көркем әдебиет		124	0
Қазақ тілінде		124	0
Орыс тілінде		0	0
барлығы		124	0

Оқулықтармен қамтамасыз ету

Оқу жылы	Оқушылар саны	Кітап саны	Қамтамасыз етілуі %	%
2022-2023	680	680	100%	0
2023-2024	618	618	100%	0
2024-2025	608	608	100%	0

Қорытынды: оқушылар оқулықтармен толық қамтамасыз етілді

2022-2025 оқу жылындағы оқулықтар қоры

2022-2023		2023-2024		2024-2025	
Келіп түскені	Есепте тұрғаны	Келіп түскені	Есепте тұрғаны	Келіп түскені	Есепте тұрғаны
4843	15248	4177	19425	0	19425

Кітапхана көрсеткіштері

Оқырмандармен жұмыс – кітапхана жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Кітапхана қызметі «Ережеге сәйкес жүзеге асырылады Кітапхана», «Кітапхананы пайдалану ережелері» Оқырмандар қабылдайды көркем, ғылыми, оқу, анықтамалық және уақытша пайдалану басқа әдебиеттерге, библиографиялық және анықтамалық-ақпараттық қызметтерді пайдалануға, бұқаралық іс-шараларға қатысуға.

Оқырмандардың тәуелсіздік дағдыларын дамыту бойынша шаралар қабылдануда кітапхана пайдаланушысы, мектеп оқушыларының бойына қажеттілікті сіңіру жүйелі оқу, танымдық қызығушылық, оқу-тәрбиелік игерту бағдарламалар.

Кітапханадағы оқырман саны – 650

Келушілер саны - 6500

Кітап берілімі – 11050

Нетбук – 16.

Қорды сақтау бойынша жұмыс

Әсіресе құнды басылымдар (сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар) бөлек сөреде сақталады.

Кітапхана қорын тексеру жылына бір рет жүргізіледі жарты жылда оқырман бланкілері бақылау мақсатында қаралады. Оқырмандардың оқуға алған кітаптары кітапханаға уақытылы қайтару, туралы борышкерлерге түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Кітапхана кітаптары жоғалған, бүлінген жағдайда оқырмандар келтірілген залалды балама әдебиетпен өтейді.

Оқулықтарды сақтау жұмыстарын жүргізу бойынша жадынама

Оқулықтар қоры кітап қоймасында орналасқан. Оқулықтарды орналастыру сыныппен өндіріледі. Жаңадан түскен кітаптарды жиынтық есеп кітабына тіркеу, оқулықтарды алғаннан кейін оқушылармен қауіпсіздік техникасы бойынша әңгімелесу жүргізіледі.

Естеріңізге сала кетейік, оқулықты пайдалану кезеңінде міндетті түрде

оқулықты зақымданудан және кірден қорғайтын берік мұқабасы болуы керек.

Бұған жол бермеу үшін оқулықтарды ламинатталған пленкамен жабуға тыйым салынады.

Оқулықтың ішіне қарандаш, қаламмен жазуға тыйым салынады.

Тоқсанына бір рет кітапхананың активтерімен бірге рейд жүргізіледі, оқулықтарды тексеру «Оқулықты күтіп ұста».

Қаржыландыру мерзімі аяқталғаннан кейін оқулықтарға жылына бір рет есептен шығару жүргізіледі.

Кітапхана активімен жұмыс

Кітапхана қоры жылдағы жұмыс жоспарын бекітеді. Актив жиналыстары айына кемінде бір рет өткізіледі. Актив оқырмандар арқылы көптеген балаларды кітаппен жұмыс істеуге үйретіп кітапхана әлеміне қызықтырып олардың кітапқа деген ынтасын арттырады

- Жаңа кітап түскен кезде техникалық өңдеуден өткізуге көмектеседі (кітаптың титул парағы мен 17-ші парағына кітапхана мөрін басып, әр кітаптың мүлік нөмерін жазады);

- өткізетін іс-шараларды дайындауға және өткізуге қатысады;

- техникалық жұмыстарға көмектеседі

- абонементте және оқу залында оқырмандарға қызмет көрсетуге ат салысады

- кітаптарды жөндеуге көмектеседі

Педагогикалық ұжыммен жұмыс

- Мұғалімдердің жеке сұрақтарын қанағаттандыру.

- Педагогикалық ұжымды жаңа әдебиеттермен және әдістемелік ұйымдастыруымен жүйелі түрде таныстыру.

- Сынып жетекшілерге сабақтан тыс іс-шараларды және ата-аналар жиналысын өткізуге көмектесу.

- Мұғалімдерді жаңа әдебиеттермен таныстыру.

- Пән апталықтарына әдебиеттер таңдау.

Оқуға құштар мектеп

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 22 қазан 2020 жылы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің IV отырысында балалар мен жасөспірімдер арасындағы оқу мәселесінің маңыздылығын атап өтті және бұл мәселедегі кітапханалардың мәртебесіне назар аудара отырып, еліміздің барлық тұрғындарының күш-жігерін қазақстандық оқырман ұрпақты тәрбиелеуге шақырды. Өскелең ұрпақпен диалог құру үшін заманауи трендтерге бағдарланып, жаңа коммуникациялық құралдарды пайдалану қажет. Кез-келген байланыс құралдарының ішінде оқу, әсіресе кітап оқу (баспа түрінде де, электронды түрде де) өте маңызды. Бүгінгі таңдағы қоғамдық өзгерістер, қоғамның өркениеттік деңгейге көтерілуі, ашық ақпараттық кеңістікке өтуі білім беру мекемесіндегі заманауи кітапханалардың жаңа бағытта жұмыс істеуін талап етеді.

Жобаның өзектілігі: «...Оқуға деген қызығушылық, кітап арқылы қоршаған әлемді тану балаларда мектеп қабырғасынан қалыптасуы керек. Кітапхана осы қызығушылықтың орталығы, кітаптардың қызықты әлеміне жетелейтін орын болуы керек».

(Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 22.10.2020ж. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің IV отырысында сөйлеген сөздерінен)

Кітап оқу - бұл күрделі интеллектуалды процесс, онсыз өмір бойы оқу мүмкін емес. Кітап оқу - кез-келген ақпаратпен жұмыс істеудің негізі болып табылады: ауызша және жазбаша, дәстүрлі және жаңа электрондық кітап. Кітап оқи отырып, адам уақыт өте келе, өзінің дүниетанымын қалыптастырады, оның әлемге деген көзқарасы тереңдей түседі және кеңейеді. Құндылықтарға деген көзқарасы қайта қаралып, қалыптасады.

Көптеген кітаптар өзін-өзі тануға, өзін-өзі жетілдіруге, нәтижелерін арттыруға ынталандырады және шабыттандырады. Сондықтан балаларды ерте жастан бастап өмір бойы жақсы көркемдік талғамға, күн сайын кітаппен «дос» болуға, кітап оқу арқылы білім әлемін шарлауға үйрету өте маңызды. Бұған біздің "Оқуға құштар мектеп" жобамыздың іске асырылуы ықпал етеді.

Жобаның мақсаты: Оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру; жас ұрпақ бойында азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау. Мектеп кітапханаларына қоғамның назарын аудару.

Жобаның міндеті: Оқу құзыреттілігін арттыру және оқуға тарту мақсатында оқушылардың оқырмандық қызығушылықтарына әсер етудің белсенді формалары мен

әдістерін, педагогикалық идеяларын іздеу;

Ата-аналарды балаларының кітап оқуға белсенділігін қолдауға тарту, оларға отбасылық бос уақытты кітап оқу ортасына айналдырып, рухани қарым-қатынас жасауға көмек көрсету;

Отбасылық кітап оқу дәстүрлерін жандандыру.

Халықаралық кітап сыйлау күні – күнтізбедегі ең жас мерекелердің бірі. Ол кітап сүйер қауымды біріктіріп қана қоймай, оқырмандарға кітап оқу мүмкіндігін ұсынады. Кітап арқылы қайырымдылықпен жарыққа! – оқырмандық кітап сыйлау акциясын 14 ақпан күні өзін-өзі басқару фракция мүшелерімен ұйымдастырылып өткізілді. Оның мақсаты қарапайым да қайырлы: оқырмандарға жақсы кітаптарын кітапханаға сыйлауға, өзге адамдардың да осындай керемет қадамдарын жасауына жол ашады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының 2024 жылғы 5 ақпандағы №01-01/9 хаты және Ұлытау облысының әдістемелік орталығының 2024 жылғы 26 наурыздағы №793 хатына сәйкес мектеп оқушыларының көктемгі демалыс кезінде «Менің сүйікті кітабым» атты республикалық челленджінде Санжар Керімбайдың «Өзбекәлі және мәдени майдан» туындысын оқуды және оқылған шығарма жөнінде бейнероликтерді ағымдағы жылдың 21-31 наурыз аралығында тұрақты түрде Facebook, Instagram, Tik-tok парақшаларына [#меніңсүйіктікітабым](#) [#оқуғақұштармектеп](#) хэштектерімен челлендж ұйымдастырылды

«Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша тізімге енгізілген көркем әдебиеттер бойынша «Сіз оқуға тиіс 100 кітап!» атты буклет дайындалып оқушыларға таратылды.

Мақсаты: Оқушыларға қазақ әдебиетінің, әлем классикасының құнды шығармаларын ұсыну. Сол туындылардың рухани маңыздылығын жеткізу.

Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл. Кітапханамызда 2023-2024 оқу жылындағы «Айтулы күндер мен мерейтойлар» бойынша кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрме мақсаты: Оқушыларға өз ұлтының мақтанышы Қаныш Сәтбаев туралы толық мағлұмат беріліп, өсіп келе жатқан жас буынды ғылымға, білімге ынталандыру.

Кітапханаға деген қызығушылықты арттыру, оқушылар мен мұғалімдер арасында байланысты нығайту мақсатында «Кітап оқитын адам» ойыны жүргізілді. Бұл шарада кітапқа байланыстытапсырмаларды орындаған оқушылар мұғалімнен қолтаңба алды және әр тапсырма үшін кітапханадан тәтті сый берілді.

23 Сәуір – Халықаралық кітап және авторлық құқық күні. Мерекеге орай Абай ММИ кітапханашылары мен мектеп Парламенті ұйымының ұйымдастыруымен «Әдеби автобус» іс-шарасын ұйымдастырдық. Ұйымдастырушылар қала тұрғындары мен қонақтары арасында түрлі викториналық сұрақтарға жауап алды. Белсенділік танытып, жұрыс жауап бергендерге сый-сыяпаттар берілді.

Мақсатымыз: Ұлы тұлғаларымыздың шығармаларынан үзінділер оқып, жолаушылардың ұзақ жолдарын қысқартып, оларға ерекше көңіл күй сыйлау. Кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру.

23 сәуір - «Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні» мерекесіне орай «Оқуға құштар мектеп»; «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 5-9 сынып оқушылары арасында мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Кітаппен берілген шабыт» атты әдеби фестиваль өткізілді.

Іс-шараның мақсаты: Оқушылар арасында кітап оқуды және «Зияткерлік мектеп оқушыларына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасына енген шығармаларды насихаттау болатын. Кітап бұл рухани байлықтың кілті. Кітап оқыған адам білім көкжиегі кең, сөздік қоры бай, мәдениетті, байсалды, тез шешім қабылдауға бейім, өз пікірін еркін жеткізе алатын болады. Жалпы жақсы кітап оқу өмірде жеке тұлға болып қалыптасуға кітап оқып рухани бай, жеке тұлға болып қалыптасайық!

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша «Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» жобасының «Оқуға құштар сынып – 2024» ауыспалы кубогын 5 «Б» сыныбына табысталды.

17 мамыр Республика бойынша Жазғы каникул қарсаңында «Мамыр – Ынтымақ айы»

айлығы аясында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі кітап құмарларды тарту мақсатында, мектеп оқушыларына ұйымдастырылып отырылған «Демалыста кітап оқимыз» республикалық буккроссингі біздің мектебімізде де өткізілді.

Кітапхана- оқушылардың ой-өрісін дамытып,шығармашылықпен жұмыс істеуге көп ықпал тигізеді.Егеменді еліміздің ертеңін нұрлы ететін жас – оқырмандарымызды ынталандыру үшін, ұлтымыздың намысын жоғары қоя білетін,елінің сөзін сөйлейтін ұрпақты тәрбиелеуге ақпарат құралдарын насихаттау біздің қолымызда.

Мектеп кітапхана қорында-20896 кітап бар.

Оқулық-19434

Көркем әдебиет -1462

Кітапханадағы оқырман саны – 650

Келушілер саны - 6500

Кітап берілімі – 11050

ҮІІ. Білім алушылардың білімін бағалау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің13.04.2023 №96 (өзгертілген) бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары» негізінде білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады. Формативтік бағалау кезінде мұғалім сабақта кері байланыс жүргізеді. 5-11сынып оқушыларына тоқсан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық баға қойылады. Тоқсандық жиынтық бағалау талаптары сақталады, өткізілу кестесі құрылады.

<https://drive.google.com/drive/folders/1Nl3MSiRMzW4QVRtMN9MTzukIjP9SDCa7?usp=sharing>

Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру деңгейі білім сапасының көрсеткіштерімен айқындалады десек, білім сапасының көрсеткіштері төмендегідей:

Білім алушылардың 3 жылдық үлгерімімен білім сапасы

Оқу жылы	5-9 сынып	10-11 сынып	Мектеп бойынша
2022-2023ж	468оқушы Сапа 84% үлгерім 100%	125оқушы Сапа 82% үлгерім 100%	593 оқушы Сапа 83% үлгерім 100%
2023-2024ж	425 оқушы Сапа 83% үлгерім 100%	174оқушы Сапа 87% үлгерім 100%	599 оқушы Сапа 84% үлгерім 100%
2024-2025ж.ж.	-	-	-

Оқу жылы	2024-2025	2023-2022	2022-2023
Оқушы саны	606	599	593
Үздіктер		128	121
Екпінділер		378	373
Қанағат.деңгей		84	99
Үлгермеушілер		0	0
% үлгерім		100%	100%
% сапа		84%	83%

Үш жылдағы оқушылардың үлгерімін талдай отырып, аталған үш жыл ішінде үздіктер

мен оқу екіпінділерінің саны артқандығы байқалады. Өткен жылғы сапамен салыстырғанда білім сапасы төмендеген жоқ. Үш жылдың білім сапасының мониторингі бойынша орта есеппен 84% көрсетеді, сапа көрсеткіші тұрақты.

5-9-сыныптардың пән бойынша білім сапасы

Пән атауы	2022-2023ж	2023-2024ж	2024-2025 1 ж.ж
қазақ тілі	97,2%	92,7%	-
қазақ әдебиеті	97,2%	94,11%	
орыс тілі мен әдебиеті	94,9%	96%	
математика	94%	92,2%	
жаратылыстану	100%	98,7%	
Дүниежүзі тарихы	96%	97,41%	
Қазақстан тарихы	96%	96%	
информатика	100%	99,52%	
Шетел тілі (ағылшын тілі)	92,4%	93,17%	
алгебра	91%	86,71%	
геометрия	91%	87,45%	
физика	97%	90,4%	
химия	88,5%	86,71%	
биология	94,1%	95,94%	
география	96%	93,35%	
Құқық негіздері	96%	94,44%	

10-11-сыныптардың оқыту пән бойынша білім сапасы

Пән атауы	2022-2023ж	2023-2024ж	2024-2025/ 1 ж.ж
Қазақ тілі	99%	98.27%	
Қазақ әдебиеті	99%	97,7%	
Орыс тілі мен әдебиеті	96%	97,12%	
Қазақстан тарихы	100%	96,5%	
информатика	100%	100%	
Шетел тілі (ағылшын тілі)	98,5%	98,85%	
Алгебра және анализ бастамалары	87,3%	96,55%	
геометрия	88%	96,55%	
физика	100%	96,55%	
биология	92%	91,37%	
география	96,5%	97,7%	
химия	94%	91.37%	
Дүниежүзі тарихы	100%	98,27%	
Қазақстан тарихы	100%	98,27%	

Кестеге сәйкес, жалпы пәндер бойынша үлгерім тұрақты. Білім сапасы динамикасы өткен жылмен салыстырғанда 85%-дан 98% аралығында. Төмендегі пәндерден білім сапасы өскені байқалады: жаратылыстану-математикалық цикл бойынша (математика, алгебра,

жаратылыстану, география, химия) және қоғамдық-гуманитарлық цикл бойынша (қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті).

Қорытынды аттестаттау

<https://drive.google.com/drive/folders/1IMAzSgxyZAgWBbNv25sNVrTk20dYQXhd?usp=sharing>

Білім алушылардың тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы бойынша дайындық деңгейін айқындау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы (өзгертулермен) № 125 бұйрығымен бекітілген “Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары” негізінде жүзеге асырылады.

Негізгі білім беру деңгейі бойынша 9-сынып білім алушылары қорытынды бітіру емтихандарын, орта білім беру деңгейі бойынша 11-сынып білім алушылары мемлекеттік бітіру емтихандарын тапсырады.

2023-2024 оқу жылында 9 – сыныптарда өткізілген мемлекеттік емтихандарының қорытынды есебі

№	пәні	Жалпы оқушы саны	Тапсырды	«5»	«4»	«3»	«2»	Білім сапасы	Үлгерім
1	Қазақ тілі	90	90	43	41	6	-	90%	100%
2	Алгебра және анализ бастамалары	90	90	27	48	15	-	96%	100%
3	Орыс тілі мен әдебиеті	90	90	39	46	5	-	94%	100%
4	Таңдау пәні физика	90	10	3	7	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні география	90	27	9	17	1	-	96%	100%
	Таңдау пәні Ағылшын тілі	90	5	4	1	-	-	80%	100%
	Таңдау пәні Қазақстан тарихы	90	12	5	6	1	-	92%	100%
	Таңдау пәні Биология	90	23	8	14	1	-	97%	100%
	Таңдау пәні Дүние жүзі тарихы	90	1	1	-	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні Қазақ әдебиеті	90	1	-	1	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні химия	90	1	1	-	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні информатика	90	10	4	6	-	-	100%	100%

2023-2024 оқу жылында 9-сыныпты 90 оқушы аяқтап, барлығы қорытынды негізгі орта білім беру курсы бойынша қорытынды аттестаттаудан өтіп, негізгі орта білім туралы аттестат алды. Негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа 10 үміткер (Жаналинов Н, Жаңбырбай Ж, Ғалымжан Ә, Едіге Н, Кожабоева Д, Бақбергенқызы Ф, Жүнісбек А, Қойлыбай Ә, Норова Г, Турсунова А,) қорытынды аттестаттауда өз білімін растап, Үздік аттестат алды.

<https://drive.google.com/file/d/1q6wq27Lla46mijFE9qnaEHgkjJdIHK/view?usp=sharing>

2023-2024 оқу жылында 11 – сыныпта өткізілген мемлекеттік емтихандарының қорытынды есебі

№	пәні	Жалпы оқушы саны	Емтихан тапсырған оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Білім сапасы	Үлгерім
1	Қазақ тілі	83	83	41	42	-	-	100%	100%
2	Алгебра және анализ бастамалары	83	83	56	27	-	-	100%	100%
3	Қазақстан тарихы	83	83	47	36	-	-	100%	100%
4	Орыс тілі мен әдебиеті	83	83	38	45	-	-	100%	100%
5	Таңдау пәні физика	83	19	7	12	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні химия		1	1	-	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні биология		8	6	2	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні география		17	13	4	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні геометрия		1	1	-	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні дүние жүзі тарихы		2	2	-	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні құқық негіздері		7	3	4	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні қазақ әдебиеті		9	3	6	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні ағылшын тілі		10	9	1	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні информатика		9	7	2	-	-	100%	100%

2023-2024 оқу жылында 11-сыныпты 83 оқушы аяқтап, барлығы қорытынды жалпы орта білім беру курсы бойынша қорытынды аттестаттаудан өтіп, жалпы орта білім туралы аттестат алды. Жалпы орта білім туралы үздік аттестатқа 15 үміткер (Әмір Х, Бөгетбай Н, Әбдіқадыров Ж, Нартай С, Есенова М, Ардакова К, Бексұлтанова Д, Амангельдина Н, Бинязова Б, Көшербай Ш, Сүлеймен Қ, Әбден Г, Берікболқызы А, Сарыбас А, Түгелбай А,) қорытынды аттестаттауда өз білімін растап, Үздік аттестат алды. Алтын белгіге 5 үміткерлер (Қаратай Д, Таева А, Шәріпжан М, Байғалиева Б, Толегенова А) қорытынды аттестаттауда өз білімін растап, «Алтын белгі» иегері атанды.

2022-2023 оқу жылында 9 – сыныптарда өткізілген мемлекеттік емтихандарының қорытынды есебі

№	пәні	Жалпы оқушы саны	Тапсырды	«5»	«4»	«3»	«2»	Білім сапасы	Үлгерім
1	Қазақ тілі	95	95	27	59	9	-	90%	100%

2	Алгебра және анализ бастамалары	95	95	21	54	20	-	79%	100%
3	Орыс тілі мен әдебиеті	95	95	28	60	7	-	93%	100%
4	Таңдау пәні физика	95	26	7	17	2	-	92%	100%
	Таңдау пәні химия		1	1	-	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні география		20	4	16	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні геометрия		2	2	-	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні биология		3	1	1	1	-	67%	100%
	Таңдау пәні Қазақстан тарихы		23	4	16	3	-	87%	100%
	Таңдау пәні Қазақ әдебиеті		6	4	2	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні ағылшын тілі		11	8	3	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні информатик		3	-	2	1	-	67%	100%

2022-2023 оқу жылында 9-сыныпты 95 оқушы аяқтап, барлығы қорытынды негізгі орта білім беру курсы бойынша қорытынды аттестаттаудан өтіп, негізгі орта білім туралы аттестат алды. Негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа 17 оқушы қорытынды аттестаттауда өз білімін растап, Үздік аттестат алды.

<https://drive.google.com/file/d/1TaBNBapmEvdpxmDHiiP5O1UBayeR-uNR/view?usp=sharing>

2022-2023 оқу жылында 11 – сыныпта өткізілген мемлекеттік емтихандарының қорытынды есебі

№	пәні	Жалпы оқушы саны	Емтихан тапсырған оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Білім сапасы	Үлгерім
1	Қазақ тілі	44	44	21	23	-	-	100%	100%
2	Алгебра және анализ бастамалары	44	44	16	26	2	-	95%	100%
3	Орыс тілі мен әдебиеті	44	44	14	29	1	-	98%	100%
4	Қазақстан тарихы	44	44	18	26	-	-	100%	100%
5	Таңдау пәні физика	44	14	5	9	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні химия		3	1	2	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні биология		4	2	2	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні география		2	2	-	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні геометрия		1	1	-	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні Дүние жүзі тарихы		2	2	-	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні Құқық		2	1	1	-	-	100%	100%

	негіздері								
	Таңдау пәні Қазақ әдебиеті		4	4	-	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні Ағылшын тілі		5	3	2	-	-	100%	100%
	Таңдау пәні информатика		7	7	-	-	-	100%	100%

2022-2023 оқу жылында 11-сыныпты 44 оқушы аяқтап, барлығы қорытынды негізгі орта білім беру курсы бойынша қорытынды аттестаттаудан өтіп, жалпы орта білім туралы аттестат алды. Жалпы орта білім туралы үздік аттестатқа 1 үміткер (Орынбек Каминур) қорытынды аттестаттауда өз білімін растап, Үздік аттестат алса, 3 түлек «Алтын белгі» иегері атанды (Ахмедиев Бекжан, Ғабит Жангүл, Смаилова Малика).

Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» және үздік аттестат алғандар саны

Оқу жылы	«Алтын белгі» аттестатын алған оқушы саны	Үздік аттестат алған оқушы саны
2023-2024 ож	5	15
2022-2023 ож	3	1

ҰБТ нәтижесі: 2023-2024, 2022-2023

	2023-2024	2022-2023
Түлектер саны	83	44
ҰБТ қатысу	100%	100%
Орташа балл	83%	75%

Кесте. Түлектердің ЖОО мен колледждерге орналасуы

Жылы	Барлық түлектер	Оқу орны					Оқу формасы		
		ЖОО			колледж		Грант/бюджет		
		саны	шетел	%	саны	%	саны	шетел	%
2022-2023ж	44	43	2	97			33	2	75%
2023-2024ж	83	83	4	100%			65	4	83%
2024-2025ж									

Көрсетілген кезеңдерде 11-сынып түлектерін жоғары оқу орындарына қабылдаудың орташа көрсеткіші 98% құрайды, бұл іске асырылған бейіндік пәндердің және қолданбалы курс бағдарламаларының нәтижесі. Білім гранттарымен бюджеттік орындарды иеленетін түлектердің пайызы (орта есеппен 79%), еңбек нарығының нақты қажеттіліктерін ескере отырып, білім алушыларды оқыту мен кәсіптік бағдарлауды дараландыруға бағытталған бейіндік оқытудың маңыздылығын көрсетеді.

9 сыныптарда кәсіпке дейінгі білім беру аясында кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізіледі. Бұл бағыт 9-сынып түлектерінің 10-сыныпта оқуын жалғастыру немесе колледждерде оқуын жалғастыру туралы шешім қабылдауы үшін қажет. Бұл жұмыстың нәтижесі 9-сынып түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижелерінде көрсетілген:

Кесте. 9-сынып түлектерінің оқу орындарына орналасуы

Жыл	Барлық түлек саны	Мектепте оқуды жалғастырды		Оқуды басқа мектептерде жалғастырды		Колледжге оқуға түсті	
		саны	%	саны	%	саны	%
2022-2023ж	95	79	83%	6	6%	10	1%
2023-2024ж	90	78	86%	1	0,1%	11	1%
2024-2025ж							

ҮІІІ. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы

2024 жылдың 11 қазанда Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ-де 9 сынып білім алушыларынан тест алынды. Тестілеудің алдында педагогтар мен ата-аналар арасында жүйелі дайындық, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Тестілеу барысында Ұлытау облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің уәкілетті өкілінің іс-қимыл алгоритмінде көзделген рәсімдер толығымен орындалды. Тестілеу басталғанға дейін сынып жетекшілері, мектеп әкімшілігі оқушылармен тестілеуді ұйымдастыру және өткізу ережелерін бұзуға жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді, білім алушылардың жеке істері дайындалды.

БССҚД өкілі тестілеу барысын бақылауды жүзеге асырды.

Компьютерлік тестілеу екі ауысымда жүргізілді. Барлығы 9-сыныптардан қатысуға жоспарланған оқушы саны 91, оның ішінде 89 білім алушы қатысты, бұл жоспарланған қатысушылар санының 98% құрады. 91 оқушының екеуі денсаулығына байланысты қатыса алмады, анықтамалары бар. Аталған оқушылардың құжаттары толық өткізілді.

9сынып– 91 оқушы

Барлығы 2 білім алушы анықтамалар негізінде тестілеуге қатысқан жоқ.

9-сынып білім алушыларын бағалау кезіндегі кешенді тестілеу қорытындысы

№	сынып	журнал бойынша оқушылар саны	қатысқан оқушылардың нақты саны	"5" баға алған саны	"4" баға алған саны	"3" баға алған саны	"2" баға алған саны	орташа балл	оң бағалар %
1	9 А	24	23	0	5	16	2	32,26	91%
2	9 Ә	24	24	1	3	17	3	32,5	87,5%
3	9 Б	22	22	0	4	14	4	33	82%
4	9 В	21	20	0	1	16	3	28,3	85%
Барлығы		91	89	1	13	63	12	31,6	86,5%

https://drive.google.com/file/d/1HcNBCZ_Cp2bJmN3g5F6aA9r2hPh_CPoG/view?usp=sharing

Әдістемелік ұсынымға 13-қосымша

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес.

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ 9 сынып педагогтары мен ата-аналарына және оқушыларына сауалнама жүргізу үшін арнайы телеграмм платформасында чат ашу арқылы онлайн форматта жүзеге

асырылды.

Сауалнамаға қатысушы білім алушылар саны – 92 (100%). Жауап беруші білім алушылардың 85% білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған. Білім алушылардың мектепке дұрыс қатынасы көрінеді.

Сауалнамаға қатысушы ата-аналар саны – 92 (100%). Жауап беруші ата-аналардың 98,8% білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған. Ата-аналардың мектеп қызметіне оң көзқарасы қалыптасқан.

Сауалнамаға қатысушы педагогтер саны – 34 (100%). Жауап беруші педагогтердің 91,1% сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған.

Сауалнама қорытындысының нәтижелері:

<https://drive.google.com/drive/folders/1RqpzS0uULwu69hrKTb8SCfC3f4pwRmfe?usp=sharing>

Қорытынды және ұсыныстар

Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ білім ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу аясында құрылған өзін-өзі бағалау комиссиясы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының, «Қазақстан Республикасы «Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ-нің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығының барлық параметрлері бойынша 2022- 2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының I тоқсаны аралығындағы оқу- тәрбие жұмысын талдай отырып, "үлгілі" деп бағалады. Негізгі орта және жалпы орта білім беретін білім беру ұйымының қызметін бағалау өлшемшарттары толық орындалды:

1. білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспары бар және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді (барлық бағаланатын кезеңдегі жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса берілген);

2. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспары бар және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

3. Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері бар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) бекітілген МЖМБС талаптарына және негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрықтарымен бекітілген "Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына" сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнының негіз болып табылады.

5. Тәрбие жұмысын іске асыру білім алушылардың субъективті жаңа білімді білуі мен игеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған, білім алушылардың рухани - адамгершілік азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтықта сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру арқылы іске асырылды.

6. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері) бекітілген оқу жоспары негізінде бейіндік оқыту іске асырылды.

7. Вариативтік компонентті таңдау бойынша курстарды және факультативтерді іске асыру негізгі білім беру мазмұнының оқу жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

8.«Өмір қауіпсіздігі негіздері" және "Жол қозғалысы ережелері" міндетті оқу курстарын зерделеу МЖМБС сәйкес оқу бағдарламалары негізінде жүргізілді.

9. Негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі 50% құрайды, бұл бағалауға сәйкес келеді. Республикалық және қалалық

зияткерлік олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі 3 жыл ішінде 51,4 % - дан астамды құрайды, бұл бағалауға сәйкес келеді. 3 жыл ішінде халықаралық немесе республикалық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің үлесі құрайды бұл «Үлгілі» бағалауына сәйкес келеді;

10. Интернет желісіне қосылуды 30 Мб/ астам жылдамдықпен жүзеге асырады, 3 көзден қосылғанда жалы мектеп бойынша 90 Мб бұл бағалауға сәйкес келеді;

11. 9-сынып параллелінде барлық тестіленетін пәндер бойынша (химия, қазақ әдебиеті таңдау пәні) білімнің бақылау бөлімдерінің қорытындысы бойынша оқыту нәтижесі 85,6% құрайды, бұл «өте жақсы» бағасына сәйкес келеді;

12. Сыныптардың толтырылуы мен оқу алаңының санитариялық нормаларға сәйкестігі орындалып отыр.

13. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы орындалды, мектепте медициналық кабинет бар, лицензиясы бар.

14. Мектептің өзінің оқу-материалдық базасы бар.

15. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталады және инвариантты және вариативті компонентті құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлеміне, сондай-ақ ҚББ ОЖБ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесіне сәйкес келеді.

Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауына арналған өлшемшарттары

№	Бағалау өлшем шарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100%	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (сонымен бірге басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100%	5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (сонымен бірге басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100%	5
4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлер педагогтердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	50%	5
5	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтар мен және жиһаз бен жарақтандырылуы	100%	5
6	Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)	100 %	5
7	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарынаарналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	100%	5
8	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар	100 %	5

	бөлінісінде)		
9	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау)	86,5%	5
10	Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	85%	5
11	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	95,7 %	5
12	Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау	92,1%	5
Қорытынды			60 балл («үлгілі»)

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 (I тоқсан) оқу жылдарында білім беру ұйымында оқу процесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес келеді. Білім беру ұйымының оқу үдерісі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарына сәйкес келеді. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар, ата-аналар мен ұстаздар білім беру ұйымының жұмысына қанағаттанған. 2022-2023, 2023-2024 2024- 2025 (I тоқсан) оқу жылдарында жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптары толығымен орындалған.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына және 04.10.2024 жылғы №2 педагогикалық кеңес шешіміне сәйкес «Білім беру ұйымының өлшегіштер бойынша қорытынды бағасы: «Үлгілі» деп табылды.

Комиссия төрағасы:

Д.О.Капарова

Комиссия мүшелері:

Ш.М.Калиханова

Д.Ж.Раимбекова

А.А.Жантенова

А.Л.Лазарева

Р.Т.Байжантаева

Г.Т.Тлеубергенова

Р.Т. Тусупназарова

Ә.Ж.Мизанбаева

Сейтмаганбетова Г.О.

Хатшы: